

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.КОЗЫБАЕВА

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан  
Жоғары Мектебінің академигі Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың 80 жас мерейтойына  
арналған  
«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары  
5 мамыр 2022 ж.



«НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ  
СОВРЕМЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ»

Материалы международной научно-теоретической конференции,  
посвященной 80-летию юбилею со дня рождения заслуженного деятеля  
Казахстана, профессора СКУ им. М. Козыбаева Заркына Сыздыковича Тайшыбай,  
внесшего значительный вклад в казахстанскую журналистику  
5 май 2022 г.

ПЕТРОПАВЛ, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан  
Жоғары Мектебінің академигі Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың  
80 жас мерейтойына арналған  
«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*(2022 жылдың 5 мамыры)*

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-теоретической конференции  
«НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ  
ЖУРНАЛИСТИКИ»  
посвященной 80-летнему юбилею со дня рождения заслуженного деятеля  
Казахстана, профессора СКУ им. М. Козыбаева Заркына Сыздыковича Тайшыбай,  
внесшего значительный вклад в казахстанскую журналистику

*(5 мая 2022 года)*

Петропавл, 2022

**УДК 070**  
**ББК 76.01**  
**М11**

**Редакторлар алқасы:**

**З.К. Картова** – т.ғ.к., Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы  
**М.Қ. Жақып** – ф.ғ.к., доцент, «Парасат» газетінің бас редакторы  
**Т.А. Морозова** – магистр, «Журналистика» кафедрасы меңгерушісінің м.а.  
**Ә.Ж. Саурбаева** – «Журналистика» кафедрасының PhD докторы  
**Г.Қ. Төлешева** – «Парасат» телестудиясының редакторы, оқытушы  
**Е.Е. Оразов** – магистр, «Парасат» газетінің редакторы  
**Н.Қ. Ахметова** – магистр, «Журналистика» кафедрасының оқытушысы  
**А.К. Шалабаева** – магистр, «Журналистика» кафедрасының оқытушысы

**С 23** М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың 80 жас мерейтойына арналған «Қазіргі заманғы журналистиканың ғылыми-педагогикалық аспектілері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары: Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022. – 105 бет, қазақ, орыс.

**ISBN 978-601-322-606-4**

Жинақта М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың 80 жас мерейтойына арналған «Қазіргі заманғы журналистиканың ғылыми-педагогикалық аспектілері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары қамтылған.

Бірінші бөлімде Зарқын Сыздықұлының ғылымға және журналистика саласын дамытуға сіңірген еңбегін сипаттайтын материалдар берілген.

Екінші және үшінші бөлімде қазіргі журналистиканың өзекті мәселелеріне арналған қазақстандық және шетелдік ғалымдардың, сонымен қатар жас зерттеушілердің ғылыми мақалалары жарияланған.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, құқық, экономика және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

**УДК 070**  
**ББК 76.01**

**ISBN 978-601-322-606-4**

© М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

### КІРІСПЕ СӨЗ

**Ерлан ШҰЛАНОВ,  
М.Қозыбаев атындағы СҚУ- дың  
Басқарма Төрағасы-Ректор**

**Құрметті Зарқын Сыздықұлы!**

**Құрметті конференцияға қатысушылар, әріптестер, білім алушылар!**

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы атынан Сіздің 80 жылдық мейретой күніңізге арналған жүрекжарды және ең жылы құттықтауларды қабыл алыңыз.

Саналы ғұмырыңызды ұстаздық, журналистикалық қызметке арнап, қазақ әдебиетінің өркендеуіне зор үлес қосып келесіз.

Білім беру саласының өркендеуі жолында адал қызмет етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып және тәрбиелеудегі ерен еңбектеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз!

Болашақ ұрпаққа берер құнды мұраңыз бен тәлім-тәрбиеңіз, жеткен биіктеріңіз, Тәуелсіз Қазақ елінің көркеюіне қосар қомақты үлесіңіз, білім алушылардың қанатын қатайту жолындағы еңбектеріңіз баянды болсын. Жарты ғасыр бойы аянбай тер төгіп, туған елімізге адал қызмет етіп жүрсіз. Сіздің шәкірттеріңіз әлемнің ақпарат кеңістігінде, Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінде адал қызмет атқаруда. Болашақ ұлт азаматтарын қалыптастыратын М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің тыныс-тіршілігі мен болып жатқан жаңалықтарын насихаттауға барынша атсалысып жүргеніңіз үшін алғысымыз зор!

Табанды еңбек пен ізденістің жемісі болған «Қазақтың ханы Абылай», «Абылай хан» сияқты көптеген туындыңыз оқырман жүрегінен лайықты орнын тапты.

Сіздің Қазақстан өркениетіне қосқан өлшеусіз еңбегіңіз ұрпақ үшін қымбат мұра.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, игілік пен табыс тілейміз. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуге деген қажырлы еңбегіңіз қашанда ақталып, әр бастамаңызға сәттілік тілейміз!

### ҚҰТТЫҚТАУЛАР

**А.Т. Қабдүлдинов**

*(Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі)*

**Құрметті Зарқын Сыздықұлы!**

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің басшылығы, жеке құрамы, ПО ардагерлері және өз атымнан Сізді мерейлі 80 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз қазақ баспасөзін зерттеп, бүгінде тамырын терең жаюына, өрісін кеңейтуге үлес қосып келе жатқан зерделі зерттеуші, ардақты ұстазсыз.

Ұзақ жылдан бергі еселі еңбегіңіздің жемісіне айналған тарих, әдебиет, журналистика саласындағы ғылыми зерттеулеріңіз, дәрістеріңіз арқылы өскелең ұрпақ

өлке тарихы, халқымыздың біртуар азаматтары – Абылай, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, баспасөз өнері жайлы құнды мәліметтермен танысуда.

Өңіріміздің іргелі оқу орнында қызмет атқарып, болмысы бөлек тұлғалардың өмір жолынан сыр шертетін шығармалар жазып, бірқатар игі бастамаға жетекшілік етіп, құнды жәдігерлер жайлы жинақтардың жарық көруіне, ойы ұшқыр, қаламы жүйрік журналистерді тәбиелеп, олардың шеберлігін шындауға атсалысып келесіз.

Сіздің журналистерді даярлау ісіндегі құнды еңбектеріңіз қазақ еліне ғана емес, алыс-жақын шетелге таныс әрі көзі қарақты оқырманның, қатарлас әріптестеріңіздің тарапынан лайықты өз бағасын алды.

Қанатыңыз талмай, қаламыңыздан тың шығармалар туындап, талантты журналистерді түлетіп, қажыр-қайратыңыз арта берсін!

Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық пен ортаймас несібе-дәулет тілеймін!

**Р. Жангулин**

*(Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі  
Медиа-орталығы бастығының орынбасары)*

Журналистикаға қалай келдің деген сауал туындағанда, ең алдымен есімі барша Алашқа мәшһүр Зарқын ағамыз туралы айтамыз. Осылайша ол кісінің қолынан тәлім алып, білім нәрімен сусындаған барша шәкірттері айтады десек, әсте қателеспейміз. Зарқын Сыздықұлының есімі Қызылжар халқына етене таныс. 20 жылдан аса ғұмырын осы өңірде өткізіп, жергілікті жерде оқу-ағарту, зерттеу жұмыстары бойынша көп еңбек сіңірді. Әсіресе, осы аралықта Зақаңның көптеген тың туындылары «Алаш баспасөзі», «Баспасөз тарихы», Абылай мен Абай тануға арналған тарихи еңбектері өмірге келді.

Зарқын ағайдың тәлім бергендегі асыл қасиеттерінің бірі – шәкірттерін бірден баурап алып, сабақтың басынан соңына дейін бір демде ұстап отыруы, тыңдаушыларға тақырыпты қызықты әрі ұғынықты түрде жеткізуі болып табылады. Бұл ретте ұлағатты ұстаздың шәкірттердің рухын көтеріп отыруы, қандай да болсын мәліметті білуге ұмтылуды үйретуі, әсіресе, кез келген ақпаратты терең білуге талпындыру қасиеттері ерекшеленіп тұрады.

Бүгінде ел ағасы атанған Зарқын Сыздықұлының шәкірттері жер-жерде, түрлі БАҚ, медиа саласында, баспасөз қызметтерінде жемісті еңбек етіп келеді. Оның әрбірінің ұстазға айтар алғысы шексіз. Ал ұстазы болса, шәкірттерімен мақтанады. Сондықтан біз, Қызылжарда қазақ журналистикасында білім алған Зақаңның шәкірттері, ұстазымызды мерейлі белесімен құттықтаймыз. Деніне саулық тілеп, ғұмыр жасы ұзақ болсын дейміз.

**Мәдениет СҚО Инстаграм парақшасынан алынды,  
12 сәуір 2022 жыл**

12 сәуір – Ғылым күні және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жарияланғанына 5 жыл толып отыр.

Білім мен ғылымға ұмтылу – табысты болудың көзі. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана мақсатқа жетеді.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық тіліміз бен өнерді, әдебиет пен мәдениетті, салт-дәстүрлеріміз бен тарихымызды өшірмеу - басты міндеттеріміздің бірі.

Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген ғалымдарымыз – М.Қозыбаев атындағы СҚУ оқытушысы, профессор, академик, филология ғылымдарының кандидаты, «Тіл жанашыры» төс белгісінің иегері Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың еңбегі өлшеусіз.

Сондай-ақ жуырда Ел Президентінің қолынан жоғары марапат – «Құрмет» орденін алған жерлесіміз, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры Сәуле Зейноллақызы Мәлікованың өңір тарихы мен ономастика саласын зерттеп, дамытуға қосқан үлесі зор. Олардың танымдық құндылығы мол «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері», «Атамекен атаулары», «Сыр сандығым – Қызылжар» деп аталатын еңбектері келешек ұрпақ үшін мирас болып қалмақ.

Жерлестерімізді бүгінгі атаулы мерекелермен құттықтап, ғылым мен білім, руханият пен ізгілік жолында толайым табыстар тілейміз!

\*\*\*\*

12 апреля – День науки и 5 лет со дня публикации статьи Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Стремление к знаниям и науке – источник успеха. В системе ценностей только нация, ставящая знание выше всего, достигнет успеха.

Само понятие «Национальная модернизация» означает совершенствование национального сознания. Не забывать наш национальный язык и искусство, литературу и культуру, традиции и историю – одна из наших главных задач.

Неоценим труд наших ученых – преподавателя СКУ им. М.Козыбаева, профессора, академика, кандидата филологических наук, обладателя нагрудного знака «Тілжанашыры» Зарқына Сыздықовича Тайшыбай.

Также большой вклад в изучение и развитие истории региона и сферы ономастики внесла директор Северо-Казахстанского государственного архива Маликова Сауле Зейноллиновна, недавно получившая из рук Президента страны высокую награду – орден «Құрмет». «Топонимы Северо-Казахстанской области», «Атамекен атаулары», «Сыр сандығым – Қызылжар» являются ценными изданиями для будущего поколения.

Поздравляем наших земляков с сегодняшними знаменательными праздниками и желаем дальнейших успехов на пути науки и образования, духовности и добра.

## **ПАМЯТЬ ЧЕЛОВЕЧЕСКАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНА**

**В.Т.Абишева**

*(доктор филологических наук, профессор Карагандинского университета  
им. Е.А. Букетова)*

С годами многое забывается, но тех людей, которые оставили глубокий след в душе и сердце, забыть нельзя. Один из них – Зарқын Сыздықович Тайшыбаев. Известный в стране журналист, видный учёный, чье имя знают далеко за пределами Казахстана, замечательный педагог, ставший Учителем для многих поколений журналистов. Величина. Человек ищущий и не желающий останавливаться.

З.С. Тайшыбаев – новатор по жизни, пионер по складу характера. Во многом первопроходец, как ледокол, идущий впереди, пробивающий рутину и шагающий в неизвестность. Он закладывал прочный фундамент во многие начинания в

журналистике, педагогике, науке, умело подбирая и объединяя вокруг себя единомышленников.

Как правило, общее представление о человеке складывается не только при чтении его научных трудов, книг, но часто – из разновременных эпизодов, встреч, личных отношений, мнений даже очень разных людей.

Вот лишь один штрих из его творческой биографии.

Когда в 1977 году в целях развития региона и выполнения продовольственной программы СССР решением руководства республики на юго-востоке Карагандинской области был создан новый район – Талдинский, с многообразной инфраструктурой: семь совхозов овцеводческого, мясомолочного, зернового, коневодческого направлений, а также крупное промышленное предприятие цветной металлургии – Карагайлинский горно-обогачительный комбинат, Кентобинское месторождение железных руд, большое количество объектов социального назначения, именно ему было доверено создать и возглавить районную газету «Шугыла-Восход», выходящую на казахском и русском языках.

Задача – далеко не из лёгких.

З.К. Тайшибаев, будучи уважаемым и авторитетным в области человеком, много и толково выступал как в прессе, так и на форумах разного уровня, отстаивая интересы и региона, и газеты. Он за рекордно короткий период сумел поставить дело так, что новое периодическое издание стало трибуной, которая предоставлялась разным категориям населения, как руководителям района, так и рядовым труженикам.

Газета пролагала себе дорогу по целине – не было ни опыта, ни традиций прошлого, ни квалифицированных кадров. Тем не менее, новый печатный орган не просто получил жизнь, уже с первых номеров он отличался содержательным характером, интересным, грамотным, оперативным освещением жизни района, поддерживал своих читателей добрым словом, хорошей новостью. От материала к материалу коллектив набирался опыта, рос профессионально. Пробовали писать и остросоциальные критические материалы, фельетоны, что в тот период требовало определённой смелости и отваги, поскольку в ряде случаев расценивалось как некая дерзость.

С той же энергией и энтузиазмом, с какими советские люди поднимали народное хозяйство, вели строительство важных объектов, учили подрастающее поколение, журналисты, вдохновляемые редактором Тайшибаевым, в нелёгких условиях делали свою газету.

Сегодня это уже история. Не перестаю удивляться силе воли и ума, организаторским способностям Заркына Сыздыковича, который на пустом месте сумел создать печатное издание, а несколько позже ещё и организовать радиовещание в районе, воспитать и сплотить молодой коллектив, которому под силу было в мороз и в пургу, в весеннюю распутицу и в летний зной, находясь в центре кипучих событий, без сотовых телефонов, без Интернета и пейджера, оперативно информировать своего адресата о злободневных событиях района, области, страны и мира.

И ещё о Тайшибаеве-новаторе. Он ощущает дыхание Времени. Нередко его инициативы обгоняют размеренный ход событий.

В сложные годы обретения независимости нашей страны ему первому пришла мысль о создании в Карагандинском государственном университете кафедры журналистики. С нуля. Не имея базы. Не имея кадров. Идею, к счастью, поддержали, но вся тяжесть создания нового подразделения факультета легла на его плечи. Совсем не было учебников. Карагандинские журналисты помогли собрать небольшую библиотеку из тех книг, по которым они учились сами. Благодаря общим усилиям собрали большой

шкаф методической литературы, полезной и студентам, и преподавателям. Мы стали создавать собственные учебные программы.

Сегодня уже и представить трудно, как в это нелёгкое во многих отношениях время Заркын Сыздыкович с надёжным и чрезвычайно ответственным коллегой, талантливым журналистом Еркеком Балташевым умудрялся организовать учебный процесс. Нам приходилось, как по крупицам, собирать и самим составлять учебные программы, оформлять многочисленную документацию, продумывать методику преподавания, вести занятия, нередко наталкиваясь на непонимание маститых коллег по факультету, недоверчиво наблюдающих за тем, куда приведёт это сомнительное, на взгляд скептиков, начинание.

Заркын Сыздыкович пользовался любым случаем, чтобы, благодаря своим связям и организаторским способностям, пригласить для чтения лекций, для беседы со студентами своих единомышленников, любого, компетентного в этой области специалиста, часто без опыта педагогической работы.

Известно, что журналистика – особая, специфическая учебная дисциплина, стоящая на грани теории и практики. Следовало сформировать концепцию подготовки кадров, исходя из условий новых казахстанских реалий. Студентов сразу надо погружать в практику, учить писать материалы в разных жанрах, для разных по формату изданий. Это великолепно и делали маститые журналисты, корифеи своего дела: Валерий Могильницкий, Владимир Рыжков, Магауя Сембай и другие, кто, согласно расписанию занятий, приходил к студентам из уважения к Зака.

Но была и другая сторона вопроса, о которой хорошо знают и к чему, как к данности, давно привыкли все преподаватели вуза: составление разного рода документации, отчётов, заполнение многочисленных журналов и т.п. Не всегда получалось у практикующих журналистов, многие из которых были руководителями изданий, вовремя приходиться на занятия или вообще приходиться в тот день, когда нужно. Конечно, всё это не нравилось руководителям факультета.

Вспоминаю, каким мрачным нередко приходил наш заведующий с очередных советов факультета, где ещё не вставшая на ноги кафедра, подвергалась нещадной критике - всегда находилось, за что нас пожуришь. Всю сложность, а порой и драматизм обстановки он пропускал через себя. Никогда не жаловался, не обвинял неопытный коллектив и не опускал руки. Очень нелегко было ему с нуля создавать кафедру и руководить ею, когда не было кадров, да и, как сейчас понимаю, не было особой поддержки.

К счастью, из Казахского государственного университета были направлены две очень способные, хорошо подготовленные выпускницы факультета журналистики: с казахского отделения – Мейрамхан Жапек, с русского – Татьяна Голубцова. Это, безусловно, спасло положение.

Мудрость и блестящие организаторские способности Заркына Сыздыковича Тайшибаева помогли кафедре выжить и встать на путь развития.

Сегодня об этих сложных годах становления мало кто вспоминает. Кафедра, которую в народе продолжают называть детищем Тайшибаева, успешно преодолела переходный возраст, и уже скоро мы будем отмечать её тридцатилетие.

Каждый, кто хоть немного знаком с профессором Тайшибаевым, кому довелось с ним общаться, кому посчастливилось быть его другом или коллегой, всегда ждёт очередной встречи с ним.

Заркын Сыздыкович – универсальный журналист, которому одинаково хорошо удаются и срочные репортажи, и искромётные фельетоны, и пространные статьи об искусстве. Он талантливый учёный, исследователь отечественной истории, автор



многих книг, которые помогают учиться многим поколениям студентов и магистрантов.

Уже сегодня его труды составляют золотой фонд литературы и журналистики.

Какую бы работу он ни выполнял, какую бы должность ни занимал, всегда делал это профессионально, с полной самоотдачей, завоевывая заслуженный авторитет и глубокое уважение среди друзей и коллег.

Не устаю восхищаться и другими талантами Зака. Он вдохновенный оратор, блестящий публицист, одинаково великолепно чувствующий красоту и родного, и русского слова. Безусловный эрудит. Немного романтик. Радует успехам друзей и коллег. Не терпит равнодушия и серости.

В медиасообществе страны его глубоко уважают как настоящего профессионала, человека энциклопедических знаний, который дал путёвку в жизнь не одному поколению журналистов. Главный капитал – это многочисленные ученики, которые сегодня работают во всех средствах массовой информации Республики Казахстан и за её пределами. Среди воспитанников – журналисты с мировыми именами, руководители ведущих СМИ, политики. А Зака остаётся таким же внимательным, ироничным и остроумным наставником.

Все мы с гордостью называем его своим Учителем.

Неустанный труд по воспитанию молодых журналистов, становлению мастеров СМИ, научная деятельность отмечены многими государственными и международными наградами и премиями.

Многие годы по жизни с ним идёт его музатворчества, его обаятельная супруга Гулечка, которая не только вдохновляет, поддерживает многочисленные начинания, она и сама полна идей и обладает многими талантами.

Стремительно летят годы. Сменяются поколения. Заркын Сыздыкович неизменно молод, полон творческих сил и энергии. Пусть так будет ещё долго!

Пусть каждый новый день приносит радость, счастье и любовь!

## **1 СЕКЦИЯ. ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ З.С.ТАЙШЫБАЙДЫҢ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЖОЛЫ**

### **АЛАШ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ**

**Бауыржан ЖАҚЫП,**

*(Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары,  
Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор)*

Осыдан көп жыл бұрынғы бір оқиға есіме түсіп отыр. КазМУ-дың журналистика факультетінің кезекті отырысы-ау деймін, әр нәрсеге таңғала бермейтін Темекен (профессор Т.Қожакеев): “Мен Қарағандыға барып келдім. Сондағы университетте журналистикадан мемлекеттік емтиханға төрағалық еттім. Алғашқы бітірушілерінен емтихан алдым. Он-шақты бала бітірді, кәдімгідей жап-жақсы. Мұнда бәріміз жабылып жүріп істейтінімізді ол жақта өзіміздің Тайшыбаев жалғыз атқарып жатыр. Ырза болдым. Өне, ұлан-байтақ Қазақстанда журналистер даярлайтын екінші мектеп ашылғаны жақсы емес пе?! Бұл – үлкен оқиға. Тәуелсіздігіміздің тағы бір жемісі”, – дегенде, факультеттегі бәріміз де желпінісіп қалғанбыз.

Келесі жылы сол Қарағандыға мемлекеттік емтиханға мені шақыртты. Одан кейін Марат Барманқұлов, Сағынбай Қозыбаев ағаларымыз кезек-кезек Қарағандының болашақ журналистерінің тұсауын кестік. Жас кафедраға көмектестік. Сонда жаңа мамандықтың жүгін жалғыз арқалап, орысы мен қазағына, барлық пәндерден әуелде жалғыз өзі сабақ беріп, жергілікті журналистерден оқытушы жасап, тәрбиелеген Зарқын Тайшыбай ағамыздың ұйымдастырушылық қажыр-қайратына тәнті болғам. Сол кафедраға кандидат, доктор даярлауға қосқан үлесім бар екені де маған қуаныш. Одан кейін, шүкір, елімізде әр жерде журналист оқытатын болды ғой.

Айтайын деп отырғаным – Алматыдан басқа қиырында журналистер даярлау ісінің бастауында тұрған және жай ғана тұрмаған, өзіндік тарихы, дәстүрі қалыптасқан Қарағанды мектебінің негізін салған, қазақ журналистикасының білікті тарихшысы Зарқын Тайшыбайдың кезекті мерейтойына байланысты. Он жеті жасында қолына қалам алып, Семей мен Қарағандының тең ортасындағы Қу аудандық “Ленин туы” газетінде жұмыс істей бастаған әріптес ағамытүкпіріндегі қазақ балаларының бағын ашқан Зарқын Сыздықұлының ел үшін, ұлт үшін бүкіл шығармашылық жолы көз алдымызда. 2000 жылы Петропавлға ректор Ғалымқайыр Мүтәнов аттай қалап, шақырып әкелгеннен бері мұнда да журналистика мамандығын ашып, елдің тағы бір н атқарып келе жатқан еңбегі жемісті.

«Қызылжар» деген тамаша атын қайтарып ала алмай келе жатқандығы болмаса, соңғы жылдары бұл қаланың қазақшасы қалыптасып, алаш дәстүрі қанат жайып келеді. Солтүстік Қазақстан университеті Қазақстанның қиырындағы бір тірегі болса, сол университеттің профессоры Зарқын Тайшыбай қазақ ғылымы, мәдениеті мен тарихының сондағы бір діңгегі деп білемін. Осыдан он жыл бұрын, жетпіске толғанында жүрегі алаш деп соққан ағамыздың жасына жас қосылсын деп бірер шумақ арнаған едім. Соның ішінде мынадай сөздер бар екен:

Қазыбек биден сөз дарыған еді,  
Мәди бабадан саз дарыған еді,  
Қасымнан отты көз дарыған еді,  
Қарқаралыдан қан дарыған еді,  
Жанақ ақыннан жан дарыған еді,  
Тәттімбет тәтемнен күй дарыған еді,

Өміре әкемнен ән дарыған еді...

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың он монография, 11 оқулық пен оқу құралының авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектебі ұлттық ғылым академиясының академигі, құрметті журналист, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2012» атағының иегері, А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор», бірнеше университеттің құрметті профессоры атақтарын айтпағанның өзінде елге сыйлы, отаншыл, адал еңбеккер, үлгілі ұстаз екенін айтып, қоя салсам да жеткілікті-ау.

Заханды ғылымға әкелген диссертациясының өзі «Абайтанудың революцияға дейінгі қайнар-көздері» деген тақырыппен қазақ әдебиеттану ғылымы арыстандарын таңғалдырғанына өзім куәмін. Академик Рымғали Нұрғалиевтің мына сөздері есімнен кетпейді: «Зарқын Тайшыбай сонау Қарағандыдан келіп, Абай туралы диссертация жазып едім, соған жетекшілік етсеңіз», – деп қарап тұр. «Мұхтар Әуезовтен бастап, қаншама қазақ зерттеген Абайдан не қалып еді. Мынау бір есі бүтін емес жігіт немесе данышпан шығар, деп ойладым. Жұмысын қарасам, шынында данышпан екен. Тез Түрсекеңе сөйлесіп, талқылаудан өткізіп алдық...». Сол жұмысты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторлық кеңесінде Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов бастаған он тоғыз профессордың алдында қорғады, ұлы Абайдың шығармашылығы туралы алқалы топтағы қызу пікірталасты көрсеңіз!

– Сол әсерді әріптестеріміз Өмірхан, Дандайлар кейін де айтып жүрді, «бір тамаша, қызықты қорғау болды», – деп. Диссертант біз білетін Абайға жаңа қырынан келіп, оның ақындық ұстаханасына үңіліп, шығармашылығын мәтінтану тұрғысынан зерттеген. Абайдың өзі оқыды-ау деген орыс-қазақ мерзімді баспасөзінің нұсқаларын талдап, ұлы ұстаздың ғылыми ой-пікірінің қалыптасуына әсер етуі мүмкін деген қайнарларға нұсқап, дәйекті дәлелдермен бекітті. «Абайтану мұнарасына қаланған бұл да бір кірпіш», – деп тарасты ғұламалар.

Профессор Тұрсын Жұртбай айтады: «Хайыржан Бекхожиннің екі-ақ шәкірті болды: біреуі мен, екіншісі Зарқын Тайшыбай», – деп. Онысы рас. Кеңес заманында «революцияға дейінгі дәуір» аталатын XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзін алғаш зерттеген Хайыржан Бекхожин мен Бейсембай Кенжебаев болатын. Қожакеевтің бірер мақаласы болды. Тақырып қиын, кеңес заманы, Әлекеңдер мен Ахандардың қолтаңбасын көрсе, төбе шашы тік тұратын кез еді ғой. Әрі араб әлібін білмегеннің тісі батпайды. Сондай кезде шәкірт іздеген профессор Бекхожин әркімнің тамырын басып көрсе керек. Хайрекең өзі қорғағанда саяси жағынан бір кезде таяқ та жеген, сол үшін әлі қорқады, алаш десе, аяғын тарта басатыны да түсінікті. Сондайда өзіне сенімді деген, қолынан келеді-ау деген бірен-саран студентке тақырып береді екен. Жетпісінші жылдардың басында Зарқын Тайшыбайға «Революцияға дейінгі дәуірдегі қазақтың демократ журналистерін» ұсынған. Ахаң мен Міржақыптарды демократ деп таныстырмақ болған. «Сол аспирантым жоғары партия мектебіндегі оқуымен үйлеспейтін тақырыпты аяқтай алмай ауылға кетіп қалды», – деп отырушы еді жарықтық. Тәуелсіздік алғаннан кейін Зарқын ағамыз ертерек жиған материалдарын ұқсатып, қазақ баспасөзінің тарихынан кесек-кесек мағлұмат берді. «Баспасөз тарихы», «Алаш көсемсөзі» деген оқу құралдарын жазып, шәкірттеріне ұсынды. Тарихшы профессор марқұм Қамбар Атабаев З.Тайшыбайдың баспасөз тарихынан жиған деректерінің өзіне қандай көмек болғанын айтып отырушы еді.

Профессор З.Тайшыбайдың Абайтану, Алаштану, баспасөз тарихы салаларынан жазған еңбектері туралы ауыз толтырып айттық. Соларға Мағжан ақынның өмірі мен қызметін таза архив деректері негізінде зерттеп, насихаттағанын қоспасақ, ақиқатқа қиянат. Кейін Мағжан елінде жүріп, бір шеті Қазан, бір шеті Мәскеу мен Ташкентте жатқан материалдарды жинап, Қызылжар архивіндегі құжаттармен байытқан

«Мағжанның Қызылжары» монографиясы қайраткер ақын туралы әр қазақтың түсінігін кеңейтті. Ол осылай 1918 жылы Қызылжарда шығып тұрған «Жас азаматтан» бастап, «Кедей сөзі», «Бостандық туы» газеттерін қолымен құрып, тамаша көсемсөз үлгілерін берген мағжантануға да үлес қосты. Мағжанның уақыт пен ортаға көзқарасы, ұлтшылдық болмысы, қоғамдық-саяси ұстанымы, әуелі Міржақып Дулатовтың ықпалымен қалыптасты деген зерттеушінің дәлел-тиянағы берік. Бұл – терең зерттеу, салыстыра, тексере жасалған байлам екеніне көзіміз жетті.

Өзіміз де мұхтартанушылар санатынан болған соң бұл профессордың Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына байланысты жазғансызғандары, әсіресе маған жақын болатын жөні бар. Осы тұрғыда З.Тайшыбайдың республикалық баспасөз бетінен көрінген «Мұхтар Әуезов өмірінің бір кезеңі», «Қазақстан қазақсыз қалмасын», «Мұхтар Әуезовтің жанайқайы» сияқты деректік құны бағалы мақалалары екінің бірінің қолынан келе бермегенін де айтуға тиіспін. Автор біліп жазады, қаза тексеріп, өзінен бұрын айтылмады-ау деген буындарға салмақ сала, оқырманының ойын қозғап жазады. Ана бір жылдары баспасөзде көрінген «Алаш қайраткерлері Сталиннің қабылдауында» деген мақаласының өзі неге тұрады. Оның шығармашылығына тән осындай қасиеттері ерекше.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы кім көрінгенге беріле салмасын білеміз, сонда да профессор Зарқын Тайшыбайға бұл атақ оның абылайтануға сіңірген еңбегіне лайықты баға дегім келеді. Ежелден ел аузында аңыз-әпсана кейіпкері ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан Абылай хан тұлғасы қазақ Тәуелсіздік алардың алдында-ақ атой сала бастады. Соңғы 25-30 жылдың бедерінде ұлы ханның есімі ерліктің, еркіндіктің, байлық пен бақыттың белгісіндей көк тумен қатар асқақтай берген. Абылай хан туралы әрбір қазақ айтып қалуға, жазып қалуға ұмтылды. Айтты да, жазды да. Тарихшылар бастап, ақын-жазушы қостап дегендей. Байқаймын, солардың ортасында қызылжарлық профессор Зарқын Тайшыбайдың еңбектері өте-мөте мәнді-маңызды, ерек еңселі көрінді. Бұл – жалғыз менің ғана пікірім болмаса керек. Енді осы жөнінде біраз сөз. Себебі бұл төңірекке менің де қатысым бар. Зарқын Тайшыбайдың «Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар» деген сыпайы атпен шыққан 500 беттік қызыл мұқабалы кітабы еліміздің ақпарат әлемінде бұрын айтылмаған жаңа сөз болды. Осы еңбекті алғаш байқап, бағасын берген марқұм профессор Ақселеу Сейдімбек еді ғой. Қазақ тарихы десе жанып түсетін. «Egemen Qazaqstan»-ның 2005 жылғы 1 наурыздағы санынан қиып алып, сақтап қойыппын. Жаңа кітаптың деректі, танымдық, ғылыми құнын жоғары бағалай келіп, Ақаң мынадай тұжырым айтады: «Кітапты оқып танысқан адам мұндай еңбек тек жанкешті, «жалаңтөс» зерттеушінің қолынан ғана келгеніне көз жеткізеді. Оның мәнісі – тұтас бір ғылыми-зерттеу институты әлденеше жылда орындай алатын еңбекті бір ғана зерттеушінің сәтімен тындырып, қолымызға бергендігінде деуіміз керек». Абылай атын аңыздан осылай арашалап, қалың қазақтың өз тілінде қоспасыз таза деректер берген автордың бұл олжасы ұлттық тарих ғылымындағы сәтті талпыныс еді. Бірақ, неге екені белгісіз, құрметті тархшыларымыз көрмегенсіп, үнсіз қалды. Анда-санда үзінді алып, сілтеме жасағаны болмаса.

Бірақ зерттеуші Зарқын Тайшыбай мұнымен тоқтаған жоқ. Абылайтанудың тарихнамалық және тарихи проблемаларын «Қазақстанның тұрақты дамуының негізі болып табылмақ ұлттық идеяны қалыптастыру үдерісі» деген тақырыпта конкурсқа қатысып, 2007 және 2013 жылдар арасында «Еліміздің зияткерлік әлуеті» бағдары бойынша екі рет мемлекеттік грант жеңіп алды. Сол қаржыға бұрынғы зерттеулерін жалғастырып, Мәскеу мен Санкт-Петербург, Омбы архивтерін айлап жатып ақтарды. Жасаған жұмыстарының бір бөлігін республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасына ұсынып, 2011 жылы 1260 бет екі томдық зерттеуін мемлекет қаржысына «Қазақтың

ханы – Абылай» деген атпен бастырып, таратты. Абылай ханның өмірі мен қызметіне байланысты 600 құжат, түсінігімен, монографиясымен беріліп тұрса, мұның ішінде 250 құжат ғылыми айналымға тұңғыш рет қосылып отыр. Автордың айтуынша, бұл қостомдық әлі де жартылау шаруа болса керек. Қалғаны кезекте.

Енді міне, былтырғы жылдың соңын ала «Абылай хан тарихын» үш томдық түрінде бітіріп, тағы ұсынды. Аса құнды еңбек.

2013 жылы Абылай ханның 300 жылдығы мемлекеттік деңгейде атап өтілгенде есте қалғандай бір белгі «Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясы еді ғой. «Қазақ энциклопедиясы» баспасының директоры әрі бас шығарушысы ретінде мемлекеттік тапсырыс алған бойда мен көрнекті абылайтанушы ретінде редакция алқасы құрамына М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Зарқын Тайшыбайды енгіздім. Оным ақталды. Энциклопедия – білім кені, халық қазынасы болса, Абылай хан туралы ғылыми, біліми-танымдық еңбекке бағалы үлес қосқан зерттеуші ағамыздың ғалымдық тұлғасы тағы бір кез биіктеп кеткенін көріп отырмыз.

Бір адамға жетерлік осыншама құрмет пен мадақ, әрине, бұрын да айтылуы керек еді. Бірақ сәті енді келіп қалыпты. Әріптес журналист әрі ұстаз, әрі ғылым қайраткері Зарқын ағамыз 80-ге толып отыр.

## **ЗАРҚЫН ТАЙШЫБАЙ - ҚЫЗЫЛЖАР Өңірінің тарихын зерттеуші ҒАЛЫМ**

**С.З.Мәлікова**

(СҚМА директоры, тарих ғылымдарының кандидаты)

Бүгін білімнің, талаптың, көкірек көзінің не екенін байыптайтын, дұрысы – байыптатаатын тұлға туралы сөз қозғағым келеді. Ол тұлға – Зарқын Тайшыбай! Өңірімізде көзі ашық жанның бәрі бұл тұлғаны білімдіден шыққан сөзді жастай ұққан азамат деп; даналардың сөзі талаптанған бозбала күнінен санасына құйылған зерделі деп; сан ғасырлық ұлт рухани байлығының нұрын, сырын жүрек көзімен байқап, халқына жүйелі жеткізген қарымды қаламгер, батыл ғалым деп таниды.

Зарқын Сыздықұлы «80» деген белесіне том-том кітаппен, десте-десте зерттеумен, «Мағжан-Жұмағали-Смағұл топырағынан шыққан бүгінгінің бетке ұстар зиялысы», «айтулы абылайтанушы, абайтанушы, мағжантанушы, алаштанушы» деген жақсы атақпен жетті.

Мәдениет, баспасөз, ғылым орталықтарында қызмет етті. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің рухани-интеллектуалдық әлеуетін көтерді.

Тірнектеп жинап, түбін қопара зерттеп, көз майын тауысып, жылдар бойына архивтерде отырып еңбек етуге екінің бірінің, егіздің сыңарының қайраты жетпейді. Ол үшін аса зор табандылық керек. Шыдамның шегін көрсетер, төзімді түгел тауысар ауыр жұмысты ұлт алдындағы жауапкершілігін сезіне алған азамат қана атқара алады. Жұрт жұмысын жанын салып істейтін ғалымдардың бірі – бүгінде сексен жастың жотасына көтеріліп отырған ардақты азаматымыз Зарқын Сыздықұлымен біздің қызмет жолымыз тығыз байланысты.

Зарқын ағай түбегейлі ғылыми-танымдық деректі шығармалар жолына түсіп, таза зерттеушілік қызметпен айналысып, архивтерді ақтарды, сарғайған газет-журналдан, сирек қолжазбалар бетінен тарихи тың мағлұматтарды тауып, ғылыми айналымға енгізіп, ақтаңдақтардың ақиқатын ашты. Ғалымның қаламынан туған монографиялар, құнды тарихи еңбектер мен ғылыми мақалалар архив құжаттарын байытып, өте жоғары бағаланды. Абайтанудың көкейкесті мәселелері автордың «Абай

және баспасөз» (Революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің материалдары бойынша, Қарағанды, 1997) және «Абайтану арнасында». (Абайтанудың қазіргі көкейкесті мәселелері, Астана, 2006) монографиялары мен ғылыми мақалаларында жаңа қырынан зерттелген. Қарағанды және Солтүстік Қазақстан университеттерінде жиырма жылға таяу абайтану дәрістерін алғаш бастап, жүргізіп келеді.

СҚМ архиві құжаттарының негізіндегі автордың қаламынан туған «Мағжанның Қызылжары» («Астана-Полиграфия», 2007) монографиясы ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтарды нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен байытқан бірегей құнды еңбек ретінде бағаланды. Осы еңбекте алғаш рет «Мағжанның өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері» деген анықтама деректер беріліп, ұлы ақынның шығармашылық өмірбаяны ғылыми түрде тұңғыш рет уақыт ретімен, уақиғалар желісімен нақтыланды. Мағжан Жұмабаевтың ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Алашорда үкіметі құрамындағы журналистік, публицистік қызметтері, 1918 жылы Петропавлда «Жас азамат», 1920-1922 жылдардағы «Кедей сөзі» және «Бостандық туы» газеттерін ұйымдастырған еңбегін жан-жақты ашты.

Зарқын Тайшыбай соңғы 20 жыл бойы абылайтану тақырыбымен үзбей айналысып келеді Автордың «Абылай хан» (құжаттар мен материалдар жинағы, 32 б.т. «Астана», 2005) кітабы қазақ тілінде 10 мың дана болып басылып, бүкіл елімізге тарады. Кітапта қазақ тіліне тұңғыш аударылып, уақыт ретімен тізілген жазба деректер ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихын зерттеушілерді қызықтырды, Абылай тақырыбына қалам тартқандардың әрқайсысы бұл еңбекке соқпай кеткен жоқ десе болады. «Елдің зияткерлік әлуеті» бағыты бойынша «Абылайтанудың тарихнамалық және тарихи проблемалары» тақырыбы үшін қатарынан екі рет алты жылға (2007, 2011) мемлекеттік грант жеңіп алған жалғыз зерттеуші. Оның «Қазақтың ханы – Абылай». Заманы, өмірі, қызметі», (80 б.т. Алматы, «Ел-шежіре», 2011) деген атпен екі томдық Іргелі зерттеу еңбегінде Абылай ханның тарихнамасы мен тарихына қатысты 600-ге тарта құжат, мұның ішінде Ресей архивтерінен тұңғыш рет ашылған 250 құжат ғылыми айналымға енгізілді. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихына қалам тартқан зерттеушілердің бұған соқпай кеткені жоқ. Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналып, 2013 жылғы 5-6 қазан күндері өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда тақырыптық көрмеде бұл басылымдарға көрнекті орын берілді.

«Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясын («Қазақ энциклопедиясы», бас редакторы Бауыржан Жақып. Алматы, 2013, 55,9 б.т.) шығару алқасына мүше ретінде еліміздің айтулы ғалымдары қатарынан орын алды. Әрі авторы ретінде маңызды зерттеулерімен танылды. Энциклопедияда 3. Тайшыбайдың өз атынан жазылған 37 мақалаға орын берілген, басқа жүзден аса мақала осы зерттеушінің еңбектеріне негізделген.

«Абылай хан тарихы» деп аталған үш томдық ХҮІІІ ғасырдағы қазақ хандығының тарихын Абылай хан (1713-1780) өмірі мен қызметіне байланысты кең көлемде, кешенді қамтыған Қазақстандағы тұңғыш іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Автор Қазақ хандығының тарихын зерттеуге арналған көп жылғы ізденістерінің нәтижесінде Абылай ханның тарихи бейнесін қалпына келтіруге ұмтылған және жазба деректер негізінде абылайтанудың ғылыми негізін салған.

Қазақстан Тәуелсіздігі жағдайында, соңғы 20 жыл бойы дайындалған бұл еңбекте қазақ ұлтының өткен тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне, қазақ мемлекеттілігінің тарихи кезеңдерін танып білуге ықылысты тарихшыларға, елтанушыларға, заңгерлер мен саясаттанушыларға, экономистерге, әдебиетшілер мен тілшілерге аса қажет және қымбат деректер қамтылып, ғылыми деңгейде сарапталып, талданып, байыпты түрде түсіндіріліп берілген.

Автор тарихи оқиғалар мен құбылыстар жөнінде ХІХ ғасырдың басынан бері, осы уақытқа дейін жарық көрген орыс, қытай, қазақ, кеңес зерттеушілерінің пікірлері мен тұжырымдарын қазір анықталған деректер негізінде З.С. Тайшыбай қайта қарап, ғылыми тұрғыда негіздей отырып түзеткен.

Абылай сұлтанның туған, өмірден қайтқан жылдары туралы екі ғасыр бойы жаңсақ қабылданып келген мәліметтер нақтыланған.

Абылай сұлтанның жастық шағынан бастап, қайраткер тұлғасында қалыптасуы жөнінде аңыз деңгейінде ғана айтылып жүрген және белгілі дәрежеде дерек ретінде халық санасына сіңіп қалған кейбір деректер жаңа мағлұматтарға сай түзетілген. Абылай сұлтанның ерліктері, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі, оның кезіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты тұңғыш рет жан-жақты ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алынып, жазба құжаттар негізінде салыстырыла талданған.

Абылай ханның адам, тұлға ретіндегі бейнесін сыпаттайтын деректер өте құнды. Ұлы ханның көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастары, халық тыныштығы мен шаруашылығы, қазақ жерінің тұтастығы жолындағы қажымас күресі мен мәмілегерлік амалдары Отанымыздың тәуелсіздігін нығайту жолында келешекке де үлгі-өнеге болатыны дәлелденген.

«Абылай хан тарихы» деген іргелі еңбегі нәтижесінде әріптесіміз, З.С. Тайшыбай Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға. Бірақ, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін, сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағлым алу үшін жасауымыз керек...» деген тапсырмасын орындаған және бұл тақырыпта қазіргі Қазақстан тарих ғылымында алғаш жол салған.

Зерттеулердің нәтижелері қазірдің өзінде қолданыс тауып, жоғары оқу орындары мен мектептерде Қазақстан тарихы бойынша дәріс беруге пайдаланылуда.

Абылайтану саласындағы көп жылғы еңбегінің дәлелі болатын құжаттар мен жоба-жоспарларды, автордың жазбаларын СҚО мемлекеттік архивіне тапсыру жөнінде З.С. Тайшыбайға ұсыныс жасап отырмыз. Көп ұзамай сол құнды деректерді алып, мұрағаттан жеке қор ашу жоспарлануда.

2001 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өзі құрған «Атамекен» этномәдени ғылыми-зерттеу Орталығы аясында З. Тайшыбай еліміздің теріскей аймағының тарихы мен топонимиясын зерттеп, өлке тану тұрғысында бірқатар құнды еңбектер берді, зерттеушілер тобына жетекшілік етеді. Өлке тарихына байланысты нақты деректерге негізделген «Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттері (1917-1936 ж.) және «Қазақша жастар баспасөзі», «Абылай атын ардақтап», «Мағжанның Қызылжары», «Сыр сандығым –Қызылжар», «Есіл даласы»-100 және «Жас азамат» - 95» (Петропавл, 2014, 11 б.т., С. Мәліковамен бірге), деген монографиялары тікелей осы Солтүстік өңірдің тарихына арналған. Автор бұл зерттеулерінде Есіл өлкесін ежелден мекендеген қазақтардың алды үш жүз, соңы екі жүз жылдық өмірі мен тұрмысын талдайды. Бұл тақырып (А. Ыбыраева, С. Мәліковамен бірге жазған) «Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым» деген көлемді монографияда (2016, 300 бет) одан ірі дамытылған. Ономастика мәселелеріне арналған «Атамекен атаулары». (К. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспановпен бірге) 2015, 350 бет.) деген ғылыми еңбекте ежелгі Есіл бойының тарихи топонимиясына байланысты көптеген қызықты деректер тұңғыш рет ғылыми жүйеленіп, жарық көрді. Әсіресе, осыдан екі жүз жыл бұрынғы жер-судың, қазақтың қоныстарының 2500-ге тарта атауы антропонимдердің, этнонимдердің ғылыми-танымдық құны қымбат.

«Қазақстан білім беру саласының Құрметті қызметкері» (2002), жаңа тұрпатты оқулықтар жасағаны үшін А. Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» төс белгісімен (2007), «Қазақ тілінің жанашыры» төс белгісімен (2009), Қазақстан республикасы Білім

министрлігінің Грамоталарымен (1999, 2014), Байланыс және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен (2011), Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары Әкімінің Құрмет грамоталарымен, Республика журналистер одағының Құрмет дипломымен марапатталған, Республика Ішкі әскерлер қолбасшысының төс белгісін (2012), «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағын алған. 2012 жыл «Республика жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» құрметті атағын лайықты иеленді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығымен З.С. Тайшыбайға Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Құрметті атағы берілді.

Сонымен қатар, Зарқын Тайшыбай бүгінгі таңда Президент Қ.К. Тоқаев бастамасымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның аймақтық «1916-1930 жылдары түрлі зорлық-зомбылық саяси науқандары мен ашаршалықты өткізу барысында мемлекеттің жазалаушы акциялары мен биліктің саяси қуғын-сүргіндері нәтижесінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды зерттеу, оңалту бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу жөніндегі» жұмыс тобының жетекшісі.

Ұлтымыздың тарихы мен әдебиеті қос қанаты іспеттес болған Зарқын Тайшыбайды бәрі ұлағатты ұстаз, саналы ғұмырын отандық ғылымды дамытуға арнаған айтары мол, тәуелсіздік жылдарында ұлт санасын жаңғыртуға сүбелі үлес қосқан азамат ретінде біледі, құрметтейді. Дара тұлға Абылайды, ұлы Абайды, солтүстіктің жұлдызы Мағжан Жұмабайұлын, өткен ғасырда қазақты ұлт ретінде жаңа сатыға көтерген Алаш қайраткерлерін тыңғылықты зерттеп, көптеген құнды еңбектер жазып, көп жылдар көз майыңызды тауысып, архив ақтардыңыз, бұрын бізге беймәлім болып келген тарихи ақтаңдақтарды, құнды құжаттарды жарыққа шығарып, ғылыми айналымға енгізіп, өлкеміздің тарихын зерттеу жолында қажырлы еңбек атқардыңыз. Кітап боп қапталған құнды еңбектеріңіз әлі талай буынға рухани азық болары сөзсіз.

Қазақстан тарихы қайта қарауды, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ал оны іске асыру – тарихшыларымыздың басты міндеті. Ендеше өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасап, тарихи сананың іргетасын бірге қалайық. Ортақ іске сәттілік тілеймін, құрметті әріптестер!

Құрметті Зарқын Сыздықұлы! Егемен еліміздің тарихы мен әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, оқырманның шынайы құрметіне бөленген өзіңді аса көрнекті ғалым ретінде қадірлейміз. Елдікті арқау еткен туындыларыңыз жас ұрпақты елі мен жерін сүюге тәрбиелеуде алар орны ерекше. Ұлт руханиятына қосып жатқан қажырлы еңбегіңізге толағай табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға мандық тілеймін!

## **ҒАЛЫМ, ПУБЛИЦИСТ З.С. ТАЙШЫБАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНДЕГІ ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Асан Қойлыбай**

*(Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті)*

Кешегі кеңестік заманда Отандық журналистика мамандарын даярлайтын жалғыз оқу орны Алматыдағы С.М.Киров атындағы ҚазГУ-дің журналистика факультеті еді. Кеңестік Қазақстандағы он тоғыз облысты журналистермен қамтамасыз ету сол жалғыз факультеттің құзырында ғана болды. Соның салдарынан орталық, солтүстік, батыс, шығыс өңірлерінде журналистика мамандығына деген тапшылық аса зәру мәселеге айналды. Бұл өңірлердің мерзімді басылымдары мен телерадио орындарында филолог,



тарихшы қала берді физика, техника саласын бітіргендер журналистика мамандығының қызметтерін атқаруға тура келді.

Отандық журналистикадағы күрделі проблеманың түйінін ең алдымен Орталық Қазақстан өңірі, дәлірек айтсақ, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті қолға алды. 1993 жылы Тәуелсіз Қазақстан Республикасында Алматының ҚазМУ-інен кейінгі екінші журналистика мамандығы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың шаңырағында бой көтеріп, ірге тасы қаланды.

Қарағанды Мемлекеттік университетіндегі журналистика кафедрасының алғашқы қазығын қағып, қалыптасып, қанаттанып кетуіне себепші болған, әрі осы істі үлкен қажырлықпен жүргізген көрнекті ғалым-публицист, тарихшы-өлкетанушы Зарқын Сыздықұлы Тайшыбаев болды. Зарқын Сыздықұлының бұл бастамасына университеттің сол жылдардағы ректоры, профессор Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев барынша қолдау көрсетті.

Міне, содан бері сынаптай сырғып отыз жыл да өте шықты. Биыл Қазақстан жоғары оқу орындары ішінде журналистика мамандығын екінші болып ашқан Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың журналистика кафедрасы өзінің отыз жылдық мерейтойын атап өту шарасына дайындық үстінде.

Отыз жыл аз уақыт емес. Кезінде басқа кафедраларға телініп мамандық ретінде ашылған журналистика кафедрасы қазір университеттің қабырғалы білім ордаларының бірі. Қазақстанда болып жатқан білім реформаларына сай журналистика кафедрасыда жаңару мен жаңғырудың сан түрлі өткелдерінен сүрінбей өтіп, қазір заманауи оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық базасы қалыптасқан іргелі білім беру саласының біріне айналды. Әрине, кафедраның отыз жылдық тарихында Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың ұстаздық жолы мен азаматтық тұлғасы кейінгі әріптес іні-қарындастарына бағыт-бағдар, үлгі болғаны сөзсіз.

Университет басшылығына халқымыздың зиялы азаматы, әдебиет пен мәдениеттің білгірі, тарих пен дәстүрдің үлкен жанашыры Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековтың келуі Орталық Қазақстандағы журналистика кадрларын дайындау үрдісіне ерекше серпіліс беріп, кең тыныс ашты. Қазіргі таңда журналистика мамандығы бойынша қорғаған екі ғылым докторы, сондай-ақ ғылым кандидаттары мен магистр оқытушылардың қатары көбею үстінде.

Әрне, бұл жердегі ең басты мәселе Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті журналистика бөлімін бітіріп шыққан түлектердің білім деңгейі мен мамандықты игерудегі біліктілігі қандай дәрежеде деген сұрақтың болуы әбден заңдылық. Бірден айту керек, Зарқын аға салған сара жол лайықты жалғасын тапты. Отыз жылдық еңбек еш зая кеткен жоқ. Оны өмірдің өзі көрсетіп отыр. ҚарМУ-дың журналистика мамандығын бітірген түлектерге деген сұраныс республика бойынша жоғары деңгейде. Қазақстанның кез-келген бұқаралық ақпарат құралдарында біздің шәкірттеріміз маңдай алды мамандар ретінде көзге түсіп жүр. Республикалық, аймақтық, облыстық деңгейдегі түрлі ақпарат көздерінде қызмет жасап жүрген түлектердің қадамы әрайым назардан тыс қалған емес.

Кейбір шәкірттеріміз баспасөз қызметі арқылы мемлекеттік ұйымдарда да абыройлы еңбек етуде. Президент әкімшілігі, түрлі министрліктер, мемлекеттік агенттіктер мен департаменттердің баспасөз қызметі және ұйымдастырушылық саласында ҚарМУ түлектерінің қызмет жасап жүруі біз үшін зор мақтаныш. Атап айтқанда Е.Тоқшылық, Ж.Аманбаева, А.Талпақова, Ж.Қаржан, А.Кемпірбай, Е.Атамбай, Е.Қаламбай, Т.Тілеубай, Е.Қуатайұлы, А.Баязитова, Ж.Әлиман сияқты көптеген түлектеріміз журналист ретінде республикаға өз есімдерін танытып үлгерді.

Ал облыстық БАҚ-тың 50 пайызын ҚарМУ-дың журналистика бөлімінің түлектері құрайды. Атап айтқанда, «Сарыарқа» телеарнасындағы Б.Тілеген,

Г.Ақажанова, Ж.Рахметолла, М.Бейсенай, «5-арнада» Ә.Сәбитова, Б.Матуова, Ж.Бақытұлы «Қарағанды-1»-де А.Сейсен «Орталық Қазақстан» газетінде А.Совет, Н.Қанапия, Ж.Омарбекова, С.Әбілова сияқты түлектеріміз жемісті еңбек етіп жүр.

Ал республикалық жетекші телеарналар «Қазақстан» мен «Хабардың» меншікті тілшілері Руслан Тұрсынғалиев пен Ардақ Қабыханның Қарағанды университетінің түлектері екені кафедра үшін үлкен абырой.

«Орталық Қазақстан» газетінің журналистік ұстаханасынан тәжірбе жинаған тағы бір түлегіміз Жанат Жаңқашұлы бұл күнде Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық бөлімінің директоры болып қызмет етуде.

Сондай-ақ, түрлі қоғамдық салаларда, мәселен Қарағанды облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінде жемісті еңбек етіп жүрген шәкірттеріміз Бақытжан Құдияров, Жазира Орынбаева, Саян Жарылғап, төтенше жағдайлар департаментінде Қуаныш Мүтәлләповтар өз ісінің білікті мамандары ретінде бағаланады.

Журналистік жолда есімі елімізге танылып қалған осынау жастар шоғырын бекер атап жатқанымыз жоқ. Осының бәрі кезінде Зарқын Сыздықұлы қазығын қағып, қалыптастырып берген Арқа журналистика мектебінің жемісі. Сол мектептен түлеп ұшқан тегеурінді толқын осылай жалғасын таба бермек. Журналистиканың теориясы мен тәжірибесіне университет қабырғасында жүріп қанықса да болашақ журналистер ақпарат кеңістігіне бірден қанат қағып кете алмасы анық. ҚарМУ-дың журналистика бөлімі түлектерін өздерінің шығармашылық ұстаханасында шыңдап республикалық кеңістікке шығарып отырған «Орталық Қазақстан» газетінің басшылығына, «Сарыарқа» телеарнасы ұжымына алғысымыз зор.

Зақаң салған сара жол Сарыарқадан басталып, Есіл-Тобылды жағалай отырып, Қызылжар өңірін сонарлады. Осыдан дәл жыйрма жылдай бұрын М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде журналистика мамандығы ашылды. Бұл мамандықтың ашылуы да тікелей Зарқын Сыздықұлының солтүстікке баруымен байланысты еді. 1997 жылы журналистика мамандығы ретінде орыс бөлімі ашылған болса, 2001 жылдан бастап Зарқын Сыздықұлының тікелей ықпалымен қазақ бөлімі ашылды. Бұл бөлім бүгінде бакалаврият, магистранттар даярлайтын іргелі кафедраға айналды.

Бұл туралы Зарқын Сыздықұлының әріптесі һәм рухани шәкірттерінің бірі, біраз жыл журналистика кафедрасының меңгерушісі болған Айсұлу Жақсылыққызы «Тұғыры биік ұстаз» атты мақаласында жақсы айтып өткен.

«Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты», дегендей оның тәрбиесінен өткен жас журналистердің көбі бүгін БАҚ саласының танымал мамандары, ел тұлғалары. Соңғы жиырма жылдың ішінде оның қоластынан ұшып шыққан солтүстік қазақстандық журналистердің өзі қаншама.

«Qazaqstan» ұлттық телеарнасының директоры Ерлан Бейсенұлы Тоқшалық, «Қызылжар-Ақпарат» баспасының бас редакторы Ербахыт Амантай, «МТРК» шеф-редакторы Дана Ғизатова, «Мәдениет саласының үздігі» атанған Жарқын Жұпархан, «Первый- Северный» телеарнасының бас редакторы, «Азаттық» арнасының Петропавл қаласындағы меншікті тілшісі Нұргүл Алина, «Хабар» мен «24 KZ» арнасының тілшілері Айбарбек Балғабеков пен Самат Жақыпов, «Media holdings «Атамекен business» арнайы тілшісі Саят Ермек тағы да басқа шәкірттері шебер меңгерген тәлімдерінің арқасында биік шыңдардан көрініп жүр. Ғалым-журналистің қаламынан туған монографиялар, ғылыми мақалалар журналистика саласы іліміне қосылған алтын қор, сыбағалы да сүбелі олжа деп білемін, – дейді Айсұлу Жақсылыққызы.

Зақаң солтүстік өңірде тек ағартушылық пен ғана айналысып қойған жоқ. Зерттеуші, тарихшылар ат ізін көп сала қоймайтын өлкенің біраз беймәлім тұстарын жалғанның жарығына шығарды.

Соның бірі Абылай хан туралы тарихи тәмсілі. Зарқын Тайшыбай соңғы 20 жыл бойы абылайтану тақырыбымен үзбей айналысып келді. Автордың «Абылай хан» (құжаттар мен материалдар жинағы, 32 б.т. «Астана», 2005) кітабы қазақ тілінде 10 мың дана болып басылып, бүкіл елімізге тарады. Кітапта қазақ тіліне тұңғыш аударылып, уақыт ретімен тізілген жазба деректер ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихын зерттеушілерді қызықтырды, Абылай тақырыбына қалам тартқандардың әрқайсысы бұл еңбекке соқпай кеткен жоқ десе болады. Зақаңның шығармашылық жолындағы ең сүйекті еңбегі, кешенді тақырыбы осы Абылай хан тарихи дерекнамасы да Қызылжар топырағында жазылды. Ал «Мағжанның Қызылжары», «Алаш көсемсөзі» еңбектері ұлт тарихына қосылған тың тараулар болды.

«Шарлаған жолым жатыр жер бетінде», – деп еді Қасым ақын бір кезде. Шын мәнінде дүние атты көш керуенде әр кімнің ізі қала бермесі анық. Кемел ой, кеменгерлік биігіне көтерлген адамның ізі жер бетінде, жүрек төрінде қалары сөзсіз. Біздің Зақаң кемел адам. Зақаң салған сара жол талай толқын, талай ұрпақты баянды болашаққа бастай берері сөзсіз.

## ҒАЛЫМ ҒИБРАТЫ

### Ж. Самрат

(*«Егемен Қазақстан» республикалық газетінің меншікті тілшісі*)

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде әдебиет, тарих, білім беру, журналистика саласында өзіндік орны бар, Ұлттық жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың туғанына 80 толуына орай «Қазіргі заманғы журналистиканың ғылыми-педагогикалық аспектілері» деген тақырыпта республикалық ғылыми-теориялық конференция болды.

Зарқын Тайшыбай 20 жылдан артық СҚУ-да журналистиканы оқып-үйрету, өлкені зерттеу, тарихты таразылау, ұлы тұлғаларымыздың өмірі мен ісін зерделеу саласында жемісті еңбек етіп келеді. Оған дейін ол Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де ұстаздық еткен. Алға қойған бағыты бойынша 200-ден артық ғылыми мақала, 12 оқу құралын, 11 монография жариялаған адам. Оның зерттеулері қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде өзінің өшпес іздерін қалдырған даңқты ұлдарының ұлағатты іс-әрекеттерін жарыққа шығарып, оларды ғылыми айналысқа енгізіп, жалпы көпшілікке, соның ішінде жастар мен студенттерге танытуға бағытталған. Осы жұмыстарды жүзеге асырып, ұзақ жылдар бойы архивтердің шаңын жұтқан ол өзінің табандылығы мен көрегендік интуициясының арқасында ғылым үшін тамаша жетістіктерге қол жеткізді. Еңбектері абайтану саласын, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын, қазақ журналистикасының ХХ ғасырдың басындағы тарихын, Абылай ханның өмірі мен іс-әрекеті бойынша зерттеулерді толықтырды.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, шәкірт тәрбиелеу саласында да ұланғайыр еңбектер атқарып келеді. Оның жанкешті белсенділігінің арқасында Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де және М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да журналистика факультеттері ашылды. Қазір оның түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде қоғамдық пікірді қалыптастыру, халыққа шыншыл ақпараттар беру, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау саласы бойынша жемісті еңбек етіп жүр. Журналистер даярлаудағы қалыптастырған мектебі бүгінгі күні мәуелі баққа айналып, талай мықты журналистер «Зарқынның шекпенінен шыққанбыз» деп оны орынды мақтан етеді.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың қабырғасында ашылған этно-мәдени зерттеулер орталығының жұмысын да оның есімінсіз көзге елестету қиын. Осы орталықта ол XVIII-XX ғасырлардағы өлкеміздің шежіресі бойынша тарихи, этнографиялық, антропологиялық, ономастикалық кешенді зерттеулер жүргізіп келеді. Осы зерттеулер бойынша бірнеше кітап жарыққа шықты. Бұлар өлкеміздің кешенді тарихын білуде ізденушілерге, студент-жастарға таптырмайтын деректер. Сөйтіп ол Қазақстан Республикасының гуманитарлық және қоғамдық ғылым саласында қажымай-талмай еңбектенгендігінің арқасында өшпес із қалдырып отыр.

Мерейжас иегерін облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың атынан оның орынбасары Ғани Нығыметов құттықтап, «Қай жағынан алғанда да Сіз М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың ғана емес өңіріміздің мақтанышына айналған жансыз. Ақын айтпақшы «Қызылжарды көргің келсе – міне, осы», деп Сізді алдымызға салсақ ешкімнен ұялмаймыз»,– деп оның арқасына шапан жапты. СҚУ ректоры Ерлан Шұланов Білім және ғылым министрлігі атынан «Ғылымды дамытуда сіңірген еңбегі үшін» медалін тақты. Қарағанды облысы делегациясын бастап келген Amanat партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бекзат Алтынбек облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің, Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайынның құттықтауларын жеткізіп, абзал ағаның астына ат мінгізді. Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев өзінің құттықтауын айтып, Зақаңа одақтың Алтын медалін табыс етті.

Құттықтаушылар арасында Солтүстік Қазақстан облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов, Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, Жазушылар одағының хатшысы Дәулеткерей Кәпұлы, Түркиядан Кастамону университетінің профессоры Орхон Сөйлемез, «Сарыарқа-ақпарат» медиахолдингінің директоры Қамбар Ахмет, ҚарМУ ректорының атынан Қойлыбай Асанов, «Қазақстан РТРК» АҚ Ақмола филиалының директоры Ерлан Атамбай және т.б. болды.

Түстен кейін өз жұмысын жалғастырған конференцияда Зарқын Тайшыбайдың журналистік, ғалымдық, ұстаздық, өлкетанушылық қырларын ашқан оннан артық танымды, тағылымды баяндамалар оқылды. Өзіне берілген сөзде Зеркең конференцияны ұйымдастырушыларға және келген қонақтарға алғысын айтты. Конференцияны жүргізген тарих ғылымдарының докторы Ақмарал Ыбыраева оқылған баяндамалар жеке жинақ болып шығатынын жеткізді.

## ҰСТАЗ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

### **Е.Төлеутай**

*(Әнші, өнертанушы, кинодраматург, Шәкен Айманов атындағы  
«Қазақфильм» АҚ редакторы )*

Республикалық, облыстық баспасөзден Зарқын Тайшыбай деп қол қойған ойы құнарлы, тілі нәрлі мақалаларды оқып жүреміз. Радиодан, теледидардан сөйлесе, абыздай ақылман, әр сөзі мен пікірі орнықты. Соңғы 3-4 жылдың мұғдарында ғаламтордағы «Абай» порталына маңызды-маңызды оншақты мақаласы шығып, тарады. Абай шығармашылығына арналған «Абайдың аршынына толған ат қандай?», «Абай мақтаған құс қандай?», «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты» деген мақалаларды оқыған көзі ашық зиялы қауымның бей-жай қалмағанына сенімдімін.

Поэзияның асыл жауһарын алыстан танып, сол қазынаны белден қазудың жақсы үлгісі осындай-ақ болар. Абай ақынды, данышпанды бір кісідей білетін сияқты боламыз, бірақ профессор Тайшыбайдың мына зерттеулері мүлде тың бастама, бұрын айтылмаған сөз екеніне талай танысым таң қалып, таңдай қаққанда, өзім де шаттанып, салтанат күйіне енемін, шоқтығым биіктеп өсіп қаламын. Кейінгі кезде қазақтың басын қосып ел қылған, аруағыңнан айналайын Абылай туралы қалыңдығы кере қарыс, кесек-кесек кітаптарымен дүйім жұртты дүрліктіргенін көргенде, «ия, Тәңірім, деніне саулық беріп, тіл көзден сақтай гөр, ұстазымды» деп, жаратушыдан тілек тілегенімді де жасырмаймын. Иә, Зақаң өзі айтқандай «Абылайды аңыздан арашалап алған» зерттеуші. Егер Сіз, құрметті оқырман, Зарқын Тайшыбайдың Абылай хан жөнінде жарық көрген еңбектерін оқысаңыз осындай пікірге келеріңіз хақ. Қазақ халқы үшін ұлы сын болған он сегізінші ғасырды толайым танып білу үшін Абылай хан өмір сүрген дәуірді қамтитын Ресей мұрағаттарында қатталған деректерді қотара қарап, қопарып ақтарып шыққан зерттеуші Зарқын Тайшыбайдыкі шынында да үлкен рухани ерлік дер едім. Осы орайда тарих ғылымының докторы, көрнекті ғалым Жамбыл Артықбаев ағамның маған айтқан бір әңгімесі еске түседі: «Ресейдің мұрағаттарын шамам келгенше ақтарып, қарап жүрмін. Қазақ тарихына байланысты шаң басқан қаншама құжаттарға үңілудің сәті түсті. Сонда сол құжаттардың деніне алғаш рет Зақаңның ғана қолы тигенінің куәсі болдым. Өйткені олардың барлығында «Таныстым, Зарқын Тайшыбай» деген жалғыз қол тұрады. Зақаң зерттеп кеткен сол құжаттарда тіпті, қазіргі мүйізі қарағайдай тарихшы докторлардың қолы жоқ» дегені бар еді.

Осындай жаратылысынан таза ниетті, ой өрісі ауқымды ғұлама ғалымды, даладай дархан үлкен жүректі ұлағатты ұстазды қарағандылық бір топ жастар рухани әкеміз ретінде қадір тұтып, қасына еріп, үлгі алып өстік.

Зарқын Тайшыбайдың қалам сілтесінен, шешендігінен, айтқыштық сөз тапқырлығынан өрнек алдық.

Осы арада мен профессордың Абай туралы салмақты да салиқалы «Абай және баспасөз» және «Абайтану арнасында» деп аталатын екі монографиясы туралы қысқаша айта кеткім келеді. Бұл еңбектердің қалай жазылғанына өзім куәдүрмін.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде бірге қызметтеспіз. Зақаң журналистика кафедрасының меңгерушісі, мен жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісімін. Ақыл-кеңестің кені, жастарға қамқор, сөзі де, ісі де үлгі. Білімі терең, көрген-түйгені көп екеніне қанықпын. Бір күні маған Алматыға барып келгенін айтты. «Үш жұмыс апардым. Біреуі Орталық Қазақстандағы әншілік дәстүрдің рухани өнегесі, бұл – философия болады, екіншісі – көрнекті Алаш қайраткері, қазақтың тұңғыш заң магистрі Жақып Ақбаев туралы зерттеу, бұл – тарих, бәлкім заң ғылымы болар, ал олардан басқасы Абайдың көзі тірісінде тасқа басылған шығармалары, ұлы ақынның рухани қайнарлары. Үшеуі де кандидаттыққа татушы еді, профессор Рымғали Нұрғалиев Абай туралы еңбекті таңдады, өзі жетекші болатын болды, екі айға жетпей қорғауға тиіспін», деді. Басқа ешкім білмейді екен. Сол бетте ҚарМУ баспасынан «Абай және баспасөз» деген монографиясын шығартып алды. Яғни, қорғамай тұрып, диссертациялық кеңес мүшелеріне ғылыми еңбегін таратып қоймақ.

Естуім бар, алдын-ала бүкіл диссертациясын жария ету дегеніңіз тәжірибеде жоқ. Тіпті, біреулер мұны қауіп көреді. Сол жағын ескертіп көріп едім, «ештеңе етпес, бұйырғаны болады, осындайды мен бастап көрейін, тәуекел, еңбегім адал, таза ғылым», – деді. Өзім куә, Зақаңның диссертация дайындағанын ешкім білмейді.

Сол күн де жетті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі қазақ әдебиетінен докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мінберінде өзіміздің Зарқын Тайшыбай ағамыз. Зақаң, қолында бір жапырақ қағаз жоқ, еркін көсіліп сөйлеп тұр.

Анда-санда қолын сермеп қоя ма қалай? Тәрде қазақтың маңдайына біткен өңшең марқасқалары. Академиктер Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев бастаған жиырмаға жуық профессор. Байыппен көз тастап, сынай қарап Рымғали Нұрғалиев отыр. Диссертация қорғау дегенді былайғы жұрт «қиямет-қайым», аңыздағы «сират көпірінен» өткендей, қатал сын дейтін еді ғой. Ал, біздің Зақаң, беті ашық, залға тура қарап, Абайдың өлеңдері мен қара сөзінен үзінділер жатқа айтып, желе жортып барып, тыныс тапқандай болды. Қалтасынан орамалын алып, тершіген маңдайын сүртті. «Сұраққа жауап беруге дайынмын» дегендей, танауы делдиіп, тыпыршып тұр. Мен қобалжып отырмын...

- Абай орыс отаршылығына қарсы бір ауыз сөз айтпаған, бұған қалай қарайсыз? Алғашқы сұрақ осы екенін ұмытпаппын. Шынында, орынды сұрақ сияқты.

- Неге айтпасын. Бірінші айтқан Абай шығар. Бірақ, Абайекең біз сияқты жалаңтөс емес қой. «Сен тоқтат, бізге тәуелсіздік бер!» дейтін. Немесе, «Ал, тәуелсіздік үшін күресейік!» деп қыннан қылыш суырып, атой салатын. Абай терең. 19-ғасырда таудан құлаған қалың селдей қаптап келе жатқан орыс отаршылдығы тасқынына күрек ұстап қарсы шықпайды ғой. Сондықтан, қазақ қандастарын әуелі, ғылым-білімге, рухани байлық пен бекемдікке шақырды. Әуелі, «адам болайық!» деді, көзімізді ашып жан-жаққа көкіректегі саналы оймен қарай білейік, деді. Ақын сөздерінен мысалдар келтіріп, төгіп-төгіп жіберді. Дәлелдері мықты. «25-қара сөзіндегі «Орыстың тілін біл, тілін білсең... дағуасына кіресің, сөйтіп оның орынсыз заң-зәкөнін танысың, қорлық-зорлығына, көнбейсің...» деген жоқ па, міне отаршылдыққа нағыз қарсылық деген осы болса керек, деп барып тоқтағанда, академик Зәки Ахметов:

- Пәлі, сөз-ақ!- деп қалды.- Көбіміз Абайдың осы жағын ескермей жүрміз-ау! Осыны айту керек қой, - деп, ақжарқын әдетінше, балаша қуанып, қарқылдап, күліп жіберді. Қатты разы болды.

Қойшы, әйтеуір, зал екі жарым сағаттай гуілдеді. Зақаң мүдірмейді. Қолтығы жаңа қыза бастаған тұлпардай көрінді маған. Жалғыз маған ғана емес, басқалар да шын пейілмен масаттанды. Жанарларынан Зақаң деген мейір шуағы байқадым.

Бір кезде, жиынды басқарып отырған Зейнолла Қабдолов орнынан көтеріліп:

- Профессор мырзалар! Осымен бас-аяғын жинақтасақ қайтеді? Ендігі білмейтіндерінді мына Тайшыбайдан өздерің сұрап аларсыңдар деп, жеңіл әзілмен ұсыныс тастады. Профессор Темірбек Қожакеев, Зақаңның жасы елуден асып бара жатқанын біледі екен, тамағы қырылдаңқырап:

- Бұл Тайшыбаев баяғыда-ақ доктор болатын еді, осында аспирантура бітірді, Бекхожин деген жетекші әкесі өліп қалып, семья жағдайымен ауылда қалып қойды. Ұмытпасам, тақырыбы революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы болатын. Әлихан, Ахметтерге, алашорда көсемдеріне соқпай өте алмайды, ол кезде мұндай тақырыпқа жол жоқ, қиын еді ғой, деді де:

- Өй, сен өзің алпысқа аяқ басыпсың ғой! Мына тақырыбың құнды екен, содан бері қайда жүргенсің, деп қойып қалғаны. Сонда Зақаң:

- Абайға соқтығу үшін пісуім керек болды, соған бөгелдім деп, қысылмай, сабырмен тіл қатты. Мұнысы, рас. Шынында, Абылай, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сияқты алыптар туралы сөзді алпыстан бергілер айтып жатқанына, олардың жазған-сызғандарының көпшілігіне өзім де сенбеймін. Кітап көшіріп, ілгері-кейінгілердің пікірлерін сапырып, жаңғырта қайталау – ғылым емес қой.

Ал, менің кейіпкерім Зарқын Тайшыбайдың нағыз оқымысты екенін сонда таныдым. Ғылыми жетекшісі ардақты ағамыз, марқұм Рымғали Нұрғалиев сөз берілсе де қозғалған жоқ. «Өздеріңіз тыңдап, біліп отырсыздыр ғой», деген баяу ғана. Сол Рымғали ағамыз, кейін Зақаңның ғалымдығы туралы айтқан бір сөзінде: «Баяғыда Абай туралы жазғаным бар еді, деп бір қара жігіт келіп тұр. Бетіне қараппын. «Мынау шала

есті, шалық ұрған біреу шығар, әрісі Мұхтар Әуезов пен берісі Мекемтас Мырзахметовтан не қалып еді, немесе тыңды жарып туған данышпан болар» деп, күдіктенгенмін. Ғалым зерттеуші екен, бұл Зарқын, соған көзім анық жетті» деген сөздерін менен басқа да талай адам естідік.

Жоғарыда өзім куә болған, жалғыз мен емес, бірталайы тірі ғой, Дандай Ысқақов хатшылық еткен, сол диссертациялық кеңестен алған әсерімді жылдар өткен соң, хатқа түсіруімнің жөні енді келіп отыр. Себебі таяуда профессор Зарқын Тайшыбай сексен жасқа толады.

Бәрін білемін. Ағамыздың өмір жолы, ғылымға келуі тақтайдай болған жоқ. Қасым ақын айтқандай: «Арпалыс ала құйын заманалар, алдымнан тұрып алды, мен не етермін» деп бармағын шайнап өткен арыстардың қатарында, кеңсе қызметі, бала-шаға қамымен жүріп қалған.

Зарқын Тайшыбай ұлт тарихын қатты қастерлеп, тарихты терең қазып келе жатқан қажырлы зерттеуші. Оның Мағжан өмірі туралы жазған ғылыми еңбегі қазақ топырағында туған озық өнеге десем, білетіндер дау айта қоймас. Бұл Мағжан сынды күрескер, қайраткер әрі сыршыл да сыншыл ақынның өмірін қаза зерттеп, архив деректерімен шегендеген туынды. Қазақ зиялыларының басынан кешкен тауқыметті қара сөзбен қайыстыра жырлаған өмір дастанындай оқылады. Тек, бір өкініштісі, қиырда жатқан ғалымның «Мағжанның Қызылжары» деген атпен, екі мың дана ғана болып 2007 шыққан ғажайып кітабы осы уақытқа дейін лайықты бағасын алған жоқ. Осындағы «Мағжан өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері» деген анықтамалықтың өзі жеке монографияның жүгін көтеріп тұр.

Мақаланың бастауында мен профессор Тайшыбайды «рухани әкеміз» деп қалдым. Ол, сонымен қатар, өнер зерттеушісі. Ауыз толтырып айтарлықтай еңбектер берді. Орталық Қазақстанның ән-күйлерін, орындаушылық дәстүрді талдаған «Алтын бесік ән-орда» кітабы ертеректе, профессор Шамғон Қажығалиевтің алғысөзімен шыққан. Зақаң бірде: «Мәдидің әндерінде Тәттімбет күйлерінің сарыны бар» дегенде, Шамғон ағамыз, «Мен осыны аңғармаппын», деп таңдана құптағанын естігенбіз. Кейін зер сала, тындап көрсек, шынында, солай екен.

Қатар жүрген әнші-күйші замандастарым айтады: «Зақаңның халық музыкасы, орындаушылық өнер туралы жазғандарын оқығанда, көз алдыға қобызы мен домбырасын өңгеріп отырған өнерлі қазақ келеді, құлағыңа шерлі күй мен әсем ән келеді. Саз дыбыстары мен әуендерін де қара сөзбен кестелеуге болады екен», дейді. Мұндай күдірет, сезімтал жүректі, талғампаз эстеттің ғана қолынан келері хақ.

Ұстазымыз Зарқын Тайшыбай туралы айтпағымыз талай мақалаға жүк болар. Оның Абылай хан туралы жазған еңбектеріне, соңғы шыққан «Қазақтың ханы – Абылай» деген қос томдығына тоқталған жоқпын. Тек, Абылай хан туралы бұрын-соңды болып көрмеген бұл іргелі еңбектің автордың жанкешті ерлігі екенін айтқым келеді. Басқа да толып жатқан еңбектерін, басын қосып қайта шығарса, кемі 13-15 том болатынын білеміз. Олардың да кезегі келер.

Абылай туралы қос томдыққа тоқталмасам да аталмыш кітаптың ҚазМУ-нің тарих факультетінде өткен тұсаукесері турасында айта кеткім келеді. Шүкір, қазір Абылай хан, Кенесары десе зиялы жұртымыз, оның ішінде журналистер қауымы елеңдесе қалатын жағдайға жетіп қалдық. Қазақтың шын тарихына деген қызығушылықтың өсе түскені, елдің рухани жаңғыруға деген ықыласы, әсіресе өткенімізге қатысты өткізілетін үлкенді-кішілі жиындарда байқалады. Аталмыш тұсаукесер салтанатында да осындай қуанарлық жағдай орын алды. Алматыдағы есебі барлық қазақ тілді БАҚ-дарының тілшілері мен есімдері елге белгілі тарихшы ғалымдардың осынау жиынға деген ықыласынан ұлт тарихына деген жанашырлық, қазақтың ұлы ханы Абылайдың аруағына деген құрмет сезіліп тұрды. Бір «әттеген-

айы» жиынды жүргізіп отырған есімі елімізге мәшһүр тарихшы ағамыз Зақанды жұртшылыққа таныстыра келіп: «Зарқын Тайшыбай кәсіби тарихшы болмаса да, бүгінгі назарларыңызға ұсынып отырған Абылай туралы еңбегі...» деп шұбырта жөнелгені. Тарихшы ғалымның көкейіндегісін сезе қалған Зақаң: «Мен кәсіби тарихшымын» шарт ете қалды. Бармақ басты, көз қыстымен ғалым аталып жүргендердің біреуі болса, әрине, лауазымды тарихшының ығына жығылып, үндемей құтылар еді. Зақаң өйтпеді. Өзін жұрт алдына елеусіз сөзбен білдірмей түйрегенсіп, «айыл тартпасын қасақана босатып қойып, аттан аударып тастағысы» келгендей қылық танытқан үлкен тарихшының бетін әлгіндей сөзбен қайтарып тастады. Өйтпесе Зақаң бола ма? Өйткені Зақаң өз бағасын білетін ғалым. Санамызды экономикалық, тіпті рухани дағдарыс сансыратқан өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Зарқын Тайшыбай Ресей мұрағаттарында көз майын тауысып, ғасырлар бойы өзіне дейін бірде-бір кәсіби тарихшының қолы тимеген шаң басқан құжаттарға үңіліп, оларды ғылыми айналымға тұңғыш түсіріп, жұртымыздың игілігіне жаратты. Осынысының өзі кәсібилік емес пе? Әлде кәсіби ғалым атанудың қазақта басқа жолдары бар ма..? Рас, кісі жалдап кандидаттық, докторлық жазғызып, онысын «табысты» қорғап алған «жасанды ғалымдарды» білеміз. Бір сұмдығы жасанды ғалымдардың қазіргі тобырлық мәдениеттің туын көтеріп жүрген «жасанды жұлдыздар» секілді көбейіп бара жатқаны шошындырады, ойландырады. Бүйте берсе, ғылым мен өнерде құн қала ма? Әлгі кандидат, докторлардың қан сөлсіз, құрғақ «казенный» тілмен жазылған «ғылыми монографияларына» көз жүгіртемін кейде. Көз жүгіртен сайын елімізде «ғылым өлтіру», «өнер өлтіру» ойынының зор қарқынмен, аса ауқымды масштабта жүріп жатқанына тағы да көзім жете түседі. Бірақ, осы жерде тағы бір парадокс – жаңағы жасанды ғалымдарды «кәсібилердің» қатарынан көресіз! Сондайда еріксіз Е. Бекмаханов, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машани сынды ғалымдарды сағынасыз. Аталған аяулы ғалымдарымыздың еңбектері ойдағы ойшыл мен қырдағы қойшының ортақ игілігі еді ғой, яғни мұқым қазақ баласына түсінікті емес пе еді?! Зарқын Тайшыбай ағамыздың жазған еңбектерінен де ғылымды туған халқының кәдесіне жарату үшін іздеген, жұртының санасына сәуле түсіру үшін еңбектенген, сол жолда азап шеккен абзал ағалардың сарыны сезіледі. Осындайда осыдан он жеті жыл болған бір оқиға еске түседі. ҚарМУ де қызмет істеп жүрген кезіміз. Таңертең жұмысқа келісімен Зақаңа барып сәлем беруші едім. Онымды бұлжымас қағидаға айналдырып алған мен бір жолы кабинетіне кірсем, қолында Мәшһүр Жүсіп атамыздың жинағы, Зақаң екі бетін жас жуып жылап отыр. «Зақа, таң атпай бұныңыз не?», деймін абдырап. Зақаң болса, «Мынаны қарашы, Мәшекеңің, мына жазғаны сұмдық қой», – деп атақты ғұламаның жазған ойларынан үзінді оқып берді. Даналардың болмысын түйсіну, данышпандардың тереңіне бойлау дегеніміз осындай-ақ болар. Осындай жанды қалайша ғалым демейсіз, кәсіби деген сөзді неге қимасқа? Бірақ, кәсібилерге жүгінер болсақ, олар Мәшһүр Жүсіптің өзін «кәсібилердің ауылына» жақындатқысы келмейтін түрі бар? Зақаңа не жорық дерсіз, онда? Осылайша ҚазМУ-де өткен тұсаукесерден «кәсіби тарихшы болмаса...» деген бір ауыз сөзден алған ауыр әсерден айыға алмай көңілсіз қайтқаным бар еді. Сол оқиға бүгін еріксіз қағаз бетіне түсіп отыр. Өйткені Қарағандыдан сонау Қызылжар барып, қиыр қонып, ормандай қалың орыстың ортасында жалғыз өзі бір институттың шаруасын атқарып отырған Зарқын Тайшыбайдай ғалымды «кәсіби ғалым» емес дегенге кім сенеді. Мүмкін, кәсібилердің өздері сенетін шығар? Бірақ «кәсібилердің» жазған кандидаттық, докторлық диссертацияларын, монографияларын қай қазақ басына жастап оқып жатыр? Өйткені бұқара жұрт бүгінгі ғалымға сенбейді, «кәсібилердің» кәсібилігіне күмәнмен қарайды. Себебі әлгі жасанды ғалымдардың «кандидат болам», «доктор атанам» сөйтіп ғалымдықтың атын жамылып, жақсы атты боламын деген пасық пиғылы бұл күнде



оқырман халайыққа жария боп кеткен. Бұл «жүректен шықпаған жүрекке жетпейді» деген қағиданың тағы бір дәлелі. Ал Зақанды жұрттың іздеп жүріп, сұрап жүріп оқығанының талай куәсі болдық. Өйткені Зақаң не жазса да жүрек қанымен жазады; сол аласапыран замандарға бойлап барып, аруақты бабаларымыздың рухымен тілдескендей болып, олардың кие, қасиетін сезіне отырып қалам сілтейді. Себебі ол өзіне өмірбақи ұстаз тұтып келе жатқан дәстүрлі тарихшылар: Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Қадырғали Жалайыри, Мұхамед Хайдар Дулати сияқты ұлы даналардан өрнек ала білген, сол дәстүрдің рухын бойына сіңіріп барып ғылымға келген майталман. Жазған еңбектерінің, кітаптарының оқырман жүрегіне жақын болуының бір себебі Зақанның жоғарыда есімдері аталған бабалар дәстүріне адалдығында жатса керек. Зақанды кәсіби тарихшылардың жатсынатыны осыдан болса керек. Өйткені кәсіби мен дәстүрлі оқымыстылардың арасы жер мен көктей екендігіне жазушы Ілияс Есенберлиннің бір ғана «Көшпенділері» мысал болған жоқ па? Ілияс Есенберлин жүз кәсіби тарихшының жабылып жасай алмағанын жалғыз өзі жазып шығып, отаршылдықтың бұғауы қылқындырып өлтіруге айналған қазақтың рухын асқақтатып қаһармандық танытқан жоқ па? Жазушы Мұхтар Мағауин ше? «Аласапыранды» айтпай ақ, бір ғана «Қазақ тарихының қысқаша әліппесіне» дындай-дындай докторлық диссертация астар болуға жарамай қалды емес пе? Өйткені І. Есенберлин де, М. Мағауин де лауазымды академиктер айтқандай кәсіби тарихшы емес, олар туған халқының тарихын жанымен ұққан, арымен аялаған, қанымен жазған дәстүрлі тарихшылар дер едік. Бүгінгі біздің мақаламыздың мәртебелі кейіпкері Зарқын Тайшыбай да осы санаттағы оқымысты.

Шын білімпаздық, таза ғалымдық қасиет, адамгершілік ұстаным, айта берсек ұстазға керекті асыл қасиеттердің барлығы Зарқын ағамыздың бойынан мол табылады. Осы орайда «Бір гүл солып ашылады, бір гүл толып ашылады» деген нақыл еске түседі. Иә Зақаң ғалымдық жолда кемеліне келіп, толып ашылып, нәрлі жеміс берген жайқалған дарак сынды. Немесе «Гүлші гүл өсіргенше, жүз тікеннің уын жұтады» дейді. Бұл нақыл да Зақаңа келіп тұр.

Бұл күнде Қызылжар шәһарындағы Солтүстік Қазақстан университетінде журналистер даярлап, профессорлық қызмет атқарып жүрген Зарқын Тайшыбай, Қазақстан жоғары мектебі ҰҒА-ның академигі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстан білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Қазақстанның Құрметті журналисі», омырауында Ахмет Байтұрсынов атындағы медаль. Атақ-абыройдан кенде емес. Соның ішінде ең қымбаты – ол көпшілік мойындаған Ұстаз. Бұдан артық атақты Зақаңа қимаймыз. Лайым, аман жүріңіз, ардақты ұстаз.

## **АКАДЕМИК ЗАРҚЫН СЫЗДЫҚҰЛЫ ТАЙШЫБАЙ – 80 ЖАСТА**

**А.Ғ.Ыбыраева**

*(М. Қозыбаев ат. СҚУ Басқарма төрағасы-Ректорының кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор)*

Биыл абайтанушы, абылайтанушы және мағжантанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жоғары мектебі ҰҒА-ның академигі, өлкетанушы-ғалым, ұл тарихы мен мәдениетінің жоқтаушысы Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай ағамыз асқаралы 80 жасқа толып отыр.

Ғұмырнамасына тоқталсақ, Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай 1942 жылы 31 наурызда Қарағанды облысы Қу (Қарқаралы) ауданында туған деп құжатта жазылғанымен, нақты күні мамыр айының бірінші жұлдызы. Шығармашылық еңбек

жолын 1960 жылы Қу аудандық «Ленин туы» газетінен бастады, аудандық кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, аудандық газет редакторының орынбасары, редактор, облыстық газетте бөлім бастығы қызметтерін атқарды. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистика факультетін, «Журналистика тарихы» кафедрасы бойынша аспирантурасын тәмамдады.

1992 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, журналистика кафедрасының меңгерушісі, доценті болып қызмет атқарған.

2000 жылы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне шақырылды. Университеттің журналистика кафедрасының профессоры, «Журналистика» мамандығын ашып, сол мамандыққа қолдау көрсетіп, қамқоршылық жасап келеді. Өмірінің жиырма жылдан астам уақытын Солтүстік Қазақстан өңіріне арнаған Зарқын Сыздықұлы, өлкенің тарихы, рухани мәдениетіне қатысты жылдар бойы қордаланған өзекті мәселелерді зерделеумен айналысты.

Әсіресе, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысына, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметіне қатысты көп ізденіс жасап, құнды ғылыми еңбектерді жарыққа ашығарды. Автордың қаламынан туған «Мағжанның Қызылжары», «Сыр сандығым -Қызылжар», «Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым» атты еңбектері қасиетті Қызылжар жеріне деген ерекше сүйіспеншілігі мен адалдығын білдіреді.

Алпыс жылға тарта қолынан түспеген зерттеушінің шығармашылығында ерекше маңызға ие болғаны XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының тарихы, оның ішінде Абылай ханның өмірі мен қызметін зерттеуі. Академик Зарқын Тайшыбай соңғы жиырма жылдан астам жыл бойы Абылайтану тақырыбы мен үзбей айналысып келеді. Ресей мұрағаттарынан бұрын жинаған деректеріне жаңа көзбен қарап, Абылайханның тарихи бейнесін көне құжаттар негізінде ежаңғыртуда зерттеушілік ұшан-теңіз еңбегі бар. Күні кеше ғана Солтүстік Қазақстан қауымына абыз ағамыздың сүбелі еңбегі «Абылай хан тарихы» атты үш томдық ғылыми еңбегінің тұсау кесерін өткіздік.

Сонымен қатар, Зарқын ағамызды Абай мен Мағжан туралы кесек-кесек ғылыми еңбектерін, қазақ тарихына байланысты терең мәнді монографиялары мен мақалаларын оқырман қауым жақсы біледі. Бұл ғылыми зерттеулерінің ұлттың рухын көтеріп, намысын оятатындай маңыздылығы жоғары.

Бүгінгі күні қадірлі Зарқын ағамызбен қоян-қолтық қызмет жасап жатқаныма қуаныштымын. Адами тұрғыдан, ғалым ретінде Зарқын Сыздықұлынан үлгі алар бойында жақсы қасиеттер өте көп.

Зарқын Сыздықұлына зор денсаулық, амандық, игілік пен табыс тілейміз, ғұмырлы болыңыз!

## **ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ СЫРЫН ДА, ШЫНЫН ДА АШҚАН ҒАЛЫМ**

### **З.К.Қартова**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚУ «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты)*

Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениеті мен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Солардың қатарында кеңестік кезеннен бастап қазақтың шынайы ақиқат тарихын жасап келе жатқан ғалым, филология ғалымдарының кандидаты, профессор Зарқын Тайшыбай.

Ағамыз әдебиетті, тарихты қалай жазу керек екендігін көрсетіп те, үйретіп те жүрген ғалымдардың бірі. Студенттерге дәріс оқуымен қатар, көп жылдар бойы этномәдени зерттеулер жүргізетін ғылыми орталығының басқарушысы.

Академик Манаш Қозыбаевтың М.Әуезов туралы былай айтқан сөзі бар: «Алайда заманаға, уақытқа тарихи көзқарасыз болуы мүмкін емес. Шын мәнінде М. Әуезов жазушылыққа тарих арқылы барды». Зарқын Сыздықұлы туралы керісінше айтуға болады: «ол жазушылық арқылы тарихқа келді». Өйткені ғалым тарихи тақырыпта жазылған туындылары арқылы зерттеуші, тарихшы екендігін қауымға танытты.

Зарқын Сыздықұлының өлкелік тарих тақырыптарына арнаған еңбектері көп. Олардын ішінде ерекше атап кететін «Сыр сандығым, Қызылжар». Кітаптың оқырман қауымға тигізер пайдасы сөзсіз, өйткені «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарлама бойынша Қазақ даласының әр аймағының тарихын әлі де терең зерттеу мәселесі біздерге міндеттелініп отыр.

Кіріспе сөзінде автор «Баға жетпес қазыналар өз өлкеңнің, қалаңның, ауылыңның, руың мен атаңның тарихында жатыр» деген сөзбен ғылыми еңбегінің басты мақсатын атап өткен. Менін ойымша, кітап автордың өлке тарихы туралы жан сыры, Қызылжардың сырын емес өз жүрегінің де сырын айтқан сияқты.

Негізі әдебиет пен тарих егіз, оның дәлелі Алаш туын көтеріп отырған ұлы зиялыларымыздың өмірі. Әдебиет, тарих, саясат салаларында бір мезгілде қызмет еткен тұлғалардың қалдырған мұрасын зерттеу қажеттілігі осыған байланысты.

Қазақстанның XX ғасырдың басындағы «ақтандақтарын», ақиқаты ашылмаған тарихын зерттеу үлкен жауапкершілік. Монографияның бірнеше тараулары 1917-1921 жж. арасындағы өлкемізде болған саяси билікке күресіне, атқару билігінің тарихына арналған.«Автономия кімдікі?» «Қызылжардағы жаңа билік»«Петропавл ұлт отауы»деп аталатын тарауларда осы тарихи оқиғаларегжей-тегжейлі баяндалған.

Кітаптың кәсіби тарихшыларға тағы да бір тигізер пайдасы – оның деректік базасы болып табылады. А.Байтұрсыновтың «Ленинге хаты»,«Алаш ұлына» Үндеуінің мәтіні, Қоянды жәрменкесінде жазылған петиция т.б. монографияда жарияланған құжаттардың мәтіндері өте құнды болып табылады.

Бұрынғы таныс материалдарға жаңаша көзқараспен қарау үшін архив қоймасын ақтаруға тура келді. Мысалы, тарихи фактілерге тоқталсақ. Кезінде Алаш зиялыларына «Алқа» деген контрреволюциялық ұйым құрды дегенайып тағылған. Сөйтсек ол кезінде Сібір ревкомның жанында құрылған әдеби, тарихи, ағартушылық міндеті жүктелген ресми органдардың арнайы құрған ұйымы болып шықты.«Алқа» деп ат қойып Сібір өңіріндегі қалың қазақ қауымын Қазақстанда болып жатқан құбылыстармен таңыстыру міндеттелген.«Сыр сандығым,Қызылжар» атты кітапта сол ұйымның бағдарламасымен таңысу мүмкіндігін алдық.Автордың кәсіби тарихшыларға жасаған тағы да бір жаңалығы деп қабылдаймыз.

Әр тарихшы ғалымның екі арманы бар: мұрағат қорларын терең зерттеу және туған өлкенің тарихын зерттеп насихаттау.Монографияда осы екі ғылыми мақсаттар іске асырылған.

Өлкеміздің жаңа есімдерін ашу, олар туралы архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу - зерттеуші Зарқын Тайшыбайдың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Өзіміздің өлкемізде туып-өсіп, қызмет еткен тұлғалар қатарына Жұмағали Тілеулин - қазақ мұғалімдерді даярлау ісін ұйымдастырушы, Ержанов Бибатыр «Оқуға махаббат» кітабының авторы, Жанұзақ Жәнібеков «Бостандық туы» газетінің уақытша редакторы қосылды. Олардың есімдерін тарихқа қайтарып әділ баға беруге алғашқы қадам жасалды.

«Сыр сандығым, Қызылжар» монографиясы өзінің терең тарихи-философиялық психологиялық шынайы сырларымен қымбат. Тарихшылар әулеті бұл еңбекті өлкеміздің, Отанымыздың тарихына қосқан сүбелі үлес деп біледі.

## ТУҒЫРЫ БИІК ҰСТАЗ

**А. Ж.Шәйкенова**

*(М.Қозыбаев атындағы СҚУ, «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі)*

Елімізге танымал ғалым, академик, Манаш Қозыбаеватындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайдың отандық журналистиканы дамытуға қосқан ерен үлесі өлшеусіз. Шеберліктің, білгірліктің, қарымдылықтың үлгісін танытқан ардагер тұлға көпке үлгі, қоғамға қадірлі.

2001 жылы Қарағандыдан бізге қарай көш түзеп, университетімізде қазақ тілді журналистерді дайындайтын орта қалыптастырды. Ұйымдастырушылық қызметінен бөлек, ғылым мен білім беру жүйесінің де ауыртпалығын бір адамдай көтеріп, 400-ден жоғары білікті де, білімді шәкірттер тәрбиелеп, ғылыми ізденістерінің негізінде 100-ге жуық материал дайындап шығарды.

«Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты», дегендей оның тәрбиесінен өткен жас журналистердің көбі бүгін БАҚ саласының танымал мамандары, ел тұлғалары. Соңғы жиырма жылдың ішінде оның қоластынан ұшып шыққан солтүстікқазақстандық журналистердің өзі қаншама.

«Qazaqstan» ұлттық телеарнасының директоры Ерлан Бейсенұлы Тоқшалық, «Қызылжар-Ақпаратбаспасының бас редакторы Ербахыт Амантай, «МТРК» шеф-редакторы ДанаҒизатова, «Мәдениет саласының үздігі» атанған Жарқын Жұпархан, «Первый-Северный» телеарнасының бас редакторы, «Азаттық» арнасының Петропавл қаласындағы меншікті тілшісі Нүргүл Алина, «Хабар» мен «24 KZ» арнасының тілшілері Айбарбек Балғабеков пен Самат Жақыпов, «Media holdings «Атамекен business» арнайы тілшісі Саят Ермек тағы да басқа шәкірттері шебер меңгерген тәлімдерінің арқасында биік шыңдардан көрініп жүр.

Ғалым-журналистің қаламынан туған монографиялар, ғылыми мақалалар журналистика саласы іліміне қосылған алтын қор, сыбағалы да сүбелі олжа деп білемін.

«Абайтану», «Мағжантану» және «Абылайтану» атануы өз алдына бір төбе әңгіме. Ғалымның құнды тарихи еңбектері мемлекет тарапынан әр жылдары жоғары бағаланып, қоғам мен елдің рухани байлығын толықтыра түсті.

Қазіргі таңда Зарқын Тайшыбай «Қазақстан білім беру саласының құрметті қызметкері», «Саңлақ авторы», «Қазақ тілінің жанашыры» және тағы басқа көптеген атақтарға ие. Ойы терең, тілі өткір, айтқанымен жазғаны бірдей, тура мінезді болмысымен ғалымағамыз талай жауһар зерттеулерді дүниеге әкелді. Зарқын Сыздықұлы нақты деректерге негізделіп жазылған еңбектері әлі талай ұрпаққа рухани да ғылыми азық болары анық.

«Ат тұяғын – тай басар». Ұстазының жолын қуып, бүгінде елдегі белді журналистердің бірі ретінде танылып жүрген Төлен Тлеубайдың өз тәлімгері туралы айтқан мына пікіріне келіспеуге болмайды:

«Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым», – деген екен Ескендір Зұлқарнайын. Мен де Ескендір патшаның сөзін қайталағым келеді. Әрі ұстазым, әрі әкем Зақаңнан арлылық пен мейірімділік, батырлық пен әділдік, адалдық пен қарапайымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойыма сіңірдім. Зақаң маған күшіме емес, адал ісіме сенуді үйретті. Адал арымның – ақ мамық жастығы болатынын санама сіңірді. Шындыққа деген сүйіспеншілікті өмірлік ұстаным етуге баулыды. Сол үшін де ұлағатты ұстазыма мәңгілікке қарыздармын!»

Шәкірттің осы бір жүрекжарды пікірінен Зарқын ағаның ұстаздық қасиеттерінің биік екендігін, өмір бойы атқарған ісінің арты жемісті де жеңісті екендігін көруге болады.

Тұғыры биік құрметті ұстазымыз, Зарқын аға! Кемеліңізге құтты қадамыңызбен абырой атты белесті бағындырып келесіз! Тәуелсіз ел тарихында өз қолтаңбаңыз бар тұлғасыз! Сіздің шығармашылық әлеміңіз ұлт пен қоғамға, шәкірттеріңізге сыйланған сияпатыңыз! Біз үшін осы құнды еңбектеріңіздің қыр-сырын танып, әр сөзіңізді ыждаһатпен тоқи білу – үлкен бақыт!

Сізді бүгінгі мерейлі күніңізбен құттықтаймын, ағай! Шығармашылық табыс тілей отыра, сізге және сүйікті де, аяулы анамыздай болып, баршамызға қолдау көрсетіп, әр іс-әрекетімізге дем беріп жүрген асыл апайымызға зор денсаулық, шаттық пен бақытқа толы ұзақ ғұмыр тілеймін!

## **ҒАЛЫМНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ**

**Ә.Ж.Сәуірбаева**

*(«Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы)*

Қазақстан білім беру саласының Құрметті қызметкері, Қазақстанның Құрметті журналисі, Республикалық жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, СҚУ профессоры Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай – қазақ журналистикасы мен тарихына сүбелі үлес қосқан, тарихи-танымдық этно-мәдени тақырыптарға бара білген, қазақ журналистикасы тарихына қатысты еңбектері ғылыми қауымға кеңінен мәлім, көрнекті тұлға.

Зарқын Сыздықұлы баспасөз беттерінде жарық көрген әртүрлі жанрдағы жариялымдарымен бірге ғылыми кітаптар мен мақалалар жазумен ғана шектелмей әлемнің әр түкпірінде өткен халықаралық, аймақтық, республикалық конференцияларда әдебиет пен мәдениеттің маңызды мәселелері бойынша баяндама жасағандығын атап өтеміз.

Ол ғылыми жолының басын 1994 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінде құрылған журналистика кафедрасына басшылық етуден бастайды. Сол уақытта кафедраның ғылыми педагогикалық негізінің қалануына профессор С.Ш.Таханның, ф.ғ.к., доцент В. Т. Әбішеваның үлесі зор болды. Өтпелі кезеңнің қиын жағдайларында қалыптаса отырып, кафедра журналистика саласындағы жаңа мамандарды, Қазақстан мен шетел БАҚ өкілдеріне танымал ф.ғ.к., доцент К.Д.Асанов, аға оқытушы С.Таланина, М.С.Жапек, Т.А. Голубцов және тағы да басқа журналистерді тәрбиелеп шығарды.

Кейін, яғни 2000 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне шақырылды. Ал 2001 жылы осы университетте «Журналистика» мамандығын ашып,

сол мамандыққа үзбей басшылық жасап, болашақ мамандарға дәріс берумен келеді. Оған қоса журналистика мамандығы бойынша әдістемелік кеңестің жетекшісі, «СҚМУ Хабаршысы» редакция алқасының мүшесі, университет Ғылыми кеңесінің мүшесі (2000-2011), ректорат «2000-2014) мүшесі, «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы міндеттерін қатар алып жүрді. 2001 жылдан бері университетте өзі ұйымдастырған «Этномәдени зерттеулер» ғылыми-зерттеу орталығын басқарады.

1970 жылдан бастап профессор Х.Н. Бекхожиннің жетекшілігімен «Қазақтың революцияға дейінгі демократ-журналистері» деген тақырыптағы жүргізген зерттеулері 2006 жылы «Абай және баспасөз» атты монографияда жарық көреді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша докторлық диссертациялық кеңесте З. Тайшыбайдың зерттеулері жоғары бағаланды. Академиктер Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов, Рымғали Нұрғалиев, филология ғылымдарының докторлары Тұрсынбек Кәкішев, Марат Барманқұлов, Темірбек Қожакеев, Әбілғазы Нарымбетов, Алма Қыраубаева және басқалары диссертанттың «Абайтанудың революцияға дейінгі кейбір қайнар көздері» деген еңбегін «Абайтануға қосылған елеулі үлес» ретінде бірауызды пікір білдірді.

Автордың қаламынан туған «Мағжанның Қызылжары» («Астана-Полиграфия», 2007) монографиясы ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтарды нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен байытқан бірегей құнды еңбек ретінде бағаланды. Осы еңбекте алғаш рет «Мағжанның өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері» деген анықтама деректер беріліп, ұлы ақынның шығармашылық өмірбаяны ғылыми түрде тұңғыш рет уақыт ретімен, уақиғалар желісімен нақтыланды. Мағжан Жұмабаевтың ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Алашорда үкіметі құрамындағы журналистік, публицистік қызметтері, 1918 жылы Петропавлда «Жас азамат», 1920-1922 жылдардағы «Кедей сөзі» және «Бостандық туы» газеттері туралы зерттеулері еңбегін жан-жақты аша түсті.

Профессор көптеген ғылыми және педагогикалық кітаптарға жауапты шығарушы, редактор болды. Еңбекқорлығының арқасында тәжірибелі ұстаз, республикадағы журналистік білімді ұйымдастырушыларының бірі ретінде білім берудің халықаралық заманауи тәжірибесін игеруден жалыққан емес. Ұстаз 2007-2022 жылдар аралығында 45 журналистика магистрін дайындады.

2001 жылы АҚШ мемлекеті департаментінің шақыруымен «АҚШ-та журналистер даярлау» бағдарламасы бойынша АҚШ-тың бес университетінде болып, дәріс оқып тәжірибе алмасты, семинарлар өткізді. ҚХР Шыңжан университетінде, Қоғамдық ғылымдар академиясында (2012) халықаралық конференцияларға қатысты, Прага университетінде (2013) қазіргі БАҚ және журналистер даярлау мәселесі бойынша баяндамаларында мамандар даярлаудың өзекті тұстарынан ой бөлісті. 2018 жыл Солтүстік өңірден бір топ өкіл Баку қаласында өткен Мағжан Жұмабаевқа арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып қайтты. Сол игі шарада СҚУ профессоры Зарқын Сыздықұлы ақынның өмірі мен қызметі, оның шығармашылық мұрасы төңірегіндегі зерттеулер бойынша баяндама жасап жерлесімізге деген ілтипаттары мен қызығушылықтарына тәнті болып келді.

XXI ғасырдың басындағы көптеген көрнекті қазақстандық зерттеушілер тарих ғылымының дамуына баға жетпес үлес қосты. Олардың арасында Қазақстандағы этнографиялық ғылымның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан Зарқын Сыздықұлы Тайшыбайды атауға болады. Алайда оның ғылыми қызығушылықтары әлдеқайда кең болды. Қазақтың ұлы данасы Абайдың, жерлесіміз Мағжанның, тарихи ірі тұлға Абылайдың портретін жасап ұлылығы мен бірегейлігін атап өтті. Журналистика, этнография – оның ғылыми қызығушылықтарының тізбесі осындай. З.Тайшыбайдың зерттеу еңбектері қазақ халқының салт-дәстүрін, тарихи санасын,

ұлттық мұра мен идеяларын, сондай-ақ идеялық-тақырыптық бағыттары мен журналистік құндылықтарды, XX ғ. басындағы қазақ журналистикасының принциптерін жаңғыртуға бағытталды. Бұл, біріншіден, 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының (А.Байтұрсынұлы, А. Бөкейханов, М. Дулатов, Г. Қарашев, Е. Бұйрин және т.б.) оңалтуына қосқан үлесімен және олардың шығармаларын Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде жаңа көзқараспен саралау, екіншіден, қазақ журналистикасының тарихын қайта жазу барысында сабақтастықты қалпына келтірумен байланысты.

2000-2019 жылдар аралығында З.Тайшыбай табандылық пен төзімділіктің арқасында журналистика және өзге де салалардың дамуы бағытында еңбек еткен ғалымдардың бірі десек артық айтпаған болармыз. Әдебиет, тарих, әлеуметтану, журналистика арасында пәнаралық байланысты ескерсек, ғалымның тарихи тақырыпқа да жүгінуінің жөні бар. Айталық, Алаш көсемдері туралы терең зерттеу мақалалары, тарихи-публицистикалық еңбектері пайда болды. Ғалымның зерттеулеріне зиялы қауым оң баға беріп, өз пікірлерін де білдірген.

«1971 жылы журналистика мәселелерін зерттеу» бойынша бүкілодақтық конференция өтеді. Оның материалдары «Искусство публицистики» деген екі томдық кітап болып шығарылады. Соның ішінде Одақтық белгілі ғалымдар мен бірге Зақанның да зерттеуі жарияланған. Оның «Рахымжан Дүйсенбаев кім?» деген ғылыми мақаласын Алматыдан 1971 жылы шыққан «Журналистика» атты кітаптан кездестірдім. Ал ол заманда Алаштың ардақтылары туралы сөз қозғаудың өзі қауіпті болатын. З. Тайшыбай ұстазы Қ.Бекхожиннің нұсқауымен ұлтжанды қазақ қаламгерлерінің еңбектерін сол кездің өзінде ғылыми айналымға енгізіп, батылдық көрсеткен болатын. Профессор З.Тайшыбайдың Абайтану, Алаштану, баспасөз тарихы салаларынан жазған еңбектері туралы ауыз толтырып айттық. Соларға Мағжан ақынның өмірі мен қызметін таза архив деректері негізінде зерттеп, насихаттағанын қоспасақ, ақиқатқа қиянат. Кейін Мағжан елінде жүріп, бір шеті Қазан, бір шеті Мәскеу мен Тәшкентте жатқан материалдарды жинап, Қызылжар архивіндегі құжаттармен байытқан «Мағжанның Қызылжары» монографиясы қайраткер ақын туралы әр қазақтың түсінігін кеңейтті. 1918 жылы Қызылжарда шығып тұрған «Жас азаматтан» бастап, «Кедей сөзі», «Бостандық туы» газеттерін қолымен құрып, тамаша көсемсөз үлгілерін берген Мағжан туралы одан бұрын ешкім жазбаған. Мағжанның уақыт пен ортаға көзқарасы, ұлтшылдық болмысы, қоғамдық-саяси ұстанымы, әуелі Міржақып Дулатовтың ықпалымен қалыптасты деген зерттеушінің дәлел-тиянағы берік. Бұл – терең зерттеу, салыстыра, тексере жасалған байлам екеніне көзіміз жетті. Өзіміз де әуезовтанушылар санатынан болған соң, бұл профессордың Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына байланысты жазған-сызғандары, әсіресе, маған жақын болатын жөні бар. Осы тұрғыда З.Тайшыбайдың республикалық баспасөз бетінен көрінген «Мұхтар Әуезов өмірінің бір кезеңі», «Қазақстан қазақсыз қалмасын», «Мұхтар Әуезовтің жан-айқайы» сияқты деректік құны бағалы мақалалары екінің бірінің қолынан келе бермегенін де айтуға тиіспін. Автор біліп жазады, қаза тексеріп, өзінен бұрын айтылмады-ау деген буындарға салмақ сала, оқырманының ойын қозғап жазады. Былтыр баспасөзде көрінген «Алаш қайраткерлері Сталиннің қабылдауында» деген мақаласының өзі неге тұрады. Оның шығармашылығына тән осындай қасиеттері ерекше», – дейді профессор Б.Жақып.

1985-87 қайта құру, аштық заманында шындықты айтар күн туғанда, З.Сыздықұлы демократтық журналистиканың көшін бастап, қоғам өміріндегі күйіп тұрған мәселелерді, мысалы, қазақ тілінің мүшкіл халін, қазақ мектептерінің аздығын қаймықпай көтерді. Ұлт теңсіздігін, қазақ мәселесін шұрқырата жазды.

«1986 жылы желтоқсан көтерілісін ашық қолдап, жиналыстарда сөз сөйледі, партия мен үкіметтің ұлт саясатын бұрмалап отырғанын, мына көтеріліс сол әділетсіздікке қарсылықтың көрінісі екенін жасырған жоқ. Әлі есімде 1987 жылы соңғы қолжазба мақаласын маған тастап кеткен. Тақырыбы: Жалаңтөс батыр. Қалжан және Бөкетов. 18 ғасырда басқыншыларға қарсы күрескен атақты Қаз дауысты Қазыбек бидің күйеу баласы Жалаңтөс батырдың басына ескерткіш қою туралы ұсыныс айтылған. Мақала бірқатар уақыт жатып қалды да, Нұрмұқан Оразбеков редактор болып келген соң ғана, «мәдениеттіліктің белгісі» деген тақырыппен шықты», – дейді Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, журналистика ардагері Гүлсім Оразалықызы .

«Қызылжар нұры» газетіне «Өлке тарихын білгір зерттеуші» деген тақырыппен көлемді мақаласы шықты. Мақалада XIX-XX ғасырлардағы Алаш көсемдерінің өзекті мәселелерін зерттеп, қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының тарихына мол тың зерттеу нәтижелерін күйғандығы туралы баяндалады. Ғалым: «Өлкетану ісі мәдениет құрылымының негізгі тармақтарының бірі ретінде әр адамды тарихи қазыналардың тағдырына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Баға жетпес қазыналар әр өлкенің, қаланың, ауылың мен атаңның тарихында жатыр. Демек, ұрпақ жалғастығы үзілмесін десе, әжелеріміз бен аталарымыздың қолымен жасалған құндылықтарды қастерлеп сақтай білейік, өзімізден кейінгі ұрпаққа мәпелеп жеткізейік. Сайып келгенде, отансүйгіштік, патриотизм дегеніміздің өзі осы», – дейді. Бұл зерттеуші ғалымның сөзінде үлкен мән бар. Ұлттық рух, ұлттық болмыс, ұлттық дәстүр біздің ең басты құндылығымыз екені рас.

Солтүстік Қазақстан облысын зерттеген профессор өлкенің тарихына байланысты бір талай құпияның бетін ашады. Мысалы: өлкемізде оқу-ағарту ісінің тарихын зерттеп, 1920 жылғы қаңтардың 10 күні Омбыдағы Сибиркомның жанынан Сібір облыстық оқу бөлімі құрылғанын, оның бөлімшесінің біреуі аз ұлттар бөлімшесі деп аталса, қазақ-татар секциясын Мағжан Жұмабаев басқарғанын анықтады. Ақмола губерниясы құрылғаннан бастап алғашқылардың бірі боп губерниялық оқу бөлімі 1921 жылдан жұмыс істей бастаған. Жанұзақ Жәнібеков мектеп бөлімінің меңгерушісі болғаны, бұған дейін ол Себеркомға қараған Петропавл уездік оқу бөлімінің инспекторы болып істегенін (СҚММ, 254-қор, 1-тізбе, 5-іс, 23-парақ) деректермен бекіткен. Осылайша Жанұзақ Жәнібековтың халық ағарту ісіндегі қызметі ашылды. Орталығы Петропавл болған Ақмола губерниясына қазіргі Қарағанды облысының жартысынан көбі, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қостанай облысының бір бөлігі қараған. Өлкеміздің дамуында өзіндік орны бар Жанұзақтың жасаған жақсылықтарын айғақтайтын архив деректері баяндалады (СҚММ, 55-қор, 3-тізбе, 23-іс, 146-парақ).

Мақалада өлкетанушы ғалымның зерттеу жұмысы жіпке тізген маржандай түзіліп тұр. Солардың қатарында Қызылжардағы педтехникумының ашылған күні 1922 жылдың 27 қарашасы деген тұжырымын көруге болады. Алғашқы ұйымға қатысқан адамдардың сол жердегі қазақтардың бас көтерерлері екенін жай айтып қоймай, түсін түстеп, яғни аты-жөндерін көрсетеді. Зерттеушінің құнды жаңалықтары осы мақалада баяндалған. Және ғалымның өлкеге сіңірген қызметі туралы Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаттың директоры Сәуле Мәлікованың аузынан естігенімізді ескеретін болсақ бұл зерттеулердің құнын бағамдай беріңіз. Тарих ғылымының кандидаты Сәуле Мәлікова зерттеуші-ғалым туралы: «Ағамыз мұрағаттану, өлкетану мәселелері жөнінде ақыл-кеңесің аямайды. Облыстық ономастикалық комиссияның білгір мүшесі ретінде үнемі құнды ұсыныстар білдіріп, тарихи топонимикадан деректі ақпар беріп отырады. Ол кісінің баспасөзде басылған, теледидар мен радиодан айтқан өнегелі сөздері мен ғылыми тұжырымдарын үлкен ұстаздық санаймын», – депті мақала соңында.



СҚУ профессоры З.Тайшыбай мен СҚО мемлекеттік мұрағатының директоры Сәуле Мәлікованың авторлығымен 2013 жылы «Қызылжар нұры» газетінде жарияланған «Есіл даласына 100 жыл» атты мақаласында «Есіл даласы» газетінің тарихы берілген. Мақалада ғалым Солтүстік Қазақстан облысының тыныс тіршілігінен хабар беріп, облыстың қоғамдық-саяси, әлеуметтік -экономикалық дамуына ықпалдасқан баспасөздің рөлінкөрсеткен. Әр кездегі баспасөз сол дәуірдің шежіресі дейді. Мысалы: Қызылжарда алғашқы электр станциясы қашан салынды, қала жұрты оның игілігін қалай көрді деген сұраққа, «Есіл даласының» 1913 жылғы 23наурыздағы бірінші және 1 сәуірдегі екінші санындағы ақпарат жауап бергендей. Газеттің бұған дейін зерттеуден тыс қалу себебін де анықтап көрген. Осы жылы шыққан газетке редакторы «С.Воронков, К.Ф.Яворскийдің қолы қойылғаны, «бірінші саны 1913 жылы 23 наурызда орыс тілінде шығарыла бастаған газеттің екінші санында орысша «Ишимская степь» деген атауының астында арап әліпбиімен «Ишим даласы» деп ойдырып жазылған клише берілген. Осылайша орыс тілінде берілген мәліметтерге қарап «Есіл даласы» газеті қазақ зерттеушілерінің назарынан қалып отырған деген тұжырым жасалады. Бірінші бетке В.Я.Поляков деген дәрігердің сырқаттарды қабылдайтыны туралы қазақша жарнама жарияланған. Қазақ, татар тіліндегі материалдар үшінші санынан бастап, әр бетте көріне бастайды. Алайда, газет шығарушылары бұл жолда қиындықтар көргенге ұқсайды. «Есіл даласы» үшінші санында «...Баспаханаға тұрақты жұмысқа мұсылманша әріп терушілерді жұмысқа шақырғанын» жария етті. Газет бетінде «Күн тәртібіндегі мәселелер» деп аталатын айдарда (жергілікті өзін өзі басқару билігіне өкілдер) сайлауға дайындық жұмыстары туралы ақпараттарды кездестіруге болады. Демек, ғалымның газетті зерттеу деректерінің негізінде «Есіл даласы» басылымы сол өңірдің саяси-қоғам, әлеуметтік-экономикалық жағдайын қамтып отырған деп толық айта аламыз. Зерттеуші «Ишим даласы» газеті туралы тың деректерді жарыққа шығарды. Айта кету керек, сөз болып отырған басылымнан өзге «Солтүстік Қазақстан облысының баспасөзі тарихы» деп аталатын монографиясында «Қазақ» газеті, «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» басылымдары туралы бірқатар деректер берілген. Қазіргі таңда қазақ баспасөзі тарихының зерттелуіне қомақты үлес қосқан ғалым З.Тайшыбайдың тұжырымдарына соқпай өту мүмкін емес. Осылайша мақалада ғалымның өлкеміз туралы архивтен тапқан тың деректерін сәйкестендіру, санаға қонымды тұжырым жасауы оның зерттеулерінің мәні мен маңызы ашылады.

Тынымсыз зерттеу еңбектерімен қатар елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық салаларында болып жатқан өзгерістер мен өзекті мәселелерден тыс қалып көрген жоқ. Облыстық, қалалық, аймақтық, республикалық көлемде өтіп жатқан дөңгелек үстөлдерде баяндамалар оқып, керек жерінде ой пікірімен бөлісіп, тиімді ұсыныстар айтатыны тағы бар.

«Малшыға да жалшы керектің кері» деген тақырыппен З.Тайшыбайдың «Егемен Қазақстан» республикалық газеттің меншікті тілшісі Өмір Есқалиға берген сұхбаты жарық көрді. Онда Зарқын Сыздықұлы Солтүстік өңірде журналист мамандарды даярлау мәселелері, Мағжанды зерттеудің мәні, қазақ тілінің бүгінгі жағдайы туралы өткені мен бүгінгі жағдайын салыстыра отырып ой толғаған.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбайдың «Айқын» газетінде «Абылай ханды аңыздан арашалап алдым» деген атпен сұхбаты берілген. Мақала Абылай туралы татымды деректердің бар екендігіне көз жеткізеді.

З.Тайшыбай Алаш қайраткерлерін зерттеуден бір уақыт қол үзбейді. Профессордың «QYZYLJAR» телеарнасы «Сұхбат» бағдарламасында берген сұхбаты соның бір дәлелі. «Алаштың арысы Мағжан» тақырыбында «Сұхбат» бағдарламасының

қонағы болған Зарқын Сыздықұлы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының төңірегінде халықаралық деңгейде М.Жұмабаевтың 125 жылдығының атап өтілуі туралы баяндады. Түрік әлемінде жылы М.Жұмабаевтың жылы ретінде жарияланған болатын. Алты Алаштың ардақтысы Мағжанның мерей тойы халықаралық деңгейде атап өтілуде. Осы орайда көптеген ғылыми конференциялар өткізілді. Ақынның көптеген өлеңдері өзге тілдерге аударылып, талай игі істер атқарылды. Жақында Әзірбайжан елінде өткен ғылыми конференцияға барып қайтқан облыстық мұрағаттың директоры С.Мәлікова, облыстық тілдерді дамыту департаментінің төрағасы К.Қарашұлы және М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың атынан өзінің барғандағы мақсаттарымен, сондай-ақ Мағжанды зерттеудің кейбір мәселелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. «Әзірбайжан елінің Мағжан бабамыздың шығармашылығына қызығушылық танытып отырғандығы қуанарлық іс. Баку қаласында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Мағжанның топырағынан барған өкілдер Мағжантанудың идеялары мен поэзиясының әр қырынан зерттелуін баяндадық», – деді бағдарлама көрермендеріне профессор З.Тайшыбай.

Зерттеулерінде мұрағат деректерін салыстырумен қатар, әріптестерінің зерттеулеріне де құрметпен қарай отырып салыстырады, таразылайды, ой талқысына салып, логикалық жүйемен тізбектеп ақиқатын іздейді. Деректі эстетикалық таным түсінікпен өріп жазған әрбір еңбегі оқырманның қабылдау қабілетін дамытып отырады.

Қазақ баспасөзінің тарихының қалыптасуынан, аймақтық баспасөздің жанрлары мен пішіндері туралы немесе осы өлкенің саяси өмірі, сол тұстағы зиялы тұлғаның шығармашылығы туралы зерттеулер жасалатын болса профессор З.Тайшыбайдың баспасөз тарихы туралы еңбегінің пайдасы тиері нақ. Бұл еңбек кейінгі зерттеушілерге жаңа идея беруі, соның ішінде жеке-жеке нысанға айналатын зерттеулер тудыруы ықтимал.

## ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

**Е. Амантайұлы**

*(«Soltüstik Qazaqstan» газетінің бас редакторы)*

Жылдар жылжып, заман өзгерген сайын көптеген кәсіп түрлері керексіз болып қалуда немесе орнын жаңа мамандықтар басуда. Дегенмен уақыт көшінен қалмай, түрлі өзгерістерге тез бейімделетін қызмет түрлері де баршылық. Солардың бірі – ең көне мамандықтар қатарындағы журналистика. Америкалық жазушы Роберт Сильвестр бұл кәсіп түрін әлемдегі екінші көне мамандыққа теңеп, осы атаумен кітап та жазғаны белгілі. Еліміз егемендік алғаннан кейін отандық бұқаралық ақпарат құралдарына ойы азат, санасы еркін, ұстанымы берік тілшілер қажет болды. Бұл мәселені әрбір өңір, соның ішінде әрбір газет пен журнал, телеарна мен радио өз бетінше шешті. Амалсыздан басқа сала мамандарын, соның ішінде жазу мен сызуға бейім мұғалімдерді, дауысы бар, дикциясы дұрыс деп әншілерді қызметке алды. Бірақ бұл – тығырықтан шығатын жол емес еді. Ал Алматыдағы жалғыз университеттің түлектері сол кездегі астананың төңірегінен аспайтын.

Үш жүз жыл бодандық қамытын киіп келген елімізге үлкен серпіліс керек еді. Бұл істе Ахмет Байтұрсыновша айтқанда, «халықтың көзі, құлағы һәм тіліне» баланатын ақпарат құралдарына үлкен сенім артылды. Журналистің басты мақсаты – халықтың қамын ойлау. Қандай өзекті мәселені көтермесін, журналистика соның бәрін халықтық

тұрғыдан қозғауға, халықтың сөзін сөйлеуге күш салады. Орыс публицисті Николай Михалковский айтқандай: «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады».

Заман аңдысын алыстан аңғаратын Зарқын Тайшыбай кәсіби журналистерсіз ақпарат көші түзелмейтінін бірден аңғарды. Аңғарды да Алматыдан кейін елімізде журналистер даялау ісін Қарағандыда қолға алды. Кенді өлкедегі жағдай түзеле бастаған тұста осы миссияны теріскейде жүзеге асыру үшін тізгінді Қызылжарға қарай бұрды. Бұл мыңжылдықтар түйіскен тұс болатын. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті жанынан қазақ журналистикасы бөлімінің ашылуы аспанкөздер басым өңір үшін айтулы жаңалыққа айналды.

2003 жылы ауыл мектебін бітіріп, тілші боламын деген арман қанатында қалаға алып-ұшып жеттік. Еліміздің білім саласына Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілерден бір жыл бұрын оқу бітіріп кеткеніміз қандай жақсы болған деңізші. Мектептегі емтихандардың жартысын ауызша, кейбірін жазбаша тапсырып, университетке түсу үшін қалаға тарттық. Дайындалуға берілген уақыт бір ай. Болашақ ұстазымыз Зарқын Сыздықұлымен танысқанымыз осы кез. Оқуға түсуге бір көмегі тиер деген ниетпен мектепте алған грамоталар мен мақтау қағаздарын, аудандық газетке шыққан мақалаларымның қиындысы салынған папканы құшақтап аудиторияға кірдім. Оншақты жас жиналып қалыпты. Кейін бәрі дерлік мықты журналистерге айналды ғой, ол кезде ауыздарынан ана сүті кеуіп үлгермеген қарадомалақтар. Бар байлығымды жайып тастап, мақтанып көрсетіп жатқанмын. Захаң бір жымыды да: «Мыналарды өзің жазып әкелгенсің бе? Мөрі қайда?», – деді бір бума қағазды маған қарай итеріп. Қып-қызыл болып кеттім. Қарасам, шынымен де, кейбіріне мөр басылмапты. Ауыл мектебінде оған кім назар аударып жатыр дейсіз. Мән берместен бергенін ала беріппіз ғой. Осылайша алғаш рет журналистік қырағылық дегеннің не екенін ұқтым.

Мамандық бойынша пәндердің барлығын Зарқын Сыздықұлы өзі оқытты, тек тіл мен әдебиет және тарихты ғана өзге факультет ұстаздары берді. Сондықтан да болар кей күндері таңертеңнен кешке дейін ұстазымыздың ғана лекциясын тыңдайтынбыз. Басында Захаңның сабақ бойы, сабақ бойы деймін-ау, күн ұзаққа түрегеліп тұрып дәріс оқитынына таңғалатынбыз. Орындыққа неге отырмайды екен деп ойлап қоямыз. Себебін кейін білдік қой, омыртқасына ота жасатқанын. Отыруға болмайды екен. Сағаттап тапжылмай тұрып сабақ беру – ерлікпен пара-пар ғой. Осы сәттен бастап ұстазымыздан қайсарлықты үйрендік.

Зарқын ағай өз пікірінді ешкімнен қорғаламай ашық айту, шындықты жасырмау, өтіріктен аулақ болу сияқты қасиеттерді шәкірттерінің бойына сіңіруге тырысты. Жалпы ол кісінің алдында жарты сағат отырған адам ұлтшыл болып шығатын. Ал төрт жыл бойы дәрістерін тыңдаған біздің «жағдайымыз» айтпасақ да түсінікті. Университеттегі жиналыстардың бірінде қазақ топтарына арналған оқу залының жағдайы орысша оқитын студенттердікіне қарағанда өте нашар екенін айтып, ректорды «жағадан алғаным» бар. Жүздеген студенттің алдында шындықты бетіне айтып, «абыройын түсіргенім» үшін оқудан шығара жаздаған. Бірақ ұстазымыз үйреткендей тура жолдан тайған емеспіз. Әлі де шамамыз келгенше сол ұстанымға берікпіз.

Ол кісі әрбір қадамын аңдап басатын, айтар сөзін ойланып барып айтатын адам. Алайда батыр аңғал келетіні сияқты кейбір сәтте езуге күлкі үйіретін қылықтары да бар. Топтағы ұлдардың саны бір қолдың саусағындай ғана, оның өзінде бәрі бірдей оқуға келе қоймайтын. Ал қыздар жағы қалмайды, ең соңғы сабаққа дейін отырады. Қызық осы кезде басталады. Захаң ақ «Жигулидің» жарығын өшіруді үнемі ұмытып кететін. Кешке дейін тұрғанда аккумуляторда қуат қалушы ма еді? Итеру керек. Қысқа көйлек, біз өкше туфли киген группаластарымның Пушкин көшесінің бойымен ары-бері ақ «Жигулиді» итеріп жүргені есіме түссе қазір бір күліп аламын. Ағайдың

қызықты оқиғалары бұнымен бітпейді. Бірде бензин құюға тоқтап, ақысын төлеуге кеткен Гүлнәр жеңейді жанармай құю стансасында қалдырып үйіне кетіп қалғаны бар. Автұраққа өзі қойған көлігін ұмытып үш күн іздеп, полицияға хабарлай жаздағаны да бір қызық әңгіме.

Алматыдағы аға буын журналистер арасында өздерін «Шерағанның шинелінен шыққанбыз» деп санайтын әріптестеріміз бар. Ұстазды құрметтеу үшін бұдан асқан теңеудің қажеті жоқ-ау, сірә. Біз де бұл тіркесті өзімізше өзгерткіреп, «Захаңның шапанынан шыққанбыз» деп мақтанып жүреміз. Ұстазымыздың аты мен әкесінің атын қосақтап айтуды кейін шығардық қой, әйтпесе оқып жүрген кезде бәріміз Зарқын ағай дейтінбіз. Жақында университетке жолым түсті. Сабақ болып жатыр екен. Рұқсат сұрап кіріп, аудиторияның артқы орындығына жайғастым. Студенттердің бірі сұрақ қойып, екіншісі сабақ айтып жатыр. «Ата, мен айтайыншы...», «Атай, мынаның жауабы қалай?..» деп жан-жақтан шулауда. Зарқын ағамызды, Зарқын Сыздықұлын қазіргі шәкірттері «ата» дейтінін бірінші рет естідім. Естідім де таңғалдым. Қандай жарасымды көрініс! Қарап отыра бергің келеді!

## **ЗАРҚЫН СЫЗДЫҚҰЛЫ ТАЙШЫБАЙ – САРЫАРҚА ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛЖАР ЖУРНАЛИСТЕРІНІҢ РУХАНИ ӘКЕСІ**

**Ж. М. Садықанов**

*(Қарағанды облыстық Қоғамдық Кеңесінің төрағасы,  
Журналистер Одағының облыстық ұйымының төрағасы)*

Зақан ағамыз Тәуелсіздік таңы атқан жылдары Қарағанды журналистика мектебінің негізін қалап, оны нығайтуға айрықша атсалысқан еңбегі – ел үшін атқарған қызметінің шоқтығы. Медиа журналистика майталманынан тәлім алған шәкірттер еліміздің түкпір-түкпірінде, ақпарат саласында, телеарналарда еңбек етуде. Кейінірек осындай игі істі Қызылжар топырағында жүзеге асырып, отандық масс-медиа өкілдерінің бірнеше буынын тәрбиелеуге зор үлес қосып жүр.

Бүгінде қалың жұртшылық Зарқын Тайшыбайды отандық журналистиканы өркендетуге қомақты үлес қосқан жампоз журналист және ұлт тарихын терең зерттеуші ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде қадірлейді. Зарқын Сыздықұлының 80 жасқа келген мерейтойын Солтүстік Қазақстан елі ерекше көңілмен және биік деңгейде атап өтті. Арқа жерінен арнайы делегация құрылып, Қызылжар топырағына ат басын тіреді. Негізгі мақсат – ортаға шығып, бар екенімізді көрсетіп, жылы лебіздерімізді жеткізіп, бас иіп, құрмет білдіру.

P/S. Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай Сарыарқаға келгенде, өңір басшылығы мен жерлестері мерейтой иесіне лайықты құрмет көрсетеді деп сенемін.

«КАМЕННОЕ ЛИЦО ИНДЕЙСКОГО ВОЖДЯ, НИ ОДИН МУСКУЛ НЕ ДРОГНУЛ!» – так на заре Независимости, шутя, вспоминали студенты поведение завкафедры журналистики в тот момент, когда Заркын Сыздыкович дал от ворот поворот ректору университета, который нагрнулся с проверкой во время экзаменов. «Жамбыл Саулебекович, вы сомневаетесь в моём профессионализме в сфере журналистики?!» – холодно встретил руководителя вуза основоположник карагандинской журналистики Заркын Тайшыбай, и ректор вынужден был ретироваться, дав возможность студентам спокойно сдавать экзамены.

Заркын Сыздыкович в Карагандинском регионе был крёстным отцом не только казахской журналистики, но и русской. Всегда находил возможность дать мудрые советы от себя лично, а порой цитируя великих сыновей казахского народа. За спиной

ЗаркынаСыздыковича желторотые журналисты ошущали себя как за каменной стеной. Однажды студенты кафедры журналистики, участвуя в КВН, неудачно пошутили про Первого Президента страны, назвав его «Нурсултан Обещаевич». А потом было не до смеха. Вопрос стоял об отчислении. Тогда в этой непростой ситуации Заркын Сыздыкович спас и своих студентов, и горе-квнщиков с других факультетов.

Недавно известный журналист, учёный-исследователь национальной истории, мудрый наставник Заркын Тайшыбай отметил свой 80-летний юбилей, а его ученики успешно работают в медиа-сфере в разных уголках Казахстана и за его пределами.

## **ЗАҚАҢНЫҢ КӘУСАР БҰЛАҒЫНАН НӘР АЛДЫҚ**

**Г.М.Елеусізова**

*(Ақтоғай аудандық «Aqtogay aяary» газетінің бас редакторы)*

Ардақты ұстаз, Сіз туралы жазу үшін қатты қобалжыдым. Шәкірттік лебізімді жеткізе алмай қаламын ба деп алаңдаулымын. Сізді асыра мақтау қажет емес, мақтау мен марапаттың айдынында жүзіп жүрсіз. Халықтың батасымен көгерген жансыз. Мен сияқты сан мыңдаған шәкірттердің қаламын ұштап, қарымды еткен – қаламгерсіз. Сексеннің сеңгіріне шыққан сәтіңізде, мен де Қарағанды өңіріндегі алғашқы шәкіртіңіз ретінде қалам тербемей қала алмадым. Сонау 1993 жылдың шіліңгір шілдесінде арман болған Алматыға жолым түспей «журналист боламын» деген арманымның тауы шағылғанда, әкемнің тапсырмасы бойынша ұстаз болуға бет бұрып, чемоданымды сүйретіп, еріксіз ұзатылған қыздай, шахтерлар қаласы Қарағандыға жол тарттым. Ішім алай-түлей, қыз-қыз қайнайды. Өксігімді ішке жиып, филология факультетіне құжаттарымды тапсырдым. Әкем ауылға аттанып кетті. Екі күн араға салып талапкерлер жиналған ҚарМу-дің табалдырығына тағы бардым. Арман қуған мен сияқты қаракөздер қаптап жүр. Университетпен танысып, етімізді қалаға үйретіп жүрміз ғой баяғы. Құжат қабылдаушыларға да, қалаға да ештеп үйрене бастадық. Сөйтіп жүргенде сол жердегі үгіт-насихат жүргізіп жүрген қыздардан биыл университетімізде «журналистика» бөлімшесі ашылды. «Аталған бөлімге болашақ журналистерді шақырамыз» дегенін естігендегі менің қуанышымды сөз бен айтып жеткізу мүмкін емес. Құжаттарымды дереу қайта жинап, журналистика бөліміне тапсырып, асқақ армандарым орындалып, қалаған мамандығыма оқуға түсіп, студент болып шыға келдім. Уақыт сырғып өтіп жатыр. Алғаш ашылған бөлімшенің қазақ бөліміне 10 студент қабылдандық. Алғашқы дәрістерімізді де бастап кеттік. Сол кезде тау тұлғалы ұстазымыз Заркын Сыздықұлы бізді әкеміздей қарапайымдылықпен қарсы алды. — Бірден айтайын сендер болашақ журналисттерсіңдер. Ең алғашқы кезекте өткір болыңдар. Жалтақтық сендерге жараспайды, ойлана жазатын, ойлы жазатын, һәм ойландыра жазатын журналист болуларың керек,-деп қасына үйіріп алып, бірден ақылы мен тәрбиесін қатар сіңіріп, шығармашылық шабыт берген ардақты ұстаз. Үлкен профессор екендігіне қарамастан, қарапайымдылықтың үлкен үлгісі болдыңыз. Нағыз ұстаздың шынайы бейнесін сол кезде Заркын Сыздықұлынан көрдік. Ол кезде бөлімшеде небір журналистиканың жілігін шағатын Ермек Балташұлы (газет дизайнын шебер сызатын), Қуандық Шамақай (Әлем журналистикасын жетік меңгерген ұстаз) (марқұм), Мейрамхан Жәпек (Қазақ журналистикасының тарихын санамызға сіңірді) сынды өте мықты, білікті ұстаздар дәріс берді. Төрт ұстаз, он студент бір үйдің адамдарындаймыз. Лекцияларымыз сағатқа созылса да, ұзын сонар жазбаларға дәптерлеріміз толмайды. Барлығын нақты тәжірибемен түсіндіріп, құнды-құнды шағын лекциялармен сабақтарымыз өтіп жатты. Зақанды әкеміздей көріп "кейін Зақа папа"

деп кеттік. Үнемі уақыты болмай, әркез қат-қабат жұмыстармен жүретін ұстазымызды бір сәт, сабақ арасында көріп қалсақта, бір ауыз сөзінің өзін бір сабақтың лекциясын тыңдағандай, әрбір кездесу сәтімізден құнды деректер алып қалатынбыз. Уақыт өте келе, баламыз ғой, бізге «жазғыштарым кейін жаза жатарсыңдар, жүріңдер мен сендерге тірі журналистерді көрсетейін» деп, қарашанырақ «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына алып барды. Өңіміз түгілі, түсімізде көрмеген редакцияның табалдырығын қорқақтап аттадық. «Арман болған тек үлкен журналистер ғана баратын жер» деп ойлағанмын ғой өз басым, редакцияны аралап, ғажап-ай «тірі журналистерді» көргендегі менің журналистикаға деген ынтықтығымды жеткізу мүмкін емес еді. Зақа ұстаз — тума журналист қой. Сол тірі журналистердің біразының (Серік Сексенұлы, Аман Жанғожин, Төрехан Майбас, Серікбай Алпысұлы, Сүйіндік Жанысбай) қол астында тәжірибеден өтіп, журналистік қаламымызды шындай түстік. Алғашқы түлектер болғаннан соң біздің бөлімшенің құрылымы да, жұмыс жасау стилі де мүлдем бөлек еді. Филология факультетімен жағаласып жүріп білім алып, ҚарМУ-дің қай жатақханасында бос орын бар бізді сол жерге орналастыра беретін. Кейде босорын болмаса, Гулнар анамыз (Гуля мама) үйіне шақырып алып, туған анамыз секілді бауырына басқан қамқорлығын сезініп өстік. Осының бәрінде Зарқын Сыздықұлы ұстаздық, әкелік қамқорлықпен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, өзінің сөзімен айтар болсақ «табақтай» дипломды ұстатты. Менімен бірге ақын, «Шабыт» сыйлығының лауреаты Руслан Нұрбай, Ұлттық кеңестің мүшесі, докторант, ұстаз Ләззат Қожахметова, қарымды журналистер Қарлығаш Жантуғанова, Қайныш Бұхарбаева, магистрант Айгүл Төлепбекова үлкен өмірге жолдама алды. Оқу бітіргеннен кейін Ләззат пен Қарлығаш, Айгүл келешек журналистерге дәріс беру үшін кафедрада ұстаздық қызмет атқарып, тізгінді кіл мықты ұстаздармен қатар ұстап, шәкірт тәрбиеледі. Руслан ақындығымен бірге, қаламын мұқалтпай журналистиканың жілігін шағып, майын ішіп жүр. Бәріміз қалада болмайық, ауыл журналистикасын жаңғыртайық деген мақсатпен мен туған жерге туымды тігіп, ширек ғасыр бойы аудандық газетте қалам тербеп келемін. Бұл өмір жолымызды тізбектей жазуымның себебі Қарағанды журналистикасының алғашқы ірге тасын қалаушылар, аймақтық журналистиканың негізін қалануына еңбек сіңірген жандарды әріппен қашап, тарихта қалдырып, жас ұрпаққа үлгі ету. Оның ішінде Зарқын Сыздықұлындай талантты, қаламгердің мерейлі жасында шәкірттік үнімді баспасөз арқылы жеткізуді жөн көрдім. Зақаң марапатқа марқаятын жан емес, нағыз кәусар бұлақ. Ардақты ұстаз туралы таңды-таңға ұрып жазуға болады. Ол – оған лайық тұлға. Журналистикадан жеке Зақаңның талантты қырлары көп, сол біздің студенттік жылдарымызда Қарағандыда теңдесі жоқ аудармашы болды. Орысша кітаптарды ала салып, әдеби тілмен ауызба-ауыз аударып беретін. Зарқын Сыздықұлы осы жасына дейін нағыз елге елеулі, халыққа қалаулы, еңбегінің жемісі көзі тірісінде бағаланған аса құрметті тұлға. Зақаңды әр қырынан әр шәкірттері ашып жаза жатар, менің алғашқы қарағандылық шәкірті ретінде қысқаша жазған естелік әңгімем осы.

Құрметті Зарқын Сыздықұлы! Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын. Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт тіледім. Гулнар анамыз екеуіңіз шөберенің қолынан май жалап, абыз ата, ақ жаулықты әже болыңыздар. Халыққа бергеннен береріңіз көп, Алла ғасыр тойыңызды көруді нәсіп етсін.

PS: Ұстазым Мағжан туған Қызылжарда, мен Әлекең туған Ақтоғайдамын. Алайда әлі күнге менің редакторлығымды қадағалап, газетімді оқып, бағасын беріп отырады. Қалай ғана қадірлемейсің, құрметпен бас иемін Сізге ұлағатты ұстаз.

## ТҰЛҒАТАНУШЫ

Г.Қ.Төлешева

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Зарқын Тайшыбай өзінің ғалымдық-журналистік өмір жолында болмысы ерекше жаралған талай жанның портретін сомдаған. Қазақтың талай біртуар ұл-қыздарының қадыр-қасиетін арттырып, халқына таныстыруға тырысып келеді. Зарқын Сыздықұлының шығармашылық жолы туралы әңгіме қозғалса, оның – абылайтанушы, абайтанушы, мағжантанушы, алаштанушы деген салмағы қомақты, мазмұны терең анықтамаларымен ұлтқа сіңірген еңбегі айқындала түседі.

Зарқын Тайшыбай ғалымдықтың алғашқы қадамын, зерттеу нәтижесінің білім кәусәрін 1967 жылдан бастап сезінген. С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығын тамамдар кезде, оның таңдаған дипломдық тақырыбы – Рақымжан Дүйсенбаевтың журналистік қызметі жайында болыпты. Осы университет қабырғасында жүріп, ғылыми жетекшісі Қалижан Бекқожиннің бағыт беруімен ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы қазақтың демократ-журналистерін зерттеуге деген қызығушылығы да жоғары болған.

Ғалым 55 жылғы тынымсыз еңбекпен талай тұлғаны ұлтына таныстырды. Солардың ішіндегі қазақтың біртуар үш ұлының өмірі мен шығармашылық жолын зерттеуге сіңірген еңбегін ерекше атап өткен жөн. Сондағы шығармашылық ізденіске баға бере отырып, бүгінде біз Зарқын Тайшыбайдың өзінің тұлғалық келбетін сомдап шығарымыз сөзсіз.

Зарқын Сыздықұлының ғылыми-публицистикалық зерттеулерін жүргізіп, үлкен мұра жинақтаған тақырыптарының бірі – Абай ғұмырнамасы. Бұл тақырып «Абайтанудың революцияға дейінгі қайнар-көздері» деген диссертациялық еңбектен басталған. Ғылыми ізденіс жолында Абайдың ақындық лабораториясы мен текстологиясы бойынша екі монографиялық еңбек жазылыпты. «Алматы ақшамы» газетіне берген сұхбатында ғалым «175 жылдықта Абай шығармаларының канондық мәтінін жасауымыз керек» деген ұсыныс жасайды. Абайды әлі толық танымай келеміз деп, оның шығарамаларындағы әр сөздің түпкі мазмұныны мен қолданысын дұрыс белгілеп алуды ұсынады. Бұл жас ғалымдарға, әріптес абайтанушыларға тасталған ұсыныс.

«Абай және баспасөз», «Абайдың Ескендір поэмасы», «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты туралы», «Абайтану арнасында», «Абай және революцияға дейінгі мерзімді қазақ баспасөзі», «Абайдың сандығы қайда?» сияқты публицистикалық еңбектердің тақырыбына қарап, Зарқын Сыздықұлының Абай бабамызды жан-жақты зерттеп, зерделеп, өзіндік тұжырым жасағанын көреміз.

Бір тұлғаны зерттеу үшін өмірінің бірнеше жылын арнау, ізденген сайын тас астындағы жауһарларды қазбалау – еңбекқор, ойы мен қаламы жүйрік адамның ғана қолынан келетін іс. Абылай хан да – солай зерттелген. Ғалым Абылайханды зерттеу үшін бүгінге дейін өзінің 35-ші жыл еңбек жолын арнаған. Ханның бейнесін сомдай отырып, қазақ халқының ұлттық болмысына терең бойлауда.

Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған құжаттар жинағы 2005 жылы монграфиялық мазмұнда алғаш рет екі мың данамен оқырмандарына жол тартқан болатын. 2011 жылы «Мәдени мұра» жобасы негізінде жарық көрген «Қазақтың ханы – Абылай» атты екі томдық туындысымен тұлғаны таныта түседі. Бұл тақырыпқа ғылыми тұжырыммен келген ғалым 2007 жылы республикалық байқауда мемлекеттік грант жеңіп алып, 2009 жылы оны сәтті қорғап, қайтара қаржыландырылу нәтижесінде

жұмысын одан әрі жалғастырады. Ғалым архив деректерімен дәлелденген шынайы мағлұматтарды ұсынып, жан-жақты зерттелген бірегей туынды жазып шықты.

«Абылай хан тарихы» атты үш томдық ғылыми жинақтың тұсаукесері былтыр ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өтті. Ханның өмірі мен қызметіне байланысты тың деректерді табу үшін ғалым, Ресейдің мемлекеттік архивтерін аралап, үлкен жұмыс атқарған. Абылайға қатысты аңыз деңгейінде айтылып жүрген кейбір деректер жаңа мағлұматтарға сай түзетілген. Автор XVIII ғасырдың басынан осы күнге дейін жарық көрген орыс, қытай, қазақ, кеңес зерттеушілерінің пікірлері мен тұжырымдарын қайта қарап, жіберілген қателіктерді түзетіп шықты. Бұл кітапқа мыңнан аса құжат енгізілген. Ғалымның өзі айтқандай, 300 жыл бұрынғы тарихты ақиқатқа сай зерттеп, дәл көрсету, оңай іс емес. Зарқын Сыздықұлының бұл кітабын қолға алған адам Абылайханды тек қана жақсы қырынан танып қана қоймайды, ел басшысының кем-кетік тұстары да ашық көреді. Шынымен, ол Абылайды аңыздан арашалап алған зерттеуші. Абылай туралы деректерге негізделген үш томдық жинақтың қазақ тарихында тұңғыш рет шығарылуы да біздің ағамызға тиесілі еңбек.

2007 жылы Зарқын Сыздықұлының қаламынан «Мағжанның Қызылжары» атты монографиялық еңбек жарық көрді. Онда ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтар нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен беріліп, қауымның үлкен ықыласына бөленген болатын. Ал 2019 жылы жарыққа шыққан «Мағжанның өмірі мен шығармашылығы» атты кітабында ақынның өмір жолы бойынша мұрағат құжаттары негізінде хронологиялық тізбек жасап, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын терең зерттейді. Бүгінде бұл басылым мағжантану тақырыбын зерттеуге көңіл білдірер жас ғалымдар үшін таптырмас дерек көзі.

Зерттеуші «Қай жерде, қай өлеңінде, қай жинағында Мағжан социализмге, кеңес құрылысына, большевиктік партияға қарсы ашық шығыпты? Мен оны Мағжанның өлеңдерінен таба алмадым», – деп Мағжан Жұмабаевтың артына ерген сөз, басына түскен қиындығын, ауыр өмір жолын зерттеген сайын заманның кертартпа саясатын әшкерелеп, Мағжанның тұлғалық келбетін таныту үшін, ғалым жиырма жылдан артық уақыт еңбектеніп, баға жетпес ғылыми тұжырым жасап шықты.

Зарқын Сыздықұлы аққайындар өлкесіне қоныс аударған бері 30 жуық еңбегін жарыққа шығарған. Мерзімді басылымға шыққан публицистикалық еңбектері мен телеарналарға берген сұхбаттары бір төбе әңгіме. Оның ғылыми, публицистикалық еңбектерінің ішкі мазмұнына назар аударар болсақ, теріскейдің тарихы, тұлғалары, білім мен ғылымының, тілі мен мәдениетінің даму жолы сияқты өзекті мәселелер ширатылады. Тәлімгер журналистің кәсіби шеберлікті дамытатын оқу-әдістемелік құрал түрінде жазған еңбектері де жетерлік.

Зарқын Тайшыбайдың еліміздің теріскей аймағының тарихы мен топонимиясын зерттеп, өлке тану тұрғысында да бірқатар құнды еңбектер жазған. Өлке тарихына байланысты нақты деректерге негізделген «Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттері», «Қазақша жастар баспасөзі», «Абылай атын ардақтап», «Мағжанның Қызылжары», «Сыр сандығым – Қызылжар», «Есіл даласы» – 100» және «Жас азамат» – 95» сияқты ғылыми-публицистикалық стилде жазылған еңбектерін ғалым-журналистің солтүстік өңір үшін сіңірген үлкен еңбегі деп бағалаймыз.

Зарқын Тайшыбай өз өмірін қоғам мен тарихты тануға, тұлғалардың бейнесін сомдауға арнап келеді. Зарқын Сыздықұлының да өмірі мен шығармашылық жолы ұрпаққа өнеге болып, оны танып-білуге құмартатындар да аз бомасы сөзсіз.



## «ҚЫЗЫЛЖАР ДА КІМ БАР? ДЕСЕ – ЗАҚЫН ТАЙШЫБАЙДЫ КӨРСЕТЕМІЗ»

**Л.Қожахметова**

*(Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті)*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғани Нығметов Абылайтанушы, Абайтанушы, Мағжантанушы ғалым Зарқын Тайшыбайдың 80 жылдық мерейтойында осылай деп мәлімдеді. Қызылжардың дәрігері де, полицейі де, ғалымы да, журналисі де, бизнесмені де Зақанды «Рухани әкем» дейді екен. Мен Зақанды Қарағанды журналистикасының атасы деп жүрсем, Зақаң бар қазаққа әке болыпты. Қызғанып кеттім. Қызылжар Зақаңа құтты мекен болған екен. 22 жылда отызға жуық оқулық, энциклопедия, монография, том-том тарихи жинақтар жазып, жарыққа шығарыпты. Қызылжарда журналистика мамандарын дайындайтын кафедра ашып, мыңға жуық шәкірт тәрбилепті. Мерейтойдағы көрмеден Зақанның Қызылжардың тарихын қаузап, мұқабасы қалың бірнеше кітап жазғанын көріп таң болдым. Қызылжарда рухани әдемі кеш болды. Аманаттың хатшысы Бекзат Алтынбеков облыс әкімі Jenis Qasymbekтің құттықтау хатын тапсырды. Меценат шашудеп жарты миллион теңге байғазы берді. Е.А.Бөкетов Атындағы Қарағанды Университеті ректоры Нурлан Дулатбековтің құттықтауын профессор Қойлыбай Асанов тапсырды. Қарқаралы ауданы әкімі Ерлан Құсайынның құттықтауы оқылды. Жан-жақтан Зақанның шәкірттері бардық. Алматыдан арқалы әнші Ерлан Төлеутай келді. Зақанның мерейтойына арнап ғылыми конференция өтті. Одан кейін Абылайханның резиденциясын, өлкентану мұражайын тамашаладық. Зақанды Қызылжардың бар журналисі – папа, GulnaraAhmetjanova-ны мама дейді екен. Гуля мама кезінде кафедраға бар тәтті-дәмдісін әкеліп, дастархан жайып, маңдайымыздан иіскейтін. Содан бері отыз жыл өтті. Әлі күнге Гуля мама әр шыққан биігімізді бақылап, хат жазып, қоңырау шалып қолдап отырады. Осы жасынадейін бар шәкірті «папа-мама» деп, құрақұшып жүрген профессор жоқшығар. Зарқын Тайшыбай – менің ұстазым. 1993 жылы Зақаң Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде журналистика мамандығын ашты. Содан бері сол қасиетті шаңырақтың бір бөлшегімін, ұстаздың ізін жалғап келемін. 1995 жылғы сайлауда «Назарбаевқа не үшін дауыс беру керек» деген мақаламды газетке қорықпай бастырып жүрген Зақаң ғой. Студент кезден еркін болуға, өткір болуға жол ашқан менің кафедрам, Зақаң бастаған ұстаздар. Ұстаздардың да түр-түрі бар. Біреуі практиканы үйретеді, біреуі теорияны. Мен Зақаңнан адам боп қалуды үйрендім. Мерейтойыңыз құтты болсын, ҰСТАЗ!

## **2 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҮЛГІСІ**

**ӘОЖ 070**

### **БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ**

**Ж.М.Нұрмағамбет, А.М.Шурентаев**

*(А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті)*

Қазіргі адам өмірін журналистикасыз елестету мүмкін емес. Бүгінгі таңда БАҚ өмірдің барлық саласына еніп, бүкіл қоғамда маңызды рөл атқарады. Олардың мүмкіндіктері мен ықпал ету аясы кең. Сондықтан бостандық пен жауапкершілік проблемасы қазіргі әлемде ерекше маңызды және өзекті болып табылады. Ақпарат нағыз қаруға айналған бүгінгі таңда журналистер үшін олардың бостандығының шегі қай жерде, қандай жауапкершілік бар екенін түсіну маңызды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен тәуелсіздігі – кез келген демократиялық қоғамның басты мақсаты. Себебі, билік пен халық арасында кері байланыс орната алатын бірден-бір таптырмас құрал ол – БАҚ. Бұл кері байланыс саяси және экономикалық шешімдер қабылдауға қатысты қоғамдық пікірдің өзгеруіне бұқаралық ақпарат құралдарының жедел реакциясымен расталады. Ақпаратты өңдеу үшін БАҚ түрлі аналитикалық материалдарды, сұхбаттар мен сауалнамаларды пайдаланады [1]. Сонымен қатар, заң бұзылған жағдайда БАҚ бостандығына қол сұғылмауы тиіс. Мемлекет бір мезгілде кез келген БАҚ бостандығы мен өзінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Осы мақсатта Қазақстанда бірқатар құқықтық актілер қабылданды, олардың бірі «БАҚ туралы» заң.

Журналистика – біздің еліміздегі қоғам үшін ең ашық мамандық. Ол өмірдің барлық салаларына енеді. Оның жалпы қоғамға әсері бүгінгі күні даусыз. Осыған байланысты журналистің бостандығы мен жауапкершілігі туралы мәселе ерекше өзектілікке ие. Бірақ журналистің қызметіндегі бостандық пен жауапкершілік проблемасына жақындамас бұрын, сіз осы ұғымдардың астында не жасырылғанын түсінуіңіз керек. "Сөз бостандығы" дегеніміз не? Егер біз ғылыми әдебиетке жүгінетін болсақ, онда бұл адамның өз ойларын еркін білдіру құқығы [2].

Сөз бостандығы-кез келген демократиялық қоғамның негізі. Қазақстанда бәрі сөз бостандығы туралы айтады, бірақ белгілі бір сәтте мемлекеттік қайраткерлер үшін қолайсыз болатын нақты ақпараттың жария болуын болдырмау үшін сыртқы күштер өздеріне, өздерінің қағидаттарына және тұтастай мемлекеттің қағидаттарына қайшы келеді. Әрине, егер бір адам мемлекеттік басқарудағы белгілі бір кемшіліктер туралы айта бастаса, онда оған ешкім мән бермейді, бірақ оның тұжырымдары қоғамдық пікір қалыптастыра бастағанда, әртүрлі мемлекеттік немесе жеке, бірақ мемлекетпен ортақ мүдделері бар мекемелер бұл адамға қысым көрсете бастайды.

Демократиялық қоғамда сөз бостандығын дамыту үлкен маңызға ие. Кез-келген мемлекеттік мекеме өз істерін ашық, мөлдір жүргізу арқылы халық үшін де, мемлекет үшін де үлкен пайда әкеледі. Ашық қоғамның дамуымен қатар сыбайлас жемқорлық, шенеуніктердің лауазымдық міндеттерін асыра пайдалану және т. б. сияқты мемлекеттік проблемалар құлдырайды. Қазақстанда сөз бостандығы жоқ деп айту мүмкін емес. Әйтпесе, бостандықтың толық болмауы жағдайында Қазақстан Республикасы сияқты мемлекет әлемдік қоғамдастықта мұндай биіктерге жете алмас еді. Мемлекеттің кейбір мәселелеріндегі ашық саясат Қазақстанды қарқынды дамып

келе жатқан мемлекеттер қатарына алып келгенін атап өткім келеді. Алайда, Қазақстан Республикасында жыл сайын мемлекет пен жеке тұлғалар тарапынан журналистерге қатысты, демек, сөз бостандығына қатысты заң бұзушылықтар байқалады [3].

Қазіргі таңда журналистерге шабуылдар жасалынып, қастандық әрекеттер күннен-күнге көбеюде. Бұл жағдайлар тікелей журналистердің құқықтарының бұзылуына әкеледі. Курстық жұмысты жазу барысында журналист құқықтарын бұзу фактілері кеңінен зерттеліп, талқыланды. Зерттеу барысында журналистердің құқықтарының бұзылуының ең көп таралған келесідей түрлері анықталды:

- 1 Шабуыл жасау;
- 2 Журналистер мен БАҚ-та қоқан-лоқы көрсету;
- 3 Журналисті негізсіз қамауға алу;
- 4 Журналистің ақпаратқа қол жеткізуіне жол бермеу;
- 5 Журналист өміріне қауіп-қатер төндіру.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары заң бойынша тәуелсіз болса да, билеуші институттардың қысымын, белгілі бір саяси күштердің қол сұғушылығын сезінеді. Сонымен бірге, билік немесе бизнес «сатып алған» журналистер сапалы БАҚ-тың халықтың беделіне нұқсан келтіреді және олардың тікелей міндеті болып саналатын сенімді және шынайы ақпарат тарату функциясын орындамайды. Неге бұлай болады? Бұған себеп не?

Негізгі себептердің бірі – қаржылық тәуелділік. Әсіресе, бұл шағын аймақтық басылымдар, телеарналарда өте жиі кездеседі. Шығармашылық еркіндікті жүзеге асыру және БАҚ қызметін ұйымдастыру үшін экономикалық мүмкіндіктер тым қажет. Газет немесе журнал шығару, теледидар мен радио хабарларын дайындау бастапқы кезеңде де үлкен шығындарды талап етеді. Осы себепті, басқарушы саяси және экономикалық күштерге жақын бұқаралық ақпарат құралдарында заңды құқықтар мен әлеуметтік-шығармашылық әлеуетті толық жүзеге асыру мүмкіндігі көбірек. БАҚ-тың жарнамаға қаржылық тәуелділігі де айқын. Мұндай тікелей және айқын бағыну көбінесе ақпараттың субъективті берілуіне әкеледі. Басқаша айтқанда, «экономикалық еркіндіктің болмауы кәсіби тәуелділікті тудырады». Бұл үлгі аудиторияның БАҚ-қа деген сенімінің төмендеуіне әкеледі. Газет жолақтарында жарнамалық материалдарды көбірек кездестірген халық баспасөздің тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтіреді, осылайша бұқаралық ақпарат құралдарына деген қызығушылықты жоғалтады.

Осылайша, бүгінгі таңда журналист өз қызметінде құқықтық, экономикалық және әлеуметтік-шығармашылық еркіндік, әлеуметтік жауапкершілік және журналистік міндет проблемасымен бетпе-бет келеді. Бір жағынан, журналист шығармашылықтың шексіз тәуелсіздігіне ие, оның ашылуы қоғамның, мемлекеттің, қазақ тілінің бай қорларының және қазақ әдебиетінің арсеналының мүдделеріне қызмет ететін көптеген тақырыптардың арқасында мүмкін болады. Екінші жағынан, шығармашылық ізденістердің кеңдігімен қатар, ол бір нәрсеге немесе біреуге үнемі тәуелді болады. Бұл мамандықтың күрделілігі мен ерекшеліктерінің бірі [4].

Зерттеу барысында журналистердің заңмен қаншалықты қорғалғандарын білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға кез-келген меншік нысанындағы БАҚ өкілдері (мемлекеттік, жеке), сондай-ақ зерттеу үлгісіне әр түрлі БАҚ - та келісімшарт бойынша жұмыс істейтін журналистер де кіреді. Олардың арасында медиа ұйымдардың меншік иелері, басшылар, журналистер, сондай-ақ жалпы контент құруға қатысы бар қызметкерлер бар. «Сіз өзіңізді заңнамалық деңгейде қорғалғандай сезінесіз бе?» деген алғашқы сұраққа 58,8 жоқ деп жауап берді. 16,9 өздерін қорғалған болып сезінсе, 24,3 жауап беруге қиналды. Қандай заңдар/нормативті-құқықтық актілер кәсіби қызметіңізді қиындатты? деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың тек 10 пайызы сондай заңдар

жоқ деп жауап қайтарды. Демек қатысушылардың барлығы дерлік кей заңдардың, не болмаса заңдағы түзетілер БАҚ-ның қызметкерлерінің жұмысы мен кәсіби қызметін қиындатты. Олардың 60% бұған келесі қиындатулар себепкер болды деп мәлімдеді:

- сұрауға жауап қайтарудың мерзімін жеті күнге дейін ұлғайту;
- фото-видео түсірілімге тыйым салу;
- мемлекеттік мекемелерде телефон ұстауға тыйым салыну;
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның жаңа редакциясы, ұялы телефондарды әкелуге тыйым салу және т.б.;
- гаджеттер, ақпаратты ішкі пайдалануға арналған құжаттарға түрлендіру;
- жала және ар-намыс пен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін айыптауды қолдану практикасы;
- сот орындарына қолжетімділік төмендеді және т.б.

Сауалнамаға қатысушылардың пікірлерін зерттей отыра, медианарықтың өкілдерінің ойлары бойынша БАҚ туралы заңға үнемі журналистиканың позициясын әлсірететін өзгерістер енгізіліп, заңнама жылдан жылға Қазақстандағы БАҚ-тың жұмысын қиындатуда. Бірақ БАҚ туралы заң керісінше, журналистердің құқықтарын қорғап, мүдделерін алға тартуы тиіс. Оған қоса жекелеген журналистер ҚР Ақпаратқа қол жеткізу туралы заңы Халықаралық сөз бостандығы стандарттарына сай келмейтінін мәлімдеді. Демек, елімізде қабылданған БАҚ турады заң бұзушылықтан қоғамда орын алады. Олармен күресі үшін еліміздегі сөз бостандығы мәселесін қайта қарастыру қажет. 20 жыл ішінде бұл заңға көп өзгерістер енгізілуде, алайда олардың ешқайсысы сөз бостандығы, журналист бостандығы мәселелері реттемейді. 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен БАҚ туралы заң қайта қарастырылатын болады және әр журналист үшін бұл жаңалық үлкен әрі маңызды болып табылады[5].

Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы, тәуелсіздігі және плюрализмі ақпарат пен сөз бостандығына негізделген және кез келген шынайы жұмыс істейтін демократияның негізгі элементі болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы барлық басқа адам құқықтарын қорғау үшін маңызды. Азаптау, кемсіту, сыбайлас жемқорлық, билікті асыра пайдалану фактілері тергеуші журналистердің еңбегінің арқасында талай рет бетін ашты. Фактілерді жария ету көбінесе адам құқықтарының бұзылуын түзету және билікті жауапкершілікке тарту жолындағы бірінші, ең маңызды қадам болып табылады. Кейбір журналистерден репрессия мен БАҚ бостандығына қол сұғушылықты көрсететін дабыл сигналдары келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлілігі мен мазмұнына әсер ету үшін бақылау мен қысымның әртүрлі формалары олардың тәуелсіздігі мен плюрализміне кедергі келтіреді. Журналистерді қызметі үшін бас бостандығынан айыруды жалғастыруда. БАҚ өкілдеріне қысым көрсету, қорқыту, зорлық-зомбылық және тіпті кісі өлтіру оқиғалары тіркеледі. Осындай заңға қайшы келетін әрекеттермен күресу үшін БАҚ-қа қатысты заң журналист пен қоғам арасындағы қатынастарды реттеп отыруы тиіс.

### **Әдебиеттер:**

1. Солганик Г.Я. О языке газеты. МГУ.: 1968. -96б.
- 2.Сөз бостандығы туралы <https://qazaqtimes.com/article/51556>
3. Журналистерге жасалынған шабуылдар <http://www.adilsoz.kz/politcor/show/id/317>
4. Кудрявцев В.Н. Свобода слова. М.: Издательство Норма, 2002. – 56б.
- 5.Президент жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakistan-halkyna-zholdauy-183555>

## БІЗГЕ ҚАНДАЙ «БАҚ ТУРАЛЫ» ЗАҢ КЕРЕК?

**Т.Тілеубай**

(әлеуметтік ғылымдар магистрі)

*Қазақстанға «БАҚ туралы» ЖАҢА заң қабылдау керек. Ол заңға «Журналистердің мәртебесі туралы» және «Қаламақы төлеу туралы» жаңа екі БАПТЫ енгізуді ұсынамын. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайын.*

### **Журналист – қауіпті мамандық**

Қазақстанда сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігіне жол ашылған. Ата заңымыздың 20-шы бабының 1-ші тармағында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» деп жазылған. Осыған қарамастан, қоғамдағы ащы шындықты бетке айтатын, ашық және өткір жазатын журналистерді қудалау, заңды қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қолжетімділігін шектеу әрекеттері әлі тыйылмай отыр. Мұндайда мемлекет ел алдындағы кәсіби міндетін адал атқаратын журналистердің еңбегін үнемі назарда ұстап, өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда заңмен қорғауы тиіс.

Осы жерде сөзіме дәлел ретінде мынадай статистиканы келтірейін. «Әділ сөз» сөзбостандығын қорғау халықаралық қоры қаңтар трагедиясы кезінде Қазақстанда сөз еркіндігі құқығын бұзу және журналистердің қауіпсіздігін бұзуға қатысты бірнеше фактілерді тіркеген. Мәселен, қаңтардағы оқиғалар кезінде журналистерге шабуыл жасалған 34 факті тіркеліпті. Соның ішінде, нақты бір адамға жоспарлы шабуыл – 1 (Амангелді Батырбеков, Түркістан қаласы), кәсіби міндеттерін орындау барысындағы шабуыл – 19 (17-сінде шабуылдар журналистер алаңдардан ақпарат тарату кезінде жасалған), шабуыл кезінде 1 журналист қайтыс болды (Мұратхан Базарбаев, «Алматы» телеарнасының қызметкері). Бұдан бөлек, журналистердің тұратын үйіне, жұмыс бөлмесіне басып кірген 1 жағдай тіркелген (Ардақ Ерубәева, «Orda.kz», Ақтөбе қаласы), 13 журналист ұсталған. Журналистерге қоқан-лоқы жасау бойынша 25 оқиға болған. 3 әріптесіміз қылмыстық қудалауға, 8 әріптесіміз әкімшілік қудалауға ұшыраған. Соңғысында 4 журналисті заңсыз шерулерге қатысты деген айыппен 5-15 күнге уақытша абақтыға қамаған. 5 қаңтарда Алматыда бұзақылардың «Хабар», «Қазақстан», «МИР», «Еуразия», «КТК» телеарналарының кеңсесіне шабуыл жасағаны мәлім. 9-28 қаңтар аралығында 12 журналистер мен блогерлерді қарсылық акцияларына байланысты полиция бөлімшелеріне тергеуге шақырған.

Жоғарыдағы деректен байқағанымыздай, журналист әлемдегі ең қауіпті 5 мамандықтың (шахтер, өрт сөндіруші, апаттан құтқарушы, полиция және журналист) қатарына кіреді. Статистикалық мәліметтер бойынша, жыл сайын жер-жаһанда 100-ге жуық журналистер әртүрлі себептермен көз жұмады. ЮНЕСКО-ның деректеріне сүйенсек, 2021 жылы әлемде 55 журналист пен БАҚ қызметкері өлтірілген. Бұл соңғы 10 жылдағы баспасөз өкілдерінің өлімінің азайғанына қатысты шынайы дерек. Алайда, журналистер бұрынғыша зор қауіптермен бетпе-бет келіп, өз өмірлерін қатерге тігуде. Оларға қатысты қозғалған қылмыстық істердің көпшілігі ашылмай қалады. Мәселен, ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, 2006 жылдан бүгінгі күнге дейін журналистердің өліміне қатысты қозғалған қылмыстық істердің 87 (!) пайызы ашылмаған күйінде қалған. Бүкіл әлемде журналистер өзінің кәсіби қызметін атқару кезінде, соның ішінде қарсылық акцияларынан ақпарат таратқаны үшін түрмеге қамалып, әртүрлі шабуылдарға, қоқан-лоқы жасалатын іс-қимылдарға тап болады.

«Репортеры без границ» халықаралық құқық қорғау ұйымының сарапшылары: «Қазақстандағы БАҚ қызметкерлеріне күш көрсетуге қатысты мәселе БҰҰ-ның және ЕҚЫҰ-ның алаңдарында талқылануы тиіс» деп дабыл қақты. Бұл туралы 13 қаңтарда «Репортеры без границ» ұйымының Берлиндегі филиалы: «Қазақстандағы бас көтерулер кезінде репортерлер полиция мен басқа да құрылымдардың тарапынан шабуылға ұшырады, журналистерге қоқан-лоқы көрсетілді, ұсталды, оларға автоматтың дүбімен қарсылық акциясынан ақпарат таратуға кедергі жасады» деп хабарлады. Осы ұйымның Германиядағы филиалының жетекшісі Кристиан Мир «жәбірлеу деңгейінің төмендегеніне қарамастан, Қазақстандағы БАҚ бастандығына төнген қауіп жойылған жоқ. Ең алдымен, ел Президенті Қ. Тоқаев «демагогшыл» деп таңбалаған ашық және еркін ақпарат тарататын БАҚ-тарды жала жапты деп айыптау, қылмыстық іс қозғаймыз деген желеумен қорқытып-үркіту қаупі ұлғаяды» деп мәлімдеді. Ол Қазақстан билігін елге шетелдік журналистердің кіруіне рұқсат беруге және репортаждардың кез-келген түріне цензура жасау әрекетінен бас тартуға шақырды.

### **Журналистке мәртебе беру керек!**

Біздің қоғамда да журналистерге әртүрлі қоқан-лоқы, қысым көрсету, соққыға жығу деген жағдайлардың болатынын баспасөз бетінде жазып жүрміз. Бұл – Қазақстанда журналистерді заң жүзінде қорғау механизмінің жоқтығын көрсетеді. Менің ойымша, жаңадан жазылатын «БАҚ туралы» заңға «журналистердің өзінің, отбасы мүшелерінің өмірі заңмен қорғалады» деген бап енгізуіміз керек. Өйткені, журналистер де төтенше жағдай қызметкерлерімен бірдей өте қауіпті жерлерде (шеру, жер сілкінісі, өрт және т.с.с) жүріп, басын қатерге тигеді. Бұл жерде адамның жүйкесіне, жүрегіне үлкен салмақ түседі. Кешегі пандемия кезінде өз өмірлеріне төнген қауіпке қарамай, қоғамдық орындардан ақпарат таратқан кім? Бірақ олардың міндеттемелері көп те, құқықтары жоқ! Сондықтан құқықтық, қауіпсіздік, әлеуметтік жағынан кепілдіктер беру керек. Ол үшін журналистерге мәртебе керек.

Заң қабылдау дегеніміз – міндеттеу. Әрине, міндеттеу үшін себеп керек. Бізде БАҚ туралы жаңа заң қабылдауға бірнеше себеп бар. Біріншісебеп– еліміздегі «БАҚ туралы» заңда және Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. Анығырақ айтсақ, «БАҚ туралы» заңның 20-шы бабындағы 10 құқығы мен 21-ші бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодексінде мәртебе жөнінде бір ауыз сөз жоқ.

Екінші себеп – Қазақстанда журналистердің конституциялық құқықтары жиі бұзылады. Мысалы, бірнеше жыл оппозициялық БАҚ-та (газет, телеарна, ғаламтордағы сайт) жұмыс істеген әріптестерімізді мемлекеттік БАҚ-тар жұмысқа қабылдамайды. Бір өкініштісі, сол жұмыссыз жүрген журналистер газет редакциясына берген өтінішінің екінші данасын сотқа апаруды білмейді. Ал Еңбек кодексінде «Журналистердің еңбек ету құқықтары» деген бөлім жоқ. Тіпті, өзінің ұстанымы мен көзқарасы тұрғысынан жұмысынан қуылған журналисті ешқандай заң қорғамайды. Бұл – нонсенс.

Үшінші себеп – шетелдердегі сияқты қазақстандық журналистердің де жеке өмірі және жақындарының өміріне қауіп төнеді. Ондай кезде журналистерді қорғайтын заңдық негіз жоқ. Сондықтан, қабылданатын заңда журналистің этикалық-құқықтық нормаларымен қатар оның жеке басын, отбасы мүшелерін қорғайтын арнайы бап болуы тиіс. Ата заңымыздағы «Адамның өмірі бәрінен қымбат. Ол заңмен қорғалады» деген сөйлемді «БАҚ туралы» заңымызға да енгізіп: «Журналистердің өмірі заңмен қорғалады» деген баппен толықтыруымыз керек. Ендеше, міндеттемесі көп, құқығы мен кепілдіктері жоқ ЖУРНАЛИСКЕ мәртебе беру керек!

Жоғарыда біз журналистерге жасалған шабуылдар туралы дерек келтірдік. Енді посткеңестік елдердің бір-екеуінің заңнамасын өзіміздікімен салыстырып көрейік.

Мысалы, Украинада «Журналистің қызметі туралы» заңның ішінде журналистің құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту деген бөлім бар. «Журналиске қатысты жасалған қылмыс құқық қорғау органының өкіліне (полицияның) қатысты жасалған қылмыспен теңестірілген» – Украинаның «БАҚ-тарды мемлекеттік қолдау және журналистерді әлеуметтік жағынан қорғау» туралы заңының 17-ші бабының 1-ші тармағында осылай тайға таңба басқандай етіп жазылған.

Бұдан бөлек, Украинаның Қылмыстық кодексінде журналиске қатысты жасалған бірнеше арнайы құқық бұзушылықтар және сол үшін жауапкершілікке тарту нормалары қарастырылған. Нақтырақ айтсақ, журналистің өміріне қауіп төндіру және зорлық-зомбылық көрсету (345-ші бап, 1-ші тармағы)(бұған журналисті, жақындарын өлтіремін деп қорқыту, мүлкіне зиян келтіру, ондай тұлғаларға жеңіл, орташа және ауыр дене жарақатын салу жатады) – еңбекпен түзеу жұмыстарына жіберу, я болмаса бас бостандығынан айыру арқылы жазаланады. Екіншіден, журналистің мүлкін қасақана бүлдірген және жойған(347-ші бап, 1-ші тармағы)адамға – айыппұл салынады, я болмаса тұтқындалады, бас бостандығынан айрылады, ал егер мұндай іс-әрекеттер жалпыға қауіпті тәсілмен жасалған болса (әдейі өртеу) – ол адам 6-дан 15 жылға дейін бас бостандығынан айрылады. Үшіншіден, журналистің жеке өміріне, жақындарына қол сұғушылыққа барған (өлтіру немесе қастандық жасау) адам – 9-дан 15 жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айрылады. Төртіншіден, журналисті кепіл ретінде ұстаған (349-шы бап, 1-ші тармағы) адам – 8-ден 15 жылға дейін түрмеге қамалады.

2010 жылы Ресей президенті жанындағы азаматтық қоғам мен адам құқықтары институттарын дамыту жөніндегі кеңес РФ Қылмыстық кодексінің 144-бабына («Журналистердің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіру») жаңа бөлім қосуды ұсынды. Соның нәтижесінде, 2011 жылы заңнамаға өзгеріс (№420 Ф-3 07.12.2011. РФ федералдық заңының 3-шы тармағы) енгізіліп, журналистерге шабуыл жасағандар 6 жылға дейін түрмеге қамалатын болды. Борис Резник бастаған бір топ Мемлекеттік Думаның депутаттары журналистерді соққыға жыққаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қатайтатын заң жобасын ұсынды. Олар журналистерге қатаң шабуыл жасаған, ұрып-соғуға тапсырыс бергендерді 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруды сұрады. Сондай-ақ ресейлік депутаттар Қылмыстық кодекстің 277-бабына түзетулер енгізіп, журналистерді мемлекет және қоғам қайраткерлеріне теңестіру жөнінде бастама көтерді.

Яғни, Қазақстанда журналистің арнайы мәртебесі мен кепілдіктері заң жүзінде бекітілуі қажет. Сол кезде ғана журналиске сот, прокуратура, ішкі істер, адвокат, нотариус сияқты нақты мәртебе беріледі. Ең алдымен, журналистің жеке мәртебесі туралы қағидаттарды анықтап алып, жаңа заңда нақтылап белгілеу керек. Мысалы, журналист деген кім? Заң бойынша, мемлекет оны қалай қорғайды? Оны қорғауға кім кепілдік береді? Яғни, жаңа заңның ішінде осындай кепілдіктер туралы бөлек баптар болғаны абзал. Кепілдік деген не?. Мысалы, журналист бір жоғары лауазымды тұлғаға сауал жолдаса, оның толық жауабы қашан, қалай берілуі керек? Егер жауап берілмесе, құзырлы мекеме мен лауазымды тұлға қандай жауапкершілікке тартылуы тиіс? Сондай-ақ, құзырлы мекеме журналистің жолдаған сұрағына жауап беруі керек пе, әлде керек емес пе? Осылардың бәрі заңда нақты кепілдік ретінде жазылғаны жөн. Ондай кепілдік болмаса, журналистің құқықтары бұзылады. Өкініштісі сол, біздің әріптестеріміз өзінің құқықтарын қорғайтын өзге де заңдар барын білмейді. Мысалы, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде куә, куәгерлерді қорғау туралы бөлім бар. Егер журналист өзінің қызметіне қатысты белгілі бір оқиғаларға куә не куәгер болса, онда ол мемлекеттің қорғауында болады.

### **Қаламақы төлеу туралы**

«БАҚ туралы» жаңа заңға қаламақы төле утуралы бап енгізгенде көп мәселе шешіледі. Еркін ойлы журналист еркін жаза алуы керек. Біздің бәсекелестікте көбіне ұтылып қалатынымыз да осы – еркін жаза алмау. Біреудің көңіліне тиіп кетермін деп немесе биліктен, бай адамдардан қорқу, жалтақтық, тәуелділік бар. Дамыған демократиялық мемлекеттерде де әлеуметтік желілер алға шығып кеткен. Бірақ, газет те өз биігінен түспеген. Неге? Себебі, оларда азат ойлау мен қатар, еркін жазу бар және журналистерді қорғайтын заң бар, қаламақылары өте жоғары. Әділетті қаламақы саясаты жоқ жерде, даму да жоқ. Дұрыс қаламақы саясаты ұлттық журналистиканы биікке көтереді. Яғни, журналистикаға кездейсоқ қадамдар емес, нағыз кәсіби шеберлері келеді. Осы мәселені өткенде Мәжіліс мінберінен әріптесіміз, депутат Мейрамбек Төлепберген ағамыз батыл көтерді. «Түрлі деңгейдегі мерзімді және электронды басылымдарға жылма-жыл беріліп келе жатқан мемлекеттік ақпараттық саясат жөніндегі тапсырыстары аясында журналистер мен тұрақты авторларға нарық жүйесіндегі талаптарды сақтай отырып, «қаламақы қоры» деген арнайы тармақша енгізу керек деп ұсынамыз» деген ұтқыр ұсыныс айтты. Яғни, осы ұсыныс заңға міндетті түрде кіруі керек.

2019 жылы Ақордада өткен баспасөз мәслихатында Президентке: «Қазақстанда құқығы жиі бұзылатын, тиісті деңгейде заңмен қорғалмаған мамандық иелерінің бірі – журналистер. Олар ешбір әлеуметтік топтарға жатпайды. Бізде журналистердің мәртебесі туралы заң жоқ. Өзіңіз де журналистикаға етене жақын адамсыз. Ендеше, осындай жаңа заң қабылдауға көзқарасыңыз қалай? Осы іске бастамашы боласыз ба?» деген сұрақ қойып едім. Сол кезде Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бұл – өте өзекті мәселе. Сондықтан жақсылап тұрып қарауымыз керек. Егер қажет болса, Үкіметке тиісті тапсырмалар беремін. Алдағы уақытта Қазақстанда журналистердің мәртебесі туралы заң қабылдаймыз. Я болмаса, мен өзім Президент ретінде Жарлығымды шығарамын» деп жауап берді. Сол Заңның я болмаса Президент Жарлығының шығатын күнін журналистер қауымы күтіп жүр.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қоғамның қозғаушы күші, авторы – Т. Тілеубай, <https://www.astana-akshamy.kz/zhurnalistke-martebe-beretin-kez-keldi/>
2. Заң түзелсе, журналистика өркендей ме? Авторы – Т. Тілеубай, <https://kaz.elorda.info/aleumet/17164-zan-tuzelse-zhurnalistika-orkendei-me/>
3. Бізге қандай «БАҚ туралы» заң керек? Авторы – Т. Тілеубай, <https://www.elana.kz/ru/bizge-qandaj-baq-turaly-zang-kerek/>
4. Стаття 345-1 Уголовного кодекса Украины. Угроза или насилие в отношении журналиста, <https://urst.com.ua/ru/uku/st-345-1>
5. «Әділ сөз» қоры, <http://www.adilsoz.kz/monitoring/show/id/265>

#### **ӘОЖ 101.1**

### **АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА КОММУНИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУ МӘСЕЛЕСІ**

**Г.Т.Маркабаева**

*(А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті)*

XXI-ғасыр қоғам үшін ақпараттық қарым-қатынастың атқаратын міндеті уақыт өткен сайын еселене түсе беретінін айқындады. Жаңа техникалық прогрестер, түбегейлі



қоғамдық өзгерістер, ақпарат саласында бірнеше тың қадамдар жасады. Ақпараттық байланыстың қарқынды дамуы айналаға ықпалын тигізіп, ақпарат ағынының аясын біршама кеңейтті. Дегенмен, бұл үрдіс заман талабына сай бірқалыпты жүрмейтіні белгілі. Ақпараттың біздің өмірімізге етене енгені соншалық енді оны зерттеп, саралайтын уақыт туды. Осыған байланысты коммуникация, масс-медиа секілді терминдерді осы саладағы сөздік қорымыздың ажырамас бөлігіне айналдырып, бұқаралық ақпарат құралдарын коммуникацияның құралы ретінде қарастыра бастадық.

Бұл саланы коммуникативті іс-әрекеттің заманауи көзқарасы саласы ретінде қарастырған Юрген Хабермас (Habermas J. 1984) пен Карла-Отто Апелдің (Апель К.О.,2001) ұтымды коммуникация ретінде қараған Н.Луманның (Луман Н.,2000) пікірлері өзекті болып келеді. Коммуникация ғылымының қалыптасуына отандық және шетелдік ғалымдар өз үлестерін қосуда. Ресейлік ғалым Г.Е.Третьяқтың пікірінше (Третьяк Г.Е.,1999) коммуникация жайлы ғылымның пәніне оның құрылымын, қызметін, типологиясын, құралы мен әдістерін кіргізуге болады. Американдық, француздық, канадтық коммуникация теоретиктерінің қатарынан коммуникация ғылымының жақтастарын көруге болады. Француздық коммуникация мектебінің өкілдері «ақпаратты-коммуникациялық ғылымы» жайлы айтқанды оң көреді. Бұл көбіне коммуникациялық ғылым саласының Б.Мьеж (Miege B., 1999), Д.Буньо (Miege B.,2000), Д.Вольтон (Matteralt A. et M., 2000) П.Бурдые (Wolton D.,1996) профессорлары мен ғалымдарына тән көзқарас.

Мәдениаралық коммуникация саласында зерттеу жүргізіп жүрген Қазақстандық ғалымдар А.М. Ержанова, А.Т. Күлсариева, Т.Х. Ғабитовалар өздерінің мәдениет, философиялық тұрғыдағы еңбектерінде коммуникативтік мәдениеттің кейбір аспектілерін мысалға келтіргенін атап өтуге болады.

Сөз - коммуникацияның негізгі құралы болып табылады. Тіл- 1. Адамның ойын сөз арқылы жеткізу тәсілі. 2. Халық немесе ұлттың пайдаланатын сөздерінің айырықша жүйесі. (Longman Group LTD., 1995.). Бұл пікірге батыстық ғалым Г. Кельцте қосылады (Kelz H. P., 2000). Ол коммуникацияны «вербальды, паравербальды және экстравербальды белгілер» ретінде қарастырады. Қандай да бір мәдени ортада сөздік белгілерді қолдану ережесін сақтамаған кезде қоғамдағы келеңсіздіктерді туғызып, коммуникациялық үдерістің бұзылуына әкеп соғады. Сонымен қатар, коммуниканттардың жолында жеке адамның мәдени деңгейі, стереотиптер, бейвербальді коммуникация тағы басқа кедергілер кездеседі. К.Кнапп пен Г.Кельцтің пікірінше, мәдениаралық қатынас кезінде мәдениеттерді бірнеше деңгейлік салыстыру жүзеге асады. Ол құндылықтар, норма, шарттылық болуы мүмкін (Кнапп К.,2003). Бұл кедергілер белгілі бір деңгейде әлеуметтік айқындылық болуы мүмкін, сонымен қатар, ұлттық тіл мен мәдениеттің ерекшелігі нәтижелі байланысқа кедергі келтіруі мүмкін.

Ұлттық мәдениет, мінез-құлықтың шағылысулары коммуникацияның арқасында өрнектеледі. Коммуникацияның нақ сол ауызша және ауызша емес таңбалары салт, мәдениетті, халық және елдің сипаттарын қаттырақ білдіреді. Тіліміз-діліміз. Діл-баспасөзде жиі қолданылып жүрген менталитет деген сөзге жақын. Менталитет-ойлай алу қабілеті, ақыл-есің дұрыс болуы; интеллектуалдық мүмкіндіктер деңгейі; (кең мағынада алғанда) ойлау жүйесі, көңіл күй, мінез. (Oxford University Press, 1964). Дегенмен, «Діл категориясы менталитетке қарағанда логикалық шеңбері және ұғымдық ауқымы кең, ұлтымыздың тарихына, дүниетанымына, дініне, әдет-ғұрыпына, мінез-құлқы мен ойын сауықтарына байланысты құбылыстарды дәлірек аңғаруға үлкен рөл атқарады», - дейді философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабек. (Қасабек А., 2000)

Байланыс, қарым-қатынас дегенді білдіретін коммуникацияның элементтерін біз өзіміздің тарихымызда жиі кездестіреміз. Қазақ сөзге тоқтаған, сөзге бас иген, сөздің

қадірін түсініп, дәріптеген ел. Адамзат ақыл-ойы туғызған небір ғажайыптар ішіндегі уақыт сынына төтеп беріп, адамзатпен жасасып, келе жатқан ең көне, ең бір құдіретті өнер – ол сөз өнері. Дүниені билейтін – сөз, сөзді билейтін – атақты шешендер, би-көсемдер, ақын-жыраулар екені әлімсақтан белгілі жай. «Сөзін билікпен айту-шешеннен, билігін биіктен айту-көсемнен, ерлігін жүрекпен таныту-батырдан, күшін білекпен білдіру-палуаннан» десек, өмір мәнін, бүгінгіні байқап көре білу, болашақты болжап жұртқа жеткізу, таныту коммуникациялық қызмет. «Билікпен айтқан шешен сөзін де, биліктен айтқан көсем сөзін де, ерлігін жүрекпен танытқан батыр тұлғасы мен ісін де, күшін білекпен білдірген палуанның қажыр-қайратын да» елге жеткізуші журналист.

Тарихымызда ерекше орын алған Абылай ханның Ақ Ордасында алысты болжаған абыз, әрі ақиқат ақберені Бұқар жырау ақылмандық қызмет атқарды. Ол сол кезде-ақ, бастауын батыстан алдық деп жүрген бүгінгі ПР маманының функциясын атқарған. Халық «өнер алды – қызыл тіл»десе, Бұқар жырау – бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан жырау: «Ел бастау қиын емес- қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес - шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ»-дейді (Әбілқасов Ғ.М., 2015). Яғни, сөз арқылы коммуникациялық байланысқа түсудің мәні мен маңызының зор екенін сипаттап берген. Бұл жерде біз шешендік өнерді коммуникацияның каналы ретінде қарастыра аламыз.

Бұқар жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел - жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси - әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Бұл жырлардан бүгінгі саяси коммуникацияның элементтерін көруге болады.

Бір қызығы, қазақтың хандық мемлекеттік дәуірінде қазақ хандары Бұқар сияқты халықтың сөзін ұстаған жыраулардың айтқан сынын тыңдап, содан нәтиже шығарып, тіпті қысылғанда жыраулардың кеңесіне құлақ асып іс қылғанына ескі тарих куә. Хан Абылай да Бұқар жыраудың өткір сындарына әр кез құлақ асып, оны ел ісінде ескерген. Сол дәуірдегі Бұқар жырау хан мен қараның арасына дәнекер болып, елде болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайларды ханға жеткізіп, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда *халықтың көзі, құлағы һәм тіл іболған*. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден - бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Бүгінгі айтып жүрген имидждік коммуникацияны осы жырлардан көруге болады. Қазақ халқының ауыз әдебиетін сол дәуірдегі коммуникация каналы деп қарастыруға толық негіз бар.

Коммуникация сөзі латын тілінен алғанда байланысамын, қатынасамын деген мағынаны білдіреді (Шарков Ф.И., 2010). Коммуникация- алмасу әктісі (әсіресе жаңалықтармен) жеткізілген ақпарат; қарым-қатынас (Oxford University Press, 1964). Ол адамдардың танымдық-еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу, олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады. Коммуникация- қатысушының екеуіне де ақпараттың түсініктілік шарты орындалған кезде бір қатысушыдан екінші қатысушыға ақпаратты жеткізудің екі жақты процесі, екі немесе одан да көп адамдардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекет ету процесі.

XX ғасыр үлкен өзгерістер мен технологиялық прогрестер дәуірі болды. Қоғамдағы коммуникация жаңа деңгейге көтерілді. Ол кезде коммуникацияның негізі сонау б.ғ.д. IV ғасырда Аристотельмен қаланған бір ғана моделі болды. Ол модель мына элементтерден тұрды: «шешен-сөз-аудитория». Халқымыздың айтыс өнерінен осы модель элементтерін көруге болады. Айтыс – ақындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы ғана емес. Ол – ақындық өнер салыстыратын, жауаптаса отырып, білім шарқын байқататын жер. Сондықтан да айтысқа түсетін әрбір ақын бұл жағдайды жақсы ұғынып, үлкен дайындықпен келетін болған. Бұл жерден біз ақпараттандыру, білім беру, танымдық, әлеуметтік тағы да басқа болып жіктелетін коммуникацияның функцияларын көре аламыз. Айтыс-диалог, дискуссия, дөңгелек стол, ток-шоу секілді коммуникацияның пішіні болып табылады. Бүгінгі тілге аударсақ: «коммуникатор-хабарлама-коммуникант». Бұл коммуникацияның негізгі мақсаты адресаттың айтылған ақпаратты естуі. Яғни бұл жерде шешендік өнердің басымдығын көреміз.

Негізі Аристотельмен қаланған бұл модель XX-ғасырға дейін саясат пен саяси үгіттерде жиі қолданылды. Уақыт өте келе, телевизия, кино, радио арқылы бұқаралық коммуникацияның шарықтап дамуы Аристотель белгілеген коммуникацияның моделіне көптеген өзгерістер енгізді. Осыған байланысты қазіргі коммуникацияны зерттеуді алғашқылардың бірі болып американдық саясаттанушы Гарольд Лассуэлл қолға алады. 1948 жылы ол «5W» атты бес элементтен тұратын коммуникацияның жаңа моделін ұсынады:

1. Ақпарат көзі
2. Ақпарат
3. Ақпарат беру әдісі
4. Ақпарат алушы
5. Коммуникацияның тиімділігі (Lasswell Н., 1971).

Бұндағы ақпарат көзі-коммуникацияның объектісі болса, ақпарат алушы субъектісі болып табылады. Жыл сайынғы Елбасының халыққа жолдауын коммуникациялық үдеріс деп қарастырсақ, осы жолдауды халыққа жеткізуші БАҚ өкілдері, үгіт топтары коммуниканттар болып табылады. Елімізде өткен ЭКСПО-2017 көрмесі коммуникацияның осы моделінің айқын көрінісі болып табылады.

ЭКСПО көрмелері қашан да ғылыми жаңалықтардың жаршысы, жаңа идея иелерінің өзара ақпарат алмасатын диалогтік алаңына айнала білді. Қай кезде де сол дәуірдің тынысын сездіретін, халықаралық жағдайдың айна-қатесіз көрінісін дөп басатын әлемдік деңгейдегі оқиға. Өркениеттің дамуына ерекше үлес қосқан 160 жылдық тарихы бар ЭКСПО көрмелері адамзаттық мәселелерді шешуде ортақ шешім іздеудің, белгілі бір ортақ жол ұсынудың оңтайлы коммуникацияның құралы болды. ЭКСПО кейде заманауи өнер сахнасына да айналып, елдің мәдениетін, дәстүрі мен тарихын насихаттау үшін кеңінен пайдаланылады.

Бұндай көрмелер барша адамзаттың қызығушылығын тудыратын жаһандық іс-шара болып табылады. ЭКСПО көрмесі Қазақстандағы бизнестің, мәдениеттің, әлеуметтің жаңа пішінін қалыптастырған коммуникациялық алаң қызметін атқарды. Еліміздегі күні бүгінге дейін инновация, бизнес, мәдениет саласында жасалып жатқан екі жақты тиімді келісімшарттар ЭКСПО-да жүргізілген коммуникацияның нәтижесі болып табылады.

«Коммуникация» және «ақпарат» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, ақпарат белгілі бір субъектіге жеткізілетін идея, ал коммуникация дегеніміз ақпарат әрі оны жеткізу әдістері. Ақпарат дегеніміз – сөздер жиынтығы, ол адамға даму үшін, басқару үшін қажет.

Коммуникация үшін тілдік қатысымнан басқа, бет-қол қимылы, семиотика жүйесіне жататын музыка ноталары, ойын ережелері, Морзе әліппесі, ЭЕМ бағдарламалары, математика, техника саласына қатысты кибернетика, компьютер жүйесі пайдаланылады.

Тіл саласын зерттеуші ғалым, филолог Б.Қ. Момынова «Қазақ ым-ишараттары. Сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» деп аталатын зерттеу кітабында: шығыс ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Риторика» атты ғылыми еңбегіне шолу жасап, сөз арқылы қарым қатынасқа түсетін тұлғаның іс қимылы, бүгінгі тілмен айтсақ вербальді емес коммуникация, яғни, бейвербальді коммуникация элементтеріне тоқталып, толығымен қарастырады. (Момынова Б., 2003).

Сөйлесу процесі адамдардың өзара еркін түсінісуіне жол ашады. Вербальды Коммуникацияның негізі болып табылатын тіл, үлкен дүниетанымдық роль атқарып, байланысқа түсуші адамды қоғамда өзіндік пікірі бар тұлға деңгейіне айналдырады.

Тұлғалар арасындағы қарым – қатынас сөз бен мазмұнның үйлесімділігі арқылы жүзеге асады. XX ғасырдың жүйелік лингвистикалық әдістемесінде тіл таңбалары арасындағы сөздердің түрлену үлгісін көрсететін жүйедегі қатынасты анықтау үшін, 1935 ж. Даниялық ғалым Л. Ельмслев «Коммуникация» ұғымын ұсынған. (Ельмслев Л., 1965). Ол байланыс құралы болып табылатын тілдің элементтерін мәні мен мазмұнын жан-жақты, толық ашып көрсету мақсатында коммуникациялық тест құрастырған.

Коммуникациялық үдеріс барысында сөйлеу арқылы оқиғаның мазмұны баяндалып, мағынасы ашылады. Сөйлеуді коммуникацияның әмбебап құралы ретінде қарастыруға болады. Коммуникация – өзінді өзгеден табуға көмектесетін, қарым-қатынасты білдіретін пәлсапалық ұғым. Адамның бойындағы интуицияға үлкен мән берген XX ғасырдағы әлеуметтанушы ғалым К.Ясперстің еңбектерінде қарым-қатынас болымыстың бастапқы негізі жеке біреу деп есепейтін философиялық бағыт ретінде қарастырған. Коммуникация саласының теоретиктері (К.Ясперс, Б.Больнов, Э.Мунье) коммуникациялық үдеріс кезіндегі кері байланысты қоғамдық шарт немесе мәміле ретінде қарастырады. Бұл үдеріс те қазақ халқының халық ауыз әдебиетінде кең көрініс тапқан. Мысалы, XIX ғасырда өмір сүрген Майлықожа ақын өзінің бір толғауында былай дейді:

Өңкей жақсы қосылса,  
Бітіреді кеңесті.  
Өңкей жаман қосылса,  
Шығарады егесті.  
Мәмілемен іс бітер  
Бас қосып қалса көп есті (Нығмет Ж.Н., 2012).

Бүгінгі таңда әлемдік масштабта Қазақстан мәмілеге келудегі коммуникациялық алаңға айналып отыр. Бұны біз елімізде жүзеге асып жатқан әр түрлі саяси іс-шаралардан көре аламыз. Әлемдегі бейбітшілікті сақтап қалу мақсатында жүзеге асырылып жатырған аталмыш шаралар өз жемісін де беруде. Яғни бұл еліміздің имиджін қалыптастырған тиімді коммуникациялық байланыс болып табылды. Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үш құрылтайы өткізіліп, бүкіл әлем Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен түсіністіктің, рухани келісім мен өзара үйлесімнің куәсі болды.

Тағы бір бастама, тағы бір жүзеге асқан идея – бұрынғы кеңестік кеңістіктегі республикалардың интеграциясы өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), 2000 жылы Астанада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) құрылса, он жылдан кейін – тағы да Астанада Кеден одағы дүниеге келді. Осындай коммуникация пішінінде нәтижелі өткеніс-

шаралар еліміздің жағымды имиджін құруда, атап айтар болсақ, бітімгершілік ел имиджін қалыптастыруда орасан роль атқарады.

### Әдебиеттер:

1. Апель К.О. Трансформация философии. М., 2001
2. Әбілқасов Ғ.М. Қазақ халқының философиялық әдеби мұралары –әлемдік гуманистік рухани мәдениеттің інжу-маржаны. Әйгілі қазақ ақындары мен жыраулары // Мәдениет, дәстүр және өзіндік ерекшелік. – Қарағанды, 2015. – 97 б.
3. Wolton D. Penser la communication. Paris, 1996
4. Kelz H. P. Interkulturelle Kommunikation und Wirtschaftsdeutsch-Didaktik // Das Wort. Germanistisches Jahrbuch '00-01 GUS. Moskva: Metatext, Ltd., 2000.
5. Knapp K. Kulturunterschiede // Handbuch interkulturelle Germanistik. Stuttgart; Weimar: J. B. Metzler Verlag, 2003.
6. *Ельмслев Л.* Язык и речь // Звегинцев В.А. История языкознания XIX — XX вв. в очерках и извлечениях. Ч. 2. М., 1965. С. 111.
7. Қасабек А. Ұлттың ділі // Ақиқат, 2000, № 8-9, - 34 б.
8. Луман Н. Невероятные коммуникации. Проблемы теоретической социологии. Вып. 3. СПб., 2000
9. Longman Dictionary of Contemporary English. Longman Group LTD., 1995
10. Lasswell H. The Structure and the Function of Communication in Society // The Process and Effects of Mass Communication. Chicago, 1971
11. Момынова Б. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 238 б.
12. Mieke B. La societe conquise parla communication. Grenoble, 1999
13. Mieke B. La pensee communicationelle. Grenoble, 2000
14. Matheralt A. et M. Histoire des theories de la communication. Paris, 2000
15. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру Егемен Қазақстан. 12.04.2017 ж.
16. Нығмет Ж.Н. Қазақ халық поэзиясы. Қазақ тілі хрестоматиясы. Алматы: Білім – 2012 - С-392 .
17. Третьяк Г.Е. Сущность коммуникации и ее место в социокультурной реальности. <http://www.festu.ru>
18. The Concise Oxford Dictionary. Oxford University Press, 1964
19. Habermas J. Der Phisophische Diskurs der Moderne. Frankfurt am Mein, 1985
20. Шарков Ф.И. Коммуникология: основы теории коммуникации: Учебник. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2010. (гл.3)

ӘОЖ 070:378.016

## КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ОРТАДА ЕЛ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Т. Маркабаева, Н.М. Сапарбекова

(А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті)

Бүгінгі таңда мемлекеттің халықаралық имиджі оның экономикалық, саяси күшін, мәдени дамудың өркендеуі мен жоғары деңгейін куәландырып, сол немесе өзге

елдің әлемдік аренадағы іс-әрекетінің беделі мен табыстылығының көрсеткіші болып табылады.

Қандай да мемлекет болмасын азаттық алғаннан кейін, ел басшысының өзекті мәселесінің бірі – ел имиджін қалыптастыру. Егеменді ел имиджі оның басқару принципі, экономикалық жағдаймен қатар, мемлекеттің ішкі саясаты мен демократиялануына байланысты болатыны анық. Билік өкілдері мемлекеттің имиджін қалыптастырудағы белсенді рөл атқарады. Елдің жағымды қабылдануы жаһандық саяси және экономикалық іс-әрекеттердің нәтижесі. Аталған әрекеттерге реформаларды жатқызуға болмайды. Және де, саяси көшбасшының имиджі саяси әрекеттердегі құбылыс ретінде көрініс тауып, белгілі бір құбылыс ретінде қалыптастырылады. Белгілі бір кезеңде елде болған барлық жетістіктер саяси көшбасшымен тікелей байланысты. Алайда саясатқа қатысы жоқ барлық келеңсіз жайттар мен сәтсіздік әрекеттері де байланыстырылады.

Батыс Еуропа елдері өз имиджін белгілі бір «бренд» аясында танытып та жатыр. Осы мәселеге қарасты «қазекеннің» есімі «Алтын адам» қорғаны негізінде Әлем аренсында өзіндік орынға ие болғаны да рас. Тарихта өзіндік орны бар Ұлы Абай мен Кенесары хан, Қожа Ахмет Яссауи тарихымызды «бренд» ретінде алып, мемлекетімізді шетел сахнасына паш ету мүмкіндігіне де иеміз. Сонымен қатар, ауыр өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, өндірістік сала, ғылыми-техникалық прогрестің тәжірибесі мен жетістіктердің негізінде «бренд» қалыптастыру да мәселенің бір амалы.

Мемлекеттік имидж ұғымы жан-жақты зерттелген және пәнаралық сипатқа ие. Мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде, сыртқы саяси имиджді қалыптастыруда, маркетинг, имиджелогия және тағы басқа паблик рилейшнздің негізгі элементтері болып табылатын саяси технологиялар белсенді пайдаланылуда. Жаһандануының әсерінен ғылыми айналымда жаңа терминдер жиі пайда бола бастады. Оларды саясатта және мемлекеттік басқаруда маркетингтік технологияларды пайдалануда байқауға болады. Мемлекеттік маркетинг, жалпы маркетингтік қызмет сияқты, жаһандану үдерістерінің қозғаушы күші, құрамдас бөлігі және нәтижелерінің бірі болып саналады. Әлемде мемлекеттің имиджін және мемлекеттік саясатты қалыптастыру өте күрделі және көп қырлы саяси процесс болып табылады. "Мемлекеттің имиджі" ұғымына деген көзқарастың әртүрлілігіне қарамастан, зерттеушілердің пікірі бір арнаға тоғысады. Мемлекеттің оң имиджін қалыптастыру- елдің әлемдік позициясын жақсарту. Сондықтан да мемлекеттік имидж моделін қалыптастыру және тиімді пайдалану, жан-жақты сарапталып, дайындалған имидж саясатын талап етеді [1,23 б].

Елдің имиджі-көп құрамды ұғым. Мысалы, сыртқы имиджді және ішкі имиджді ажырату керек. Елдің ішкі имиджі-азаматтардың өзі және әлемдегі өзінің орны туралы түсінігі, ал сыртқы имидж ұлттық мәдени алаңнан тыс қалыптасқан ел туралы түсінікке бағдарланған және оның беделін айқындайды.

Елдің сыртқы саяси PR бағдарламаларын жүзеге асырудың маңызды міндеті көрші елдермен, халықаралық қатынастардың басқа да субъектілерімен, стратегиялық серіктестермен қарым-қатынастардың нақты мазмұнда болуы. Бұл ретте мұндай халықаралық қатынастардың негізіне мемлекеттің ұлттық мүдделерін толық құрметтей отырып, өзара құрмет пен сенім қағидаттары алынуы керек. Бұл елдер арасында сенім мен өзара сыйластықтың, шетелдік серіктестердің мүдделерін ескерудің жоғары деңгейі дегенді білдіреді.

Мемлекеттің сыртқы саяси бағытын іске асырудың табыстылығы, оның халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен орны едәуір дәрежеде мемлекеттің ішкі саясатының жетістігіне байланысты. Шын мәнінде, бұл сыртқы саяси қызметтің мақсаты болып табылады – елдің ішкі дамуына ықпал ету, оның ұлттық қауіпсіздігінің мүдделерін қамтамасыз ету, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. Сыртқы саясат

мемлекет дамуының негізгі қажеттіліктеріне жақын, дәйекті және барынша прагматикалық, ел позициясының өңірдегі және әлемдегі өсуіне ықпал етеді [2, 28 б]. «Мемлекеттердің халықаралық бейнесін құрастырудың сыртқы факторларының арасында қазіргі кезеңде халықаралық қоғамдастықта, құқық нормаларында қалыптасқан, халықаралық ұйымдардың құжаттарында декларацияланған, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктердің жыл сайынғы рейтингтерінде белгіленетін шығу тегі бойынша конвенциялық болып табылатын әлемдік стандарттар ерекше маңызға ие» [3,15 б]. Бұл көрсеткіштер халықаралық аудитория үшін қандай да бір елдің мемлекеттік саясатының тартымдылығын (немесе керісінше) көрсетеді және экономикалық көрсеткіштерге (халықтың өмір сүру деңгейі мен ұзақтығына, экономикалық әл-ауқатқа, сыбайлас жемқорлық деңгейіне, бизнес жүргізу және т.б. мүмкіндіктеріне) және саяси (демократия институттарын, азаматтық қоғам институттарын дамытуға, адам құқықтарын сақтау мен қорғауға) қатысты болады.

Елдің мемлекеттік саясатының имиджін қалыптастыру және түзету кезінде маркетингтік және PR-технологияларды пайдалану бағыттарының бірі елдің брендин құру немесе мемлекеттік брендинг жүргізу болып табылады [4,53 б].

Ел брендингі – бұл халықаралық БАҚ арқылы елдің брендин құру және тарату процесі. Мысалы, Жапония – әлемге жаңа буын техникасын ұсынатын жоғары технологиялы бренд; Франция жоғары сән және жоғары талғамның (шарап, хош иістер, модельерлер) бренді; тарихта бір рет тоналмаған банктер – Швейцарияның "әлемдік сейф" визит карточкасы болып табылса, Австрияны музыка елі деп атайды.

Аталған брендтердің саяси мазмұны жоқ, бірақ қазіргі заманның саяси жүйелерінің сәтті көрінісі. Өз елінің азаматтары құрметтейтін және ұқыптылықпен қарайтын қауымдастықтар жиынтығы, олардың көмегімен елдің әлемдік идентификациясы орын алып отыр, осы мемлекетте ұлттық идея тиімді, оның ұлттық көшбасшысы - табысты, ұлттық қауіпсіздік - тұрақты жұмыс жасай алады [5,209 б].

Жаһандық БАҚ-тың (оның ішінде Интернет желісінің де) арқасында мемлекеттер өздерін, өзінің имиджін, беделін және өзіне деген көзқарасын жақсы білуге мүмкіндік алуда. Қазіргі бұқаралық коммуникация құралдары әр елге өзін тануға мүмкіндік беріп қана қоймай, қажетті имиджді жайғастыру мен таратудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қазіргі заманғы еуропалық елдер арасында байқауға болатын жаппай брендинг үрдісінеғалымдар тобы назар аударуда. Брендті, оның ішінде ел мен оның мемлекеттік саясатын қалыптастыру мәселесін түсіну үшін швед зерттеушісі, кеңінен танымал «Nokia - Connecting People» ұранының авторы Т. Геда «төрт өлшемді брендинг» теориясын енгізген. Табысты бренд төрт негізгі бағыт бойынша құрылады. Олар: ұтымдылық, эмоционалдық, рухани және әлеуметтік. Ол ең алдымен адамдардың санасында жүйелі құндылық ретінде қалыптасуы керек. «Эмоциялық брендинг» деп аталатын м. Гобенің брендингінің француздық тәжірибесі адам мен бренд арасындағы эмоционалдық қарым-қатынасты жандандыру қажеттілігін атап өтеді [6]. Айта кету керек, «ұлттық брендинг» түсінігі 2009 жылы экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, брендинг бағыты бойынша танымал британдық сарапшы С.Ангольттің арқасында ғылыми айналымға енді. Оның айтуынша мемлекеттік, ұлттық брендинг елдің коммуникациялық және инновациялық, инвестиция, тәртіп секілді іс-әрекеттерінің келісімі негізінде жүзеге асатын жүйелік процесс. «Ангольттің алтықыры» арқылы ұлттық бренд көрсеткіштері өлшенеді (nation Brand Index). Оларға: экспорт, басқару, мәдениет, халық, туризм, иммиграциялық заңнама және инвестициялар кіреді. Мемлекет бренді, маркетингтік бренд сияқты, қалыптасудың құрамдастарымен сипатталады. Осылайша, тәуелсіздікті жариялау кезеңінде мемлекет заңды мәртебеге ие болады, халықаралық құқық субъектісі болады, оның Мемлекеттік

рәміздері – Елтаңба, ту, әнұран бекітіледі (яғни, мемлекет сауда белгісі ретінде қалыптасады).

Мемлекет брендті мемлекеттің өзі бірегей мемлекеттік білім ретінде қабылдай бастаған кезде қалыптасады. Бұл көріністер қоғам мәдениетінің ерекшеліктеріне немесе оның жекелеген құрамдас бөліктеріне – субмәдениетке байланысты, сондықтан әртүрлі ұлттық мәдениеттерге өзектендірілген елдің түрлі брендтері туралы айтуға болады. Әлемнің кез келген елінде оның бағдарламалық-институционалдық қамтамасыз етілуі, яғни елдің мемлекеттік саясатының оң имиджін және мемлекеттік брендтерді ілгерілету бойынша үкіметтік құрылымдардың, қоғамдық ұйымдар мен корпорациялардың қызметін реттейтін тұжырымдамалық, бағдарламалық және заңнамалық құжаттардың болуы мемлекеттік брендингтің негізі болып табылады. Мәселен, мемлекеттік брендингтің ұйымдық құрамдас бөлігін министрліктер мен ведомстволар құрайды, олардың өкілеттіктеріне сыртқы саяси, сыртқы экономикалық және халықаралық қызметтің басқа да түрлері жатады, олардың шеңберінде оң саяси және инвестициялық имидж қалыптастыру мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылады. Елдердің өзін және өзінің мемлекеттік саясатын ілгерілетуі үшін қолданатын инновациялық тәсілдерін атап өтуге болады: назар аударту үшін жаһандық спорттық оқиғаларды пайдалану (Ресей, Қытай, Канада, Оңтүстік Корея – олимпиада ойындары кезінде өткізілетін науқандар), жаһандық проблемаларға, атап айтқанда қоршаған ортаны қорғау саласында инновациялық тәсілдерге бастамашылық ету (Финляндия, Нидерланды), мәдениет және өнер саласында (Канада – Cirque du Soleil, БАӘ – ойын – сауық саябақтары және т.б.), ақырында, өз елдерін жаһандық көшбасшыларға айналдыра алатын және елге деген қарым-қатынасты өзгертуге қабілетті басшыларды таңдау.

Материалдық көрсеткіштер мемлекеттің имиджін дамыту және нығайту нәтижелері ретінде мемлекеттік брендинг процесінде қажетті құрал болып табылады, өйткені ақпараттық кеңістікте жаңадан салынған порттар, қалалардың жаңғыртылған орталық бөліктері, мәдениет ескерткіштері мен дамыған инфрақұрылым ақпараттық хабарламаларға, жария талқылауларға және ақпараттық науқандарға қарағанда, елдің брендін және оның мемлекеттік саясатын дамытуға саналы жұмсалған қаражаттың неғұрлым сенімді дәлелі болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде елдің халықаралық имиджін қалыптастырудың ақпараттық-коммуникациялық стратегиясы міндетті түрде түрлі ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдардың ынтымақтастығын қамтуы тиіс, алайда елдің бренді тым үкіметтік, мемлекеттік ретінде қабылданбауы тиіс, өйткені бұл адамдарды қызметтестен үркітетін болады. Мұндай арақатынас мемлекеттік басқару жүйесі үшін маңызды болып табылады, өйткені мемлекеттік құрылымдар іс-шаралардың көпшілігіне қолдау көрсетіп, бастамашылық ете алады, алайда, жалпы ел емес, бірқатар министрліктер үшін ғана имидж жасау тәуекелін болдырмау үшін қоғамға үлестің көп бөлігін беру керек.

Қазіргі халықаралық қатынастар, саяси және экономикалық салалар ақпараттық байланыстарды орнату мен қолдаудың жаңа технологияларына сүйенеді. Халықаралық ақпараттық саясат мақсатты аудиторияларға әсер ету арналарының көп болғанын қалайды. И. Быков атап өткендей: «халықаралық дамудың жаһандануы қазіргі заманғы коммуникациялардың бір бөлігін, әсіресе халықаралық электрондық публік рилейшнз айтарлықтай өзектендірді, олар ретінде мультимәдени ортада болып жатқан және халықаралық қатынастардың түрлі субъектілері арасындағы қатынастарды үйлестіруге бағытталған әлемдік қоғаммен коммуникацияларды түсінеді». Ақпараттық кеңістікте атап айтар болсақ, Интернет-кеңістікте елдің саяси имиджін қалыптастыру жарнамалық және PR-іс-шараларды ұйымдастыруға арналған алаңдар сияқты электрондық БАҚ-ты



пайдаланумен ғана шектелмейді. Интернет халықаралық аренада да, нақты ел шегінде де мінез-құлықтың ерекше нормаларын қалыптастыруға белсенді әсер етеді.

Ақпараттық технологиялардағы ілгерілеу, киберкеңістік пен әлеуметтік желілер рөлінің жедел өсуі ұйымдар мен азаматтар үшін ғана емес, мемлекеттер үшін де жаңа мүмкіндіктер тудырады. Мұндай квази-сұр насихаттаумен құрастырылған шындық, кейде нақты жағдаймен мүлдем ұқсамайды. Дәстүрлі коммуникация құралдарымен салыстырғанда Интернет мемлекетке монолог емес немесе жыртылмалы қарым-қатынас жүргізудің ауқымды арнасын (теледидар немесе баспа БАҚ), ал азаматтармен, шетелдік аудиториямен және ғылыми-сараптамалық қоғамдастықпен тұрақты диалог береді. Мұндай диалог мемлекеттің азаматпен, мемлекеттің азаматтық қоғаммен интеракциясының негізі болып табылады. Интернет-ақпарат көздерінің тұтынушылары саяси ойлау тұрғысынан сапалы түрде ерекшеленеді. Саяси диалог және онлайн режимінде әлемнің кез келген нүктесінен ақпарат алу мүмкіндігі адресаттың саяси ой-өрісін айтарлықтай кеңейтеді. Халықаралық паблик рилейшнз мәні мен салмағының өсу себептерінің арасында Лебедева келесі үрдістерді атап өтеді: «халықаралық қатынастардың жаһандануына және халықаралық қатынастардың барлық субъектілерінің өзара тәуелділігінің өсуіне ықпал ететін экономикалық, саяси және мәдени өмірдің интернационализациясы; халықаралық қатынастардағы қоғамдық пікірдің мәнінің өсуі; жаһандық проблемаларды шешуде және жанжалдарды шешуде халықаралық қолдау мәнінің өсуі; халықаралық қатынастар субъектілерінің ынтымақтастық пен экономикалық қатынастарды орнатудың қажетті аспектісі ретінде оң қарым-қатынасын қалыптастыру». Мемлекеттік билік органдарының, сыртқы істер министрлігінің және дипломатиялық өкілдіктердің ресми сайттарын егжей-тегжейлі зерттеу, интернеттің көмегімен мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы, мемлекет пен халықаралық қоғамдастық арасындағы диалогты оңтайландыру мүмкіндіктерін айқындау осы бағыттағы одан әрі зерттеулердің болашағы болуы мүмкін. Осылайша, қолданыстағы технологиялар елдің мемлекеттік саясатының оң имиджін жасауға, халықаралық аренада және халықаралық қоғамда мемлекеттің ұстанымын бекітетін жаңа оң сипаттамаларды іске қосуға мүмкіндік береді деп айтуға болады. Брендинг технологияларын пайдалану елдің барлық қызмет салалары өкілдерінің шоғырландырылған іс-әрекеттері оң нәтиже беруі тиіс қайталанбас және күшті бейнені жасауға бағытталуы тиіс, бұл мемлекеттің маркетингтік және PR-технологияларды қолдануының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Галумов Э.А. Международный имидж России: стратегия формирования. М.: Известия, 2003. 450 с
2. Сулакшин С.С., Хвилья-Олинтер Н.А. Отношение к России в мире// Труды Центра научной политической мысли и идеологии. Вып. № 8, январь 2015г. - М.: Наука и политика, 2015. 28 с.
3. Гавра Д. П. Внешний имидж государства: понимание, категории и структурные модели // Имидж государства / региона: современные подходы : новые идеи в теории и практике коммуникации: Сб. науч. трудов. Вып. 3 / [отв. ред. Д. П. Гавра]. – С-Пб.: Роза мира, 2009. – С. 3–17
4. Гравер А.А. Образ, имидж и бренд страны: понятия и направления исследования // Вест. Томск. ун-та. Сер. Философия. Социология. Политология. 2012. № 3 (19). С. 53.
5. Владимирова А.В. Страновойбрендинг и его отражение в глобальных рейтингах «мягкой силы» / А.В. Владимирова, В.А. Королев, А.А. Трунина // Вест.

международ. организаций: образование, наука, новая экономика. – 2014. – Т. 9, № 2. – С. 209 – 228.

6. Dinnie K. Nation Branding: Concepts, Issues, Practice. 2008. Burlington, P.

**ӘОЖ 37.017.4**

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ НАСИХАТТАУДАҒЫ ӘСКЕРИ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ**

**Қ.Б. Малдыбаев, Н. Е.Рахметов**

*(Ұлттық Ұлан академиясының Әскери педагогика және психология кафедрасы)*

Мемлекет басшысы өзінің Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру жолдауында 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынды.

Атап айтсақ жетінші бастама: Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту.

«Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты...», – дейді Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Республикасы қалыптасқан тәуелсіз мемлекет ретінде өз дамуының қазіргі кезеңінде одан әрі Конституциялық, экономикалық және рухани жаңғыру жолымен жүреді.

Қазіргі геосаяси ахуалдың негізгі даму үрдістерін талдау бүгінде әлемдік құрылымның жаңа көпполярлы моделі қалыптасатынын көрсетеді. Әлемдік үстемдікке үміткер елдердің қауіпсіздік, саясат, экономика және т.б. салаларындағы жеке мүдделері сәйкес келмейді, бұл олардың арасындағы Әлемдік және аймақтық деңгейдегі қарама-қайшылықтың тереңдеуіне және нәтижесінде әлемдік тұрақсыздық, соғыстар мен қақтығыстардың пайда болуына әкеледі.

Бірақ бүгінде еліміздің тұрақтылығы мен әл-ауқаты бәріне бірдей ұнай бермейді. Еліміздегі ахуалды тұрақсыздандыруға және қазақстандықтардың бейбіт және жасампаз еңбегін бұзуға тырысатын деструктивті және экстремистік күштер бар. Сонымен қатар, әлемдік рухани мәдениеттердің қарама-қайшылықтары мен әртүрлі құндылықтарды тану біздің рухани бастамамызға, ұлттық бірегейлігімізге, мәдениетімізге және өзіндік ерекшелігімізге қауіп төндіреді.

Атақты Батыс ғалымы Миго: «Біз әскери агрессияны тоқтата аламыз, бірақ дұшпандық идеология ағымының алдын ала алмаймыз», – деді.

Сондықтан Қазақстанның көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет ретіндегі нақты егемендігін қамтамасыз ету үшін қоғамның әрбір мүшесінің үміті мен ұмтылысына сәйкес келетін, баршаны біріктіретін біртұтас идеология қажет.

Осыған байланысты Қазақстан дамуының маңызды бағыттарының бірі ұлттық идея және мемлекеттік идеология болып табылады.

**Бүгінгі күннің өзектілігі келесі жағдайлармен анықталады:**

*Біріншіден*, қазіргі әлемде ақпарат стратегиялық ұлттық ресурсқа, мемлекеттің негізгі байлықтарының біріне айналуға. Алайда, ақпараттық технологиялардың тез

жетілуі, олардың адам өмірінің барлық салаларына енуі сөзсіз артықшылықтардан басқа бірқатар стратегиялық проблемалардың пайда болуына әкелді.

Олардың ішіндегі ең маңыздысы жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің және оның институттарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі болды. Осы саладағы процестерді талдау соғыстардың жаңа түрлерінің пайда болуын көрсетеді-ақпараттық, олардың жеңілісі қарапайым соғыстағы жеңілісімен салыстыруға болады. Ақпаратты, өзінің ұлттық рухани құндылықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ете алмау мемлекеттік институттардың, оның ішінде армияның ыдырауына алып келеді, кез келген қоғамның тарихи болашағына күмән келтіреді.

*Екіншіден*, Қазақстан Республикасының Әскери саясатын ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіндегі әскери БАҚ-тың орны мен рөлін нақтылау қажеттігі.

Соңғы жылдары біздің елімізде бұқаралық ақпарат құралдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Әскери БАҚ бұл процестерден тыс қалған жоқ. Оларда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Өзгерген саяси, экономикалық және басқа да жағдайлар әскери бұқаралық ақпарат құралдарының жеке құрамға, ең алдымен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланына саяси ықпал етудегі жаңа рөлін негіздейді. Сондықтан әскери қызметшілерді саяси әлеуметтендірудің қазіргі заманғы тетіктеріндегі олардың рөлін жаңаша түсіну қажеттілігі туындайды. Өйткені, армия-бұл Отанды қорғау институты ғана емес, сонымен бірге патриотизм, достық және батылдық мектебі.

Жыл сайын 10.000-нан астам жастар тек Ұлттық ұлан қатарына шақырылады, ал қаншасы келісімшарт бойынша және офицерлік лауазымдарда қызмет етеді, қызметкерлер және әскери қызметшілердің отбасы мүшелері.

Демек, ел азаматтарының үлкен әскері тәрбиелік ықпалда. Олар біздің жалпыұлттық мемлекеттік идеологиямыздың, мемлекеттің стратегиялық бағытының және оның аса маңызды даму бағдарламаларының үгітшілері ретінде әрекет ете алады.

*Үшіншіден*, әскери қызметшілердің саяси санасын қалыптастыру, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мәселелерінде әскери бұқаралық ақпарат құралдарының мақсаттары мен міндеттерін түзету қажеттілігі.

Әскери бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат пен саяси идеологияны жеткізу арналары ретінде ғана емес, сонымен бірге адамның саяси психологиясы мен мінез-құлқына әсер етеді, оның санасында мінез-құлық пен өмірдің белгілі бір заңдылықтарын, саяси процестер мен құбылыстарды қабылдауды қалыптастырады.

*Төртіншіден*, әскери қызметті саяси және моральдық-психологиялық қамтамасыз ету бойынша әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастырудағы отандық және шетелдік тәжірибені талдау қажеттілігі.

Қазіргі уақытта әскери қызметшілерді әскери БАҚ арқылы ақпараттандыруды ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесінде олардың қалыптасу процесіне оң әсер ететін көптеген шешімдер жинақталған.

Ұлттық ұлан мен Қазақстан Қарулы Күштерінің дамыған коммуникативтік ішкі жүйелері-республиканың әскери баспасөзінің тұтас жүйесін құрайтын газеттері бар. Бұл табиғи нәрсе, өйткені мемлекет институтының мұндай күрделі және маңызды бөлігі ақпараттық-коммуникативтік қолдаусыз, жеке құрамды тәрбиелеу құралдарынсыз, әскерлерде мемлекеттік идеологияны жүргізусіз өмір сүре алмайды. Сонымен қатар, әскери БАҚ әскери құрылымды басқаруға қатысады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери баспа басылымдарында шығарылады: апта сайынғы «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы, ҰҚК Шекара қызметінің «Отан сақшысы» «Часовой Родины» газеті және «Шекарашы» журналы. Қазақстанның Ұлттық ұланында да ведомстволық

басылымдар бар: «Қалқан» газеті, «Бүркіт» журналы және «Ұлттық ұлан жаршысы» оқу-әдістемелік құралдарының жинағы.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бастамасы бойынша 2013 жылдан бастап әрбір өңірлік қолбасшылықта өзінің шағын-баспаханалары ашылды, онда өңірлік қолбасшылықтардың әскери бөлімдерінің қызметтік-жауынгерлік қызметі туралы ақпараттық бюллетеньдерді ай сайын шығару жолға қойылды.

Сондай ақ, Ұлттық ұлан «Хабар» Агенттігі АҚ және «СИНЕМА» қазақстандық кинокомпаниясымен бірлесіп, өткен жылдың соңында еліміздің ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының рөлі мен мақсаты туралы «Алтыншы бекет» атты толықметражды көркем фильм мен телесериал түсірді.

Бұл жоба радикалды дәстүрлі емес діни ағымдарға қарсы күресте тиімді құрал бола отырып, терроризм мен экстремизмнің алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған.

2018 жылғы 20 ақпанда Астанада «Алтыншы бекет» көркем фильмінің тұсаукесері өтті және осыған ұқсас іс-шаралар еліміздің барлық облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалаларында өтті деп мақтанышпен айта аламыз. Сонымен қатар, Отан қорғаушылар күні «Хабар» телеарнасында 5 сериялы «Алтыншы бекет» телехикаясы өтті.

«Қазақстан» телеарнасымен «Қазбат» атты және басқа да көркем фильм жасау бойынша бірлескен жобалар жүзеге асырылып, 1995 жылғы 7 сәуірде тәжік-ауған шекарасындағы ішкі әскерлердің 17 әскери қызметкерінің ерліктері туралы баяндайтын көркем фильм түсірілді.

«Қазақстан» РТРК АҚ және «Хабар» Агенттігі АҚ-мен тәжірибе алмасу бойынша бірлескен іс-шараларды жариялау және өткізу, телевизиялық жобалар шығару және әскери-патриоттық тәрбиені насихаттау, ҚР Ұлттық ұланы ұйымдастыратын маңызды іс-шараларды жариялау мәселелерінде өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалған.

Осы ынтымақтастықтың арқасында соңғы жылдары Ұлттық ұланда өткізілген барлық негізгі іс-шаралар осы телеарналарда жарияланып келеді.

саласының арнайы зерттеу объектісіне айналды. Бұл салада нақты қалыптасқан терминологиялық база жоқ. Тілдік агрессия терминімен қатар, вербальді агрессия, коммуникативті агрессия ұғымдары да қолданылады. «Стилистикалық сөздікте» тілдік агрессия дегеніміз – бұл біреудің намысын, қадыр-қасиетін қорлайтын, жек көрушілікті, дұшпандықты білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану деп көрсетілген. Л.В.Енина тілдік агрессияны «адамның агрессивті жағдайына негізделген тілдік әрекеті» деп санайды. Оның пікірінше, тілдік агрессия мәтіндерде екі түрде көрініс табады: «біріншіден, автор адресатты агрессивті әрекеттерге тікелей шақырады. Екіншіден, автор тақырыпты көтере отырып, адресаттың агрессивті күйін қолдайды немесе агрессивті жағдайға итермелейді». Аталмыш ғалым журналистік мәтіндердегі тілдік агрессия сигналдарын үш позицияда қарастыру қажет деп санайды: лингвистикалық, лингвоидеологиялық және риторикалық талдау.

Е.Л.Вартанованың пікірінше, тілдік агрессия табиғи биопсихологиялық құбылыс ретінде агрессияның бір бөлігі. Зерттеуші тілдік агрессия коммуниканттардың әлеуметтік және психологиялық теңсіздігін қолдайды, адресаттың әлеуметтік мәртебесін төмендетуге, оның бағынуына және теріс эмоционалды әсерге бағытталған деп есептейді.

Т.А.Воронцованың пікірінше, тілдік агрессия қарым-қатынас кеңістігінің кез-келген саласын деформациялауға бағытталған.

Осылайша, тілдік агрессия ұғымы стилистикалық таңбаланған тілдік құралдарды қолданудан бастап, қарсыластың коммуникативтік әрекетін бұзуға дейінгі көп өлшемді құбылыс.

Тілдік агрессия әр түрлі коммуникативті салада көрініс табады: ойды жобалаудан бастап, мәтін құру тәсілдерінде, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарында [1].

Зерттеуші Ұлжан Атілғазы өзінің «Тілдік агрессия: түсінігі, зерттелуі» атты мақаласында осы тақырыпқа қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен пікірлерді, саралай келе, тілдік агрессияның себептерін, сипатын анықтап, тұжырымдар жасаған: біріншіден, тілдік агрессияның басты себебі – қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның жоқтығы, тілдік қолданыстардың сүзгіден өтпеуі. Өйткені балалардың санасында мұндай сөздер жалпы халыққа ақпарат тарататын орындардың өзінде қолданылса, демек ол дұрыс деген түсінік қалыптасады; Екіншіден, орта сыныптардағы оқушылар тілдік агрессияға ұшырағанда шағымданады, оның жағымсыз екенін сезінеді. Мұның себебі осы жастағы оқушылар ересектер көмегіне жиі сүйенеді. Үшіншіден, баланың жаратылысына байланысты әлеуметтік ортадағы кері әсеріне тез бейімделуі, балаға тәрбие беретін адамдардың жиі ауысып тұруы, тәрбие процессінің педагогикалық тұрғыдан төмен және жүйесіз болуы, әлеуметтік тұрғыдан теріс мінез-құлықты дамытатын айналадағы жат ағымдардың «субкультураның» болуы - осының бәрі қазіргі жасөспірімдерде агрессиялық мінез-құлық тудырады. Саналы өмірін адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуге, түзу жолды көрсетуге арнаған Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сөзінді түзе – ол әдетіңе айналады. Әдетінді бақыла – ол мінезіңе айналады. Ал мінезің сенің – тағдырың» деген [3]. Олай болса, БАҚ оқырманының да, тілшінің де өзіндік мәдениетін (ақпаратты жеткізу мәдениеті, пікір білдіру мәдениеті) қалыптастырады.

Тілдік агрессия – қорқыныш, үрей, қоқан-лоқы сынды теріс-эмоционалды-психологиялық жағдайды тудыруға бағытталған мақсатты коммуникативті әрекет.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірді телеарна, радио, баспасөз, ғаламтор және әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдары тілдік құралдарды, оның ішінде тілдік агрессияның әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, қоғамдық пікірді қалыптастырады. Бір байқағанымыз, қазіргі таңда көптеген

журналистер телебағдарламаларының, журналистік материалдарының рейтингтерін жоғарылату мақсатында тілдік агрессияға жол беріп, оқырман не тындарманның назарын аударту үшін этикалық нормаларды бұзып жатады. Жария ететін материалдарында теріс ақпаратты көп қолданып, аудиторияға әсер етеді.

БАҚ-тағы тілдік агрессия бірнеше әдіс тәсілдер арқылы көрініс табуы мүмкін. Бірі біреуді қаралау мақсатында жазылған тікелей тілдік агрессия арқылы таралса, енді бірі қауесет, жалған ақпаратқа негізделген жанама тілдік агрессия.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тілдік агрессияны білдірудің тікелей әдісі – лексика. Көбіне бағалау тұрғысынан ақпаратты сол қалпында жеткізу үшін қолданылатын тілдік әдістер баспасөзде, әсіресе, мақала тақырыбында көптеп кездесіп жатады. Мысалы, qazaquni.kz сайтында жарияланған «Ақтауда бомж қыз баланы ойыншық тапаншамен қорқытып, ақшасын тартып алған» атты мақалада «*бомж*» сөзі қылмыскердің әлеуметтік орнын көрсету үшін пайдаланылған жаргон сөз [4, qazaquni.kz сайты, 2014 ж, 29 қыркүйек].

Көптеген төртінші билік өкілдері журналистік материалдарының өзектілігін арттыру мақсатында теңеу, эпитеттер мен метафора сынды бейнелеуіш құралдарын да қолданып жатады. Газет беттерінде, әсіресе, сайт парақшаларында эпитет, метафора сынды тілдік құралдар арқылы жазылған материалдардан да тілдік агрессияны айқын аңғаруға болады. Мысалы, жақын арада «Азаттық Радиосы» сайтында жарияланған мақаланың тақырыбын талдап көрейік. Қаңтар оқиғасы кезінде қос жанарынан айырылған азаматтың жан-айқайы сөз етілген мақалаға «Итше жетектеп, басымнан ұрды» деген тақырыпша қойылған [5]. Бұл жерде «*Итше жетектеп*» агрессиялық формада қолданылып тұр. «Итше» деген сөз арқылы адамды үй жануарына теңеп, кейіпкердің көрген қорлығын әсіре көрсетіп тұр.

Агрессиялық сарын оппозициялық бағыттағы басылымдарда айқын аңғарылады. Мысалы, 2021 жылдың 14 қыркүйегінде «Дат» газетінің электронды сайтында «*Еститін үкімет-САҢЫРАУ*» атты мақала жарияланған болатын [6]. Қандай назар аударарлық тақырып десеңізші... Үкіметтің кеңейтілген отырысында президент Қ.Тоқаевтың үкімет «еститін мемлекетке» айналуы тиіс деген болатын. Осы сөзден кейін халықтың мұң-зары шенділерге тез жетер деп ел үміттенгені рас. Бірақ, мына мақаладағы агрессиялық тоннан, автордың «саңырау» сөзін қолданғаны арқылы «еститін мемлекет» феномені қалыптаспағанын аңғарамыз. Аталмыш мақалада бейбіт шеру кезінде алаңға шығып, наразылығын білдірген халықтың жан-айқайына құлақ аспаған билік өкілдерінің іс-әрекеттерін «ет өлген» мәселе деп таныған.

Тілдік агрессия бірнеше әдістер арқылы таралатыны белгілі (қорқыныш, үрей, қоқан-лоқы, бұйыру, келеке ету және т.б.). Агрессияның барлық формасы бұқаралық ақпарат құралдарында кездеседі. Мысалы, «Дат» газетінің тағы бір санында «*Ешкіге сырнай не керек?*» атты мақала жарық көрген [7]. Болашақ ғаламдық жобаны әйнек пен терезеге теңеп, жобаның сапасы сын көтеретініне күмән келтірілген.

Әрине, тілдік агрессия тек баспасөз беттерінде ғана емес, сонымен қатар кез-келген ақпарат құралдарында кездеседі. Көшті бастап тұрған телеарналар екендігі айтпасада түсінікті. Егерде журналистер баспасөзде тілдік агрессия арқылы оқырманның назарын аудартып, өнімдеріне ерекше реңк бергісі келсе, телевизиялық арналарда мүлдем басқаша. Бұл жағдайларда көрермендер мен шақырылған қонақтар эмоцияларын ұстай алмай, агрессия танытып жатады. Мысалы, «Астарлы ақиқат» бардарламасына қонаққа шақырылған визажист пен сарапшы арасында жан-жал туындаған болатын [8]. Бетіне бояу жағып, ұлттық бас киімді киіп отырған ер жігітке сарапшылар тарапынан «*Енді тағы қазақ киімін қорлап, кисең өз обалың өзіңе*» сынды бопсалау жасалған. Міне, телеарнадағы тілдік агрессияның бір мысалы.

Барлығымыз байқағандай, көбіне тілдік агрессия орын алатын бағдарламалар-ойын- сауыққа арналған бағдарламалар. Еуразия Бірінші арнасында көрсетілетін «Qoslike» және «Бір болайық» бағдарламаларында қатысушы мен үміткерлер тарапынан біраз жағымсыз сөздер айтылып, төбелес, ұрыс-соғу сынды жан-жалдар да болып тұрады.

Иә, қазіргі кезде салмақты, интеллектуалды бағдарламаларды салыстырып қарасақ, агрессия бағдарламалардың рейтингтеріне де әсер етіп жатқандығын байқауға болады. Мысалы, Қазақстан телеарнасында көрсетілетін пайдалы «Теледәрігер» бағдарламасы- Youtube желісінде 1.4-1.5 мың қаралымға ие болса, «Qoslike» бағдарламасының қаралымы 600 мыңға дейін қаралымға ие. Әлеуметтік желідегі парақшалары да дәл солай. «Теледәрігер» бағдарламасының инстаграмм парақшасында оқырман саны 26.1 мың болса, «Qoslike» парақшасында 630 мың оқырман екен. Бір-бірін жерден алып, жерге салып жататын, бейнорматив лексиканы қолданып, қоғамға жат тақырыптарды қозғайтын телебағдарламалардың рейтингі миллионнан астам қаралымға ие. Ал «Жүзден жүйрік» интеллектуалдық бағдарламасының қаралымы жеті мыңнан жиырма алты мың аралығында ғана. Бұл көрсеткіштерден жастардың қазіргі қалайтыны әрі қарайтыны жеңіл-желпі бағдарламалар, ұрыс-керіс, балағат сөздер екенін көрсетіп отыр. Бүгінгі жас ертеңгі қоғамды құрайтынын ескерсек, бұқаралық ақпарат құралдарындағы агрессия мәселесі мемлекеттік мәселердің күнтізбесіне ену қажеттігін аңғартады. Бұл мәселемен бүгін күреспесе, ертең кеш болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, тілдік агрессия адамдардың түрлі түсініктемелер мен ойларға қарсылығын білдіреді. Әлеуметтік желіде адамдар журналистер мен билікке ғана қарсылығын білдіріп қана қоймай, сонымен қатар, өзінің жеке ойы мен позициясын анық көрсетеді. Комментатордың пікірі комментарий жазған қолданушыныкімен бірдей болса, оны қолдап «лайк басса», ал пікірлер сәйкес келмеген жағдайда балағат сөздермен тілдік агрессия танытып, қарсылық көрсетеді.

Байқағанымыздай, полемика барысында әртүрлі және әсер ететін ерекше тілдік құралдарды қолдану оған сыртқы эффект сыйлайтыны рас. Тілдік агрессияның әдістерін сәтті қолдану мүмкіндігі оқырманды тандандыруға, бір сәтте оны өз жағына тартуға мүмкіндік береді. Алайда, дау-дамайда жеңіске жетуге деген ұмтылыс талқыланатын мәселенің мәнін түсінуге тырысқанда кедергі болуы мүмкін. Полемикалық материалдардың агрессивтілігі қоғамдағы агрессия деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді, яғни жанжалды жеңу мүмкіндігін жоққа шығарады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қысқа мерзімді коммуникативті жетістік болашақта үлкен коммуникативті сәтсіздікке айналуы мүмкін.

#### Әдебиеттер:

1. Яковлева Ю.В. Проявления речевой агрессии на страницах российских газет (полемика 2015 г. об опере «Тангейзер») // Медиаскоп. 2016. Вып. 2. Режим доступа: <http://www.mediascope.ru/?q=node/2098>
2. Бандура А. Агрессия и агрессивность. Москва, 1999.
3. Ұлпан Атілғазы. Тілдік агрессия: түсінігі, зерттелуі. Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) # 1 (58), 2019.
4. <https://qazaquni.kz/kogam/29421-tauda-bomzh-yiz-balanyi-oyyinshyi-tapanshamen-yit-yip-shasyin-tartyip-al>
5. <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-torture-yermek-abdreshev/31716345.html>
6. <https://datnews.info/%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%82%D1%96%D0%>
7. <https://www.nur.kz/society/1823412-kazahstanskij-vizazist-v-tubetejke-i-s-krestom-polucil-posecinu-v-efire/>

8. Бандура А. Агрессия и агрессивность. Москва, 1999.
9. Ениколопов с. Н. қазіргі психологиядағы агрессия ұғымы / С. Н. Ениколопов // қолданбалы психология. – 2001. – № 1. – Б. 60-72.
10. Енина Л. В. Тілдік агрессия және сөйлеу толеранттылығы –бұқаралық ақпарат құралдары 2002. Б.104-110.

**ӘОЖ 691.33**

## **БАҚ-ТАҒЫ ТІЛДІК ОЙЫН: МӘТІН ҚҰРУ МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ ДИСКУРСИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Ж.Бейсенбайқызы**

*(Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері  
университеті)*

Тілдік ойын қазіргі ғылымда әр түрлі аспектілерде қарастырылады - лингвистикалық, мәдени, коммуникативті, семиотикалық және т.б. сынды салалар. Бұқаралық ақпарат құралдары бүгінде өз заңдылықтары бойынша жұмыс істейтін, дамып келе жатқан және қоғамдық пікірге, әлеуметтік институттар мен мәдениетке әсер етудің нақты тетіктері бар жаһандық коммуникативті ортаны құрайды. Дәл осы дискурсивті ортада бұқаралық коммуникативті әсер ету құралдарының бірі ретінде тілдік ойынға тұрақты «сұраныс пен ұсыныс» бар. Бұл тұрғыда тілдік ойынның лингвистикалық құралдарын ғана емес, сонымен қатар оның әр түрлі дискурсивті-прагматикалық қызметте ойын тәсілдерін оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін мәтін құраушы мүмкіндіктерін зерттеу өзекті міндетке айналады.

Қазіргі уақытта жалпы ойын және оның ішінде тілдік ойын құбылысы қазіргі заманғы ойлаудың бірқатар ықпалды тенденциялары үшін тәуелсіз зерттеу пәніне айналды, бұл, шамасы, постмодерндік дәуірдің құндылықтарын бекітумен байланысты болса керек.

Ойын туралы негізгі зерттеудің (*Homo ludens*, «Ойнайтын адам», 1938 ж.) авторы Дж.Хузинга «еркін және әділ» «ойын» ретіндегі мәдениеттің әмбебап тұжырымдамасын жасайды, соңғысын «ерікті» деп анықтайды. Белгіленген орын мен уақыт шегінде ерікті түрде қабылданған, бірақ міндетті түрде міндетті ережелерге сәйкес орындалатын, шиеленіс пен қуаныш сезімімен, сондай-ақ «басқа болмыстың» санасымен бірге жүретін өз алдына мақсат қоятын әрекет немесе қарапайым» өмір.С.Миллер ойынға танымның ерекше формасы мәртебесін береді, ал Дж.П. Сартр – адам бостандығының өмір сүру формалары. Француздық постмодерндік теоретик Дж.Ф. Лиотар сөйлеу - бұл ойнау, жаңа әдістерді, сөздер мен өрнектерді ойлап табудан ләззат алу деп атап өтеді. «Үлкен энциклопедиялық сөздікте» ойынға «мотив оның нәтижелерінде емес, процестің өзінде жатқан өнімсіз әрекет түрі» деп түсіндіріледі. «Ең жаңа философиялық сөздік» ойынның кез келген түрінде екі негізгі қағиданың болуын атап көрсетеді: «Олардың біріншісі ойыншылар мен бақылаушылардың өткір эмоционалды тәжірибелерімен, қозған-экстатикалық күйге жетуімен байланысты; екіншісі, керісінше, ұтымды сипатқа ие, оның шеңберінде ойын ережелері нақты белгілеп және оларды сақтау қатаң талап етіледі»

Л.Витгенштейннің лингвофилософиялық концепциясынан бастау алатын «Тіл ойыны» терминін қолдану философияда да, лингвистикада да үлкен және бай дәстүрге ие.Витгенштейннің өзі тілдік ойын арқылы «бір тұтас тұтастық: тіл және оның өзара байланысқан әрекеттері» деп түсінген [с. 176-179, №1]. Осылайша, ол кез келген тілдік

мағыналарды белгілі бір әрекет процесінде сөздердің контекстік қолдануымен байланыстырды: «тілде сөйлеу – әрекеттің немесе өмір сүру формасының құрамдас бөлігі»[с. 90, №1]. Отандық тіл білімінде тілдік ойын термині Е.А.Земская, М.В.Китайгородская, Розанованың еңбектері жарияланғаннан кейін кең ғылыми қолданысқа енді.

Бұл терминмен белгіленетін тілдік құбылыстардың өзі біршама ұзақ зерттеу тарихына ие болғанымен. Бұл жұмыста көрсетілгендей, бұл «сөйлеушінің сөйлеу формасымен «ойнайтын» құбылыстар, сөйлеу формасына еркін қатынас эстетикалық тапсырма алатын кез. Лингвистикада философиядан айырмашылығы, тілдік ойынның мазмұны әдетте сөйлеу бірліктерінің прагматикасымен емес, олардың құрылымымен және стилистикалық қызметімен корреляцияланады. Тіл ойынының қазіргі заманғы зерттеулері негізінен оның құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін әртүрлі функционалдық контексттерде, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында анықтауға бағытталған.

Бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде тілдік ойынның кеңінен қолданылуы қазіргі ақпараттық кеңістіктің жарқын белгілерінің біріне айналды. С.И. Сметанинаның айтуынша ойынның «вирусы» бүгінде «теледидар мен баспа БАҚ-тың ақпараттық-аналитикалық материалдарына» еніп кетті [с. 179, №1].

Бұл құбылысқа ғылыми қызығушылық та соншалықты белсенді. Қазіргі орыс тіл білімі медиамәтіндерді (көркем әдебиетпен және басқа мәтіндермен бірге) тілдік ойынды зерттеу үшін тілдік материалдың көзі ретінде пайдалануымен де, олардың құрылымы жағынан БАҚ-тағы ойын техникасының ерекшеліктерін ерекше қарастыруымен де сипаттайды [с 74, №2].

Тіл ойынының функциялары мен олардың иерархиясы туралы мәселені шешуде ойынды «өнімсіз әрекеттің» бір түрі ретінде түсінуге негізделген көзқарас, оның мотиві оның нәтижелерінде емес, процесінің өзінде» басым болады. [Большой энциклопедический словарь, с.434, №3]. Осы көзқарасқа сәйкес жетекші «жаңалық формасына, екпінді айтылғаннан оның қалай айтылғанына ауысу» қатынасынан туындайтын эстетикалық функция ретінде танылады. Ғылыми әдебиеттерде кездесетін бұл функцияны терминологиялық белгілеу нұсқалары, мысалы, «поэтикалық» [с. 178, №2,] және «ойын-сауық» [с.9, №5], құбылыстың мәніне түбегейлі әсер етпей, оны түсінуге қосымша реңк береді.

Қарым-қатынас жеңілдігін арттыру, ойды жеткізудің нәзік тәсілдеріне көшу, біреудің сөзіне еліктеу, сөйлеуді «жұмсарту» қызметі, тыңдаушының назарын өзіне аудару, т.б. да эстетикалық қызметтің сорттары деуге болады [с.286, №6].

Тілдік ойынға арналған шығармаларда эстетикалық қызметтен басқа да бірқатар қызметтер көзге түседі. Мысалы, В.З.Санников оқыту (тіл ойыны – «әдебиеттің тамаша мұғалімі»), камуфляж және психотерапевтік функциялар («күлкі қоршаған зұлымдықпен күресудің жалпыға қолжетімді жалғыз тәсілі») туралы айтады [с. 9, №7], сонымен қатар ол азайту (басқа зерттеушілердің терминологиясында беделін түсіру). Е.А. Земская және оның әріптестері сөйлеуші өзі айтып отырған нәрсеге өз көзқарасын білдірсе, тілдің эмотивтік (экспрессивті) қызметін жүзеге асыру үшін тілдік ойынды қолдану туралы жазады [с. 174, №8].

*«Президент фонда «Общественная альтернатива» Касьянов пригласил известных экономистов и социологов для обсуждения «развилки экономической политики – 2006». Альтернативной экономической политики собравшиеся не представили». Яғни «Қоғамдық альтернатив» қорының президенті Касьянов «Экономикалық саясаттағы айырықтар – 2006» тақырыбын талқылауға белгілі экономистер мен әлеуметтанушыларды шақырды. Қатысушылар балама экономикалық саясатты ұсынған жоқ. [Ведомости. 12.04.06 журналынан]. Бұл есепте тілдік ойынның*

екі әдісі қадағаланады: микроформалар және сюжетті түрлендіру, ал ойын эффектісін жасаудағы басты рөл екінші әдіске тиесілі. Атап айтқанда: мәтіннің логикалық-семантикалық макроқұрылымы деңгейінде алданған күтудің әсері салынады. Күшті айдар позициясында да, негізінен үкімнің көлемі жағынан да өз алдына жаңалық мәртебесі жоқ факт. Бұл мәлімдеме іс-шараның дамуы мен оның нәтижелері туралы кейінгі хабарламаны білдіреді: форумның репрезентативтілігі, жарияланған тақырыптар мен мақсаттардың амбициясы айтарлықтай нәтиже күтуді тудырады. Алайда, көріп отырғанымыздай, нотаның сюжеттік құрылымында ондай нәрсе жоқ. «Нөлдік нәтижеге» екпін беру арқылы бұл жерде жаңалық фактісін ұсыну мен қабылдаудың жалпы қабылданған «сюжеттік» схемасы бұзылады, осылайша маңызды жаңалықтардың жоқтығына теріс прагматикалық әсері бар оқиға мәртебесі беріледі.

Сонымен, функционалдық тұрғыдан алғанда, жаңалықтарды жеткізудің ойын формасы реципиентке коммуникативті әсер етуді оңтайландыруға бағытталған. «Ойынның эстетикасы» ақпаратты қабылдауды психологиялық тұрғыдан жеңілдетеді, бірақ сонымен бірге оқырманның «әңгімелесуші» – делдал көзқарасына деген сенімін арттырады. Осылайша, ойын техникасын қолдану қазіргі БАҚ дискурсында тілдік ойынның белсенді қолданылуын анықтайтын «объективтілік – манипуляциялық» ауқымында ақпаратты түрлендіру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Демек, тілдік ойынның мәтін құраушы механизмдері газет жаңалықтарында ойын микроформалары, композициялық блоктар және ойын сюжеттік трансформациялары арқылы жүзеге асады. Ойынның әсерге бағытталған функционалдық бағыты, бірден (қоғамдық пікірді қалыптастыру) және ұзақ мерзімді (дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру) қолданылатын ойын әдістерінің бүкіл эстетикалық мүмкіндіктерін бағындырады. Бұқаралық коммуникацияның дискурсивті кеңістігіндегі тілдік ойын өзінің заманауи түрінде постмодерндік эстетика мен дүниетанымның феномені бола отырып, оның мәтіндік бейнеленуі мен БАҚ-та қызмет ету ерекшеліктерін анықтайтын ақпараттық әсер етудің ең тиімді құралдарының біріне айналады.

### Әдебиеттер:

1. Санников В.З. Об истории и современном состоянии русской языковой игры // ВЯ. 2005.
3. Большой энциклопедический словарь. С. 434.
4. Сметанина С.И. Медиа-текст в системе культуры.
- 5 Санников В.З. Об истории и современном состоянии русской языковой игры.
6. Клушина Н.И. Общие особенности публицистического стиля // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования: Учебное пособие / Отв. ред. М.Н. Володина. М., 2003
7. Санников В.З. Об истории и современном состоянии русской языковой игры.
8. Земская Е.А. и др. Указ. соч..

## ҚАЗІРГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ

**А.Ж.Серік, А.М. Шурентаев**

*(А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті)*

Ұзақ жылдар бойы бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет тәрпынан толық бақылауға алынды. Ол тәуелсіз елдің саясатын алға жылжытуға ықпал ете алады. БАҚ-тың қалыптасқан қазіргі түрі тікелей экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірдені өзгерістермен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының инновациялық бағыт, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет әдеуметтік қажеттілікті тудырады. Журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы айта отырып, аудиторияның білу құқығы мен журналистің есеп беру арасында әрдайым таңдау жағдайы туындайтынын, яғни шешім қабылдау қажеттілігі-этикалық, моральдық, әлеуметтік екенін атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, таңдау еркіндігі бар жерде қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік сөзсіз болады. Журналистің әлеуметтік жауапкершілігінің тағы бір аспектісі – алынған ақпаратты аудиторияның қабылдауына әсер ету. Яғни, бұл журналистке байланысты материалдың қандай формада берілуіне қатысты. Тағы бір нұсқасы бір ақпаратты асыра сілтеудің қажеті жоқ. Кейбір жаңалықтар ойлануды, қоғамға қалай түсінікті етіп таратуды талап етеді. Журналист өзінің қызметінің салдары түрінде туындауы мүмкін нақты қауіптерді түсінуге және ықтимал қауіпсіздік шараларын қарастыруға міндетті [1].

БАҚ бүгінгі қоғамды билік қызметі туралы ақпараттандырудың тиімді арнасы болып табылады. Бұл республиканың ақпараттық кеңістігінің аса маңызды әлеуметтік институты мен жүйе құраушы факторы. Қазіргі таңда журналистер ақпаратқа қол жеткізу еркіндігі, оған қоса жеке құпияны қорғаумен байланысты өзекті проблемаларды зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Шын мәнінде, еркін қоғамда кейбір елдерде мемлекет алдында арнайы міндеттері жоқ, өйткені баспасөз бостандығы доктринасы бар. Әрине, журналистерге арналған арнайы заң талаптарына сай жұмыс атқарылуы тиіс. БАҚ-тың саясатқа қатынасы- бұл үлкен мәселе, өйткені баспасөз бостандығы деген демократиялық институттардың басты талаптары. Саясат – бұл қалыпты нәрсе, иә, бұл ауқымды тақырып, оқылым, қаралым жинаудың ерекше көрінісі. Алайда, одан өзге де қоғамдық оқиғалар маңыздылығын ұмытпау қажет.

Қоғамның пікірінше журналист не істеу керек:

- халыққа не болып жатқандығы жайында ақпарат беру;
- азаматтар мен үкімет арасындағы байланысты қамтамасыз ету;
- қоғамның негізгі ұйымларының тұрақты жұмысын қолдау;
- ұлттық мүддеге қызмет ету;
- дағдарыс және төтенше жағдай кезінде көмек көрсету.

Алайда, қоғамның үміттері баспасөздің бостандығы мен тәуелсіз болуына қатты қайшы келеді. Журналист мемлекет тарапынан қысымға ұшырау жайттары да аз емес[2].

Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері тек БАҚ-қа тән қасиеттерге ғана емес, сонымен бірге үнемі жетілдіріліп отыратын техникалық мүмкіндіктерге де байланысты. Мұндай жағдайда ерекше рөл атқаратын ҚР аумағындағы кәсіби этика кодексі, сондай-ақ кәсіби моральдық нормалар кешені. Қарым-қатынас этикасы, сөйлеу мәдениеті, соның ішінде журналистік қоғамдастыққа



тән қасиеттер кешені. БАҚ арасында қоғамның журналистерге деген сенімділігінің күші ғана емес, сонымен қатар оның сөз бостандығы, әділеттілігі үшін де қажет [3]. Журналистің моральдық бейнесі көбінесе қоғамдық санада деформацияланған, түрлі-түсті ақпарат пен әрдайым объективті бағалау аясында жағалып кетеді. Көбінесе біз журналистердің кәсіби дәлдігі жоқ деген сөзді естиміз. Біз журналистің қоғамға арналған ақпараты үшін жеке жауапкершілігі мен тәуекелділігіне назар аударғанымыз жөн. Осылайша кәсіби моральдық норма-бұл белгілі бір кәсіби қызмет саласындағы адамдар үнемі ұстанатын мінез-құлық ережесі, бұл-кәсіптің әр өкілі үшін міндетті моральдық заң ретінде қолданылады.

Журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы айта отырып, аудиторияның білу құқығы мен журналистің есеп беру арасында әрдайым таңдау жағдайы туындайтынын, яғни шешім қабылдау қажеттілігі-этикалық, моральдық, әлеуметтік екенін атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, таңдау еркіндігі бар жерде қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік сөзсіз болады.

Журналистік жауапкершілік үш түрге бөлінеді: әлеуметтік, азаматтық, құқықтық. Алайда, бұл түрлердің барлығы бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Мәселен, жалпы қоғам алдындағы міндеттемелер, қалыптасқан саяси және моральдық нормаларды қамтиды. Қазіргі таңдағы БАҚ қоғамға әсер етуші күш ретінде және оның әлеуметтік дәрежесін ескере отырып, кейбір этикалық қағидалардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Журналистің өзінің этикалық кодексі мен БАҚ заңына сай жұмыс істеу қажет.

Қоғамда түрлі қақтығыстар барысында, әсіресе қарулы қақтығыстар болған сәтте журналист алдында әлеуметтік жауапкершіліктің артатындығы рас. Біріншіден мұндай қақтығыстардың әлеуметтік саяси маңызы бар. Ал, екіншіден БАҚ жариялаған оқиғалардың барысында оларды шиеленістіріп те жіберуі мүмкін немесе керісінше пайдасы тиіп қалады. Жалпы айтқанда, бұл сәтте біржақтылықтан аулық болған жөн.

Қоғам өзі туралы және оған әсер етуі мүмкін барлық нәрсе туралы ақпаратты білуге құқылы. Бұл ретте аса маңызды мәні бар бұл ақпарат шын, нақты болуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті шынайы ақпарат беру және азаматтардың көпшілігінің ойын естілетіндей етіп қоғамдық талқылауды қамтамасыз ету.

Журналистің әлеуметтік жауапкершілігінің тағы бір аспектісі-алынған ақпаратты аудиторияның қабылдауына әсер ету. Яғни, бұл журналистке байланысты материалдың қандай формада берілуіне қатысты. Тағы бір нұсқасы бір ақпаратты асыра сілтеудің қажеті жоқ. Кейбір жаңалықтар ойлануды, қоғамға қалай түсінікті етіп таратуды талап етеді [5]. Журналист өзінің қызметінің салдары түрінде туындауы мүмкін нақты қауіптерді түсінуге және ықтимал қауіпсіздік шараларын қарастыруға міндетті. Кейде тіпті бір материалды жарияламас бұрын журналист тақырыбынан бас тарту немесе алдын ала қорғаныс әрекеттерін жасауы керек.

Билік қоғамға тұтастық, басқарушылық мүмкіндіктерін береді, оған қоса ұйым мен тәртіптің маңызды факторы ретінде қызмет етеді. Басқаша айтқанда, бұл қоғамның өміршеңдігін қамтамасыз ететін жүйені құрайтын элемент. Биліктің қысымымен әлеуметтік қатынастар мақсатты бола бастайды, басқарылатын және бақыланатын байланыстардың сипатына ие болады. Ал адамдардың бірлескен өмірі тәртіпке келтіріледі. Қазір мемлекеттік билік тақырыбында көптеген пікірталастар бар. Көптеген ғалымдар, теориялық заңгерлер мен практиктер мемлекеттік билік тақырыбында шексіз пікірталастар өткізеді, бірақ проблемаларды шешудің жаңа жолдары табылған жоқ. Мемлекеттік билік елді нақты басқару керек, халықаралық деңгейде де қатынастарды реттеуге арналған заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдауы керек. Мемлекеттік билік азаматтардың бостандығы мен теңдігін қамтамасыз етеді.

Оған қоса билік мен БАҚ арасында аса қатты байланыс сайлау кездерінде жүреді.

Бұқаралық ақпарат құралдары объективті жария етуді жүзеге асыруға міндетті:

- кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқаны жайында;
- кандидаттардың немесе саяси партияның ар-намысына, іскерлік беделіне нұқан келтіретін материалдарды немесе өзге де ақпараттарды жариялаудан аулақ болу;

БАҚ барлық кандидаттар мен партиялық тізімдерді ұсынуға және олардың сайлау барысындағы іс-шаралар туралы ақпарат таратуға міндетті.

Мемлекеттік биліктің негізгі міндеті, қоғамдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық үрдісті реттеу болып табылады. Бұл БАҚ жүйесіне ұқсас, өйткені оның функциясы көп жағдайда басқару және реттеу болып саналады. Сонымен қатар, БАҚ индустриясы мемлекетке бағынуға міндетті. Бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген іс әрекеттеріне әсер ететін мемлекет. Мәншікті БАҚ-ты сатып алу немесе оны жеке тұлғаларға сату биліктің араласуынсыз жүзеге аспайды [6].

БАҚ адам санасын басқара алады, халықтың көпшілігінің көңіл-күйі мен мінез-құлқына, сол арқылы саяси үрдістерге әсер етеді. Бүгінгі таңда саяси қызметті баспасөз, радио, теледидар немесе әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Олар елдің саяси басшылығының барлық салаларында өз орнын таба алды десек те болады. БАҚ түрлі сала да жұмыс істей алады, билік атынан болсын, оппозициялық топ болсын. Сондықтан, қоғамда әртүрлі саяси күштер арасында өз жағына тарту немесе саяси, экономикалық және басқа да мүдделер үшін ашық күрес жүргізіледі. БАҚ адамның белгілі бір саяси оқиғаларға деген көзқарасына ғана емес, сонымен бірге оның саясатты тұтастай қабылдауына да әсер етуі мүмкін. Иә, мүмкін журналистика мемлекетке бағынады, бірақ егер журналистика болмаса, мемлекет не болар еді? Қазіргі таңда бұл елестету қиын.

Мемлекеттік билік пен басқарудың түрлі институттары арқылы БАҚ мәртебесі мен қызметінің нормалары ел парламентінің заңдары, үкімет қаулыларын, Президенттің жарлықтарын қабылдауы арқылы айқындайды. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген әрекеттеріне әсер ететін мемлекет. Мысалы, мәншікті БАҚ сатып алу немесе оны жеке тұлғаларға, топтарға сату биліктің араласуынсыз мүмкін емес. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекет өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін жиі қолдана алады. Қандай да бір саулау науқаны барысында БАҚ-тың қоғамға әсері қандай болмақ. Әрине, мемлекет бұл туралы біледі және бір науқанның рейтингін көтеру немесе керісінше екіншісін төмендету үшін кейбір бұқаралық ақпарат құралдарын өзіне бағындырғысы келеді. Ең бастысы-сайлаушыларда осы саясат туралы дұрыс түсінік қалыптастыру. Бұл жағынан БАҚ-қа жүктелген міндет, жақсы орындалып шығады. Журналистика билікке қарағанда әлдеқайда жақсы әсер етуі мүмкін. Алайда, бұл институттардың теңдігі туралы айтудың қажеті жоқ. Сонымен, БАҚ әсер ету күші туралы қалай айтсаңыз да, қоғамның бұқаралық ақпарат құралдары туралы қалай даулассаңыз да мемлекет жетекші рөлді атқарып тұрады [4,119 б.]. Тіпті, мысал ретінде қантар оқиғасын қарастырсақ, 2022 жылдың 2 қаңтарында елімізде сұйытылған газ бағасының күрт көтерілуінен кейін наразылық басталды. Қазақстанның батысындағы газ өндіретін Жаңаөзен қаласында басталып, 3-4 қаңтарда Алматыға және елдің басқа қалаларына да тарады. Халық шеруге шығып, экономикалық талаптардан үкіметтің отставкаға кетуін және елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатынан кетуін қамтитын саяси талаптарға көшкен болатын. Оған қоса, Алматыда наразылықтар жаппай тәртіпсіздіктерге, соның ішінде үкімет ғимараттарын өртеуге және тонауға көшкен болатын, ал билік қаланы бақылауда ұстай алмады. Президенттің бұрынғы резиденциясы өртенді, әуежайды басып алды. Елімізде төтенше жағдай режимі жарияланды-алдымен кейбір аймақтарда, содан кейін бүкіл ел бойынша. Бірнеше күн интернет бұғатталып, банк карталарының істемей қалуына әкеліп соқты. Осы оқиғаның барлығы 24/7 БАҚ хабарлап отырды. Тікелей

эфирге шығып, елімізде болған оқиғаны хабарлап отырған журналистердің жұмысы осы кезде қатты байқалды. БАҚ – билік пен халық арасындағы көпір екендігі көрінген болатын. Айтпақшы керек, дәл осы қаңтардағы оқиғалар жастардың жұмысқа орналасу және тұрғын үй сияқты жедел шешілуі қажет проблемалары бар екендігін анық көрсетті. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік құрылымдар жастар проблемаларын шешуге барын салуда. Өйткені болашақ жастардың қолында.

БАҚ күн сайын осы жерден туындайтын барлық салдарымен саяси коммуникацияның негізгі ортасы болып келеді.

Журналистиканың қоғамдағы рөлі өте зор. Соңғы уақытта журналистика экономикалық, саяси, құқықтық және басқа да салаларда өз орынын сақтай отырып алға жылжыды. Ол қоғамдық пікірді қалыптастырушы ретінде. Қазір ақпарат алу үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Тарихи өте маңызды оқиғаларды дәріптеп, қоғамдық пікір қалыптастыра отырып, журналистер әдетте қоғамда ерекше орын алатыны анық. Сөз бостандығы бар қоғамда журналистердің рөлі өте зор болады. Журналист қоғамның айнасы деп бекер айтпаған. Өйткені қоғамдық санаға әсер ету барлығының қолынан келе бермейді. Осылайша БАҚ арқасында қоғамдық пікір қалыптасады, оған қоса билік пен халық арасында байланыс орнайды. Қоғамдық пікір әрдайым әртүрлі саяси жүйелерге, мемлекеттік билікке, кез келген жаһандық проблемаға қатысты белгілі бір ұстанымға ие. Осылайша, қоғамдық пікір билік институттарына қатысты белгілі бір бақылаушы күш ретінде қажет. Келесі мысал, сайлау кезінде халық пікірін насихаттау, белгілі бір кандидатқа сенім дәрежесін көбейту емес, оған қоса өз ойларын айтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының тәжірибесінде қоғамның, қоршаған әлемнің берлігі бір құбылыстарына қатынасы бұқаралық санада оқиғаны теріс немесе оң реакция тудыратын жаңалықтар ағымына әсер ету. Журналистің міндеті көбінесе өз мақсаттары мен өзі ұсынатын ұйымның, редакцияның мақсаттарына жету болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, журналистика көптеген міндеттерді орындайтынын атап өткен жөн. БАҚ, шын мәнінде жаңалықтардың, оқиғалардың бүкіл көлемін көрсете алатын жалғыз дерек көзі болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Кобелянов А.С. Особенности взаимодействия государства и СМИ. – М., 2016. – 24б.
- 2.Пузанова Н.Н. Взаимоотношения СМИ и власти. - Москва,2011. – 98б.
3. Михайлов С.А. Журналистика и демократия. М., 2001. 352б.
- 4.Космодемьянская К.В. Власть и СМИ: взаимодействие или противостояние. - Москва,2014.-119б.
- 5.Фред С. Сиберт, Уилбр Шрамм және Теодор Питерсон. Баспасөздің төрт теориясы. 68б.
- 6.Нуртазина Р.А. СМИ и политика. – Астана, 2011. – 396 б.

## ТАЛАПТАН АХМЕТЖАННЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫРЫ, hӘМ ЖАЗУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**А.А. Жансапова**

*(С.Аманжолов атындағы ШҚУ студенті)*

Ахметжан Талаптан Зейнолдаұлының кіндік қаны 1961 жылы талай дарындар дүниеге келген Алтайдың ерке Күршімінің Теректібұлақ дейтін аядай ауылында тамды. Әлем әдебиетінің классигі Эрнэст Хэмингуейдің сөзіне зер салсақ, «әрбір қаламгердің шығармашылығына әсер етуші және шығармаларын оқырман қауымды жалықтармас фактор: болмаған балалық, туған жер, өскен орта», -дейді. Зейнолда әкейдің ат байлары өз өлкесінен ерте түлеп ұшып, туған жердің ыстығы мен қасиетін ерте жастан түсініп, шығармаларына арқау етті. Өзінің телерадиоға берген бір сұхбатында, «әкеміз Зейнолда Ахметжан елге сыйлы адам болған. Ол совхоздың жұмысынан қаншалықты шаршап келсе де, бізге батырлар жырын жатқа айтып, санамызға сіңіріп отыратын», -дейді. Байқаған оқырманға Талаптан Ахметжанның кейін шыққан әңгімелерінің де сыры мұңға толы.

Адам баласының болашақ мамандығын дүниеге келер шағында-ақ, маңдайына еншілеп беретіні рас сияқты. Олай деуімізге бірнеше мысал келтіре кетсек: Әйгілі орыс классигі Борис Пастернак Шаламовқа жазған хаттарында «Менің болашақ азап шегер жазушы боларымды кұрсақта жатып-ақ сезгем», -деген әңгімесі дәлел. Аздық етсе, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың :

«Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам.  
Қараңғылықтың кегіне,

Күн болмағанда кім болам», – деген өлеңі өзінің қысқа ғұмырында жарқ етер сәуле боларын сездіргендей. Әуелгі әңгімеге оралсақ, Талаптан да дәл солай. Өзінің жүйрік журналист, қабырғалы қаламгер боларын бала жастан сезгендей. Оған мысал: Әкесінің жатқа айтатын қиссалары әсер етуші фактор болса, кейін анасының мезгілсіз қайтыс болуы Талаптанды қағаз бетіне әкелгені шындық. Мейлі оқуын тәмәмдап басқа жолға түссе де, ақыр түбінде қағаз бен қаламға ораларын сезгендей. Талаптан Ахметжанның журналисттік қырына келер болсақ, белгілі жазушы Рахымжан Отарбаевтың сөзіне сенсек, жазушы-журналистте «ішкі қуат» деген терминмен әйдіктеген теңеуін ерте жастан үзілген Тәкен Әлімқұловқа еншілесе, Әкім Тарази «Болашақта осы баладан мықты жазушы шығады» деп батасын берген. Алматыдағы «Арман қанатында» атты дәстүрлі ұжымдық жинаққа жас Талаптанның алғаш «Айқасқа» атты әңгімесі жарық көрді. Әдепкі әңгімеге жанры да мазмұны да келіңкіремейді. Ал осы шағын әңгіме жөнінде Қайнар Олжай былай дейді: «Талайға арман болған сол басылымда болашағына үлкен бағдар болды. Ол жинаққа шығарма шыққанда шықпағанда арманда еді. Бұл кітаптың шыққанына 5-6 жыл тола бастағанда талантты сыншы Қанипаш Мәдібаева «Асыл арман аласармасын» деп мақала жазғанды. Ол мақаламен қатар Айқасқаны жұрт жаппай іздеп оқығаны бізге мәлім», – деп бағасын береді. Аталмыш әңгімені «Қазақ әдебиеті» газетінің ескі 16 санынан іздеп оқып көрдік. Жас күнінен бастап осындай биіктікте жазса, қалған ғұмырында қазаққа ескіrmес қаншама шығарма берді екен деген ой келді. Ал, Құдай тағала тағы бір мүшел жас қосып берсе ше, онда халықпен бірге жасайтын том-томдаған шығармалар берер

еді ғой. Өттең, бұл арман күйінде қалары өкінішті. Жерлес жазушы Асқар Алтай «Жалпы, Талаптан стиліне тән байсалды баяндау, кейіпкердің ішкі жан тебіренісін ашуда қолданатын сырлы сөз, сезімді баурап сурет оқырманын үнемі уысында ұстайды. Тілмен бейнелей көрсетуде де ойды дөп басатын теңеулер қолданады»

Журналисттің басты қасиеті тұлғадан сұхбат алу барысында белгілі тақырыпты өзі де егжей-тегжейлі білуі шарт. Және тұлғаны барынша сөйлету мақсатында қолданатын тәсілдерін айтуды жөн көрдік. Талаптан Ахметжанның Әкім Таразидан алған «Жан әлемі» сұхбатында ол тәсілдерді аңғарамыз. «Қазақ елінің арғы-бергі тарихына, әдебиетіне мәдениетіне рухани дүниесіне қатысты сан алуан тақырыптағы толғауларды шынайылығымен, тереңдігімен ой салады. Осы сұхбатта Тәкең, қасиетті Құран-Кәрімнен көптеген аят-сүрелерді келтіріп, имандылық тақырыбын бойына сіңіргендігін аңғартты. Алланың тағы бір сипаты – кіршіксіз тазалық, пәктік, дейді. Сол сауалда: Ендеше адам жаны да дәл сондай кіршіксіз тазалыққа жеткен кезде ғана Аллаға жақындамақ. Яссауи соны армандаған. Толстойдың да, Абайдың да хақ тілектері-ғадалет. Әрине, мұндай рухани биіктікке кез-келген жан иесі жете алмайды. Ол үшін қиын соқтықпалы-соқпақты жерде жетілу керек. Ондай жандар мыңмен жалғыз алысса да мойымайды. Алла сүйген құлдарына ешқан да тыныш ғұмыр силамаған екен. Оған пайғамбардың өмірі дәлел. Біздің балалық философиямыз Құранмен үйлесіп жатады.

Мінекей, осы сұхбатты оқып отырып, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафасы (сғс) ның өмірімен біздегі дінтанушы философтардың азапты баянын дәлел келтіреді. Әсте, ислам дінін шетке қойып, қазақтың өнегелі шалдарын да әңгіме желісінен тастап көрмеңгі. Талаптан Ахметжан редактор болып тұрған кездерде газет жанрында қандай өзгешіліктер болды. Қандай бағытқа жүрді. Шама-шарқымызша санап көрелік.

«Әдебиет айдыны» Қазақстан Жазушылар одағының үні, айдындағы ақ желкені болды. Ол тұста «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Простор» сынды басылымдар басқа мекеменің құзырында одаққа бағынбай кеткен кезең еді. Әдебиет айдыны ақиқат айнасын жұртқа жария етті. Шындықтың шырайын келтірді. Сөйте тұра ол басылымның ғұмыры өшіп, «Қазақ әдебиеті» газетіне қосылып алысқа жол салды.

Сөз өнерін сүйіп шығармашылық шабытпен шыңдалып мол жетістікті, жеңісті көздеген кез-келген журналистің оң жамбасына келетін белгілі бір жанры болады. Осы ойды өрбітсек журналист Талаптан Ахметжанның жанына жақын жанры-сұхбат десек дөп айтқанымыз. Себебі Талаптан Зейнолдаұлы әр сұхбатына сай кейіпкер болмысын мұқият зерттеп, зерделеп барып ғана оқырман санасын сәулелендіруге тырысқан. Сұхбат алу – өнер. Журналистің білімі, мәдениеті, тәжірбиесін айқындайтын алаң.

Иә, Талаптандай тұлғаның кемел ғұмыры шығармашылық аласармас асқары журналистика саласына сіңірген еңбегі оқырман қауымның көңіліне медет болар мұра болып қала бермек.

### Әдебиеттер:

1. Ахметжан, Т. Жан әлемі [Мәтін] : Сұхбаттар / Т. Ахметжан .- Алматы : Сөздік-словарь, 2006.- 240 б.
2. Ахметжан, Т. Шығармалар жыйнағы [Мәтін] / Т. Ахметжан. - Алматы : Жалын, 2006. - Т. 1 : Айсәуле. - 288 б.
3. Ахметжан, Т. Жан азығы [Мәтін] : [Мұқағали Мақатаевтың бір өлеңінің астарындағы ой] / Ахметжан Т. // Егемен Қазақстан. - 1998. - 7 ақпан.

## МАЗМҰНЫ

Шуланов Е. Кіріспе сөз.....	5
-----------------------------	---

### **ҚҰТТЫҚТАУЛАР**

Қабдұлдинов А.Т. ....	5
Жангулин Р. Асылдардың сынығы .....	6
Мәдениет СҚО инстаграмынан алынды, 12 сәуір 2022 жыл .....	6
Абишева В.Т. Память человеческая избирательна .....	7

### **1 СЕКЦИЯ. ҒАЛЫМ- ҰСТАЗ З.С. ТАЙШЫБАЙДЫҢ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЖОЛЫ**

Жақып Б. Алаш деп соққан жүрегі .....	11
Маликова С.З. Зарқын Тайшыбай - Қызылжар өңірінің тарихын зерттеуші ғалым.....	14
Асан Қ. Ғалым, публицист З.С. Тайшыбайдың Орталық және Солтүстік Қазақстан өңірлеріндегі журналистика мектебін қалыптастырудағы ағартушылық қызметі.....	17
Самрат Ж. Ғалым ғибраты.....	20
Төлеутай Е. Ұстаз туралы толғаныс.....	21
Ыбыраева А.Ғ. Академик зарқынсыздықұлытайшыбай - 80 жаста.....	26
Қартова З.К. Қызылжардың сырын да шының да ашқан ғалым.....	27
Шайкенова А. Ж. Тұғыры биік ұстаз.....	29
Сәуірбаева Ә.Ж. Ғалымның шығармашылық мұрасы.....	30
Амантайұлы Е. Ұстаз тағылымы .....	35
Садықанов Ж. М. Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай – Сарыарқа және Қызылжар журналистикасының рухани әкесі .....	37
Елеусизова Г.М. Зақанның кәусар бұлағынан нәр алдық.....	38
Төлешова Г.Қ. Тұлғатанушы.....	40
Қожахметова Л. «Қызылжар да кім бар» десе — Зарқын Тайшыбайды көрсетеміз.....	42

### **2 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҮЛГІСІ**

Нұрмағамбет Ж.М., Шурентаев А.М. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен тәуелсіздігі.....	43
Тілеубай Т. Бізге қандай «бақ туралы» заң керек?.....	46
Маркабаева Г.Т. Ақпараттық қоғамда коммуникация элементтерінің көрініс табу мәселелері.....	49
Маркабаева Г.Т., Сапарбекова Н.М. Коммуникациялық ортада ел имиджін қалыптастыру технологияларын қолдану мәселелері.....	54
Малдыбаев Қ.Б. Рахметов Н. Е. Қазақстандық патриотизмді насихаттаудағы әскери бұқаралық ақпарат құралдары.....	58
Божко Л.А., Машкова С.Н. Дезинформация и информационные войны в СМИ.....	62
Головки А.О., Машкова С.Н. Нарушение этических норм в рекламе.....	67

Адилбек О.Д., Тогузбаев С.У. Роль журналистики в современном обществе. Проявляемые требования к профессии журналиста и ответственность за достоверность излагаемой информации.....	72
Оразов Е.Е., Рудина А.Н. Исследование пр и рекламных технологий медиарынка северо-казахстанской области.....	74
Оразов Е.Е., Рагимова Л.А. Конвергенция телеканалов «МТРК», «Qyzyjjar», «Первый Северный» и социальных медиа в условиях интегрированных коммуникаций.....	79

### ***3 СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ***

Махмутов З.А. Конфронтационный дискурс в современной публицистике: основные концепты.....	84
Исмурзина Г. Б. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы публицистика.....	88
Мұханбетжанова А.Р. Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік агрессия құбылысы.....	90
Бейсенбайқызы Ж. БАҚ-тағы тілдік ойын: мәтін құру механизмдері және дискурсивтік ерекшеліктер.....	94
Серік А.Ж., Шурентаев А.М. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі.....	97
Жансапова. А.А. Талаптан ахметжанның журналистік қыры, һәм жазудағы ерекшеліктері.....	101